

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

Езуіңді  
еркіне  
жіберсей!..

Одан-бұдан:

әзіл-оспақ,

әжуа-сықақ

«бас қосқан» жинақ



«Тоғанай Т»

Алматы

2017

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84(5Қаз)-7**

**Қ 12**

*Карикатуралардың авторы -  
суретші Нұрлан ТАЗАБЕКОВ.*

**Қабышұлы Ғ.**

**Қ 12 Езуінді еркіне жіберсей.** Аударма әзіл-сықақтар / Ғаббас  
Қабышұлы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. 152 бет.

**ISBN 978-601-7853-10-5**

Автордың бұл жинағына қазақстандық және ресейлік кітап-журналдардан, интернет сайттарынан алынған әзіл-сықақ әңгімелер, қыжыртпалар (анекдоттар) аудармасы енгізілді.

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84(5Қаз)-7**

**ISBN 978-601-7853-10-5**

© Қабышұлы Ғ., 2017

© «Тоғанай Т», 2017

# 1. ӘЙГІЛІ АДАМДАРҒА ҚАТЫСТЫ...

Салтатты ақын Александр Сумароковқа күймесіне алты ат жеккен таныс алпауыт қарсы жолыға қалып:

– Ақындық пен надандықтың айырмасы бар ма? – деп даурыға сұрақ қойыпты.

– Бар, – дейді Сумароков.

– Е, иә, қандай?!

– Ақынды бір ат алып жүре береді, наданды алты ат әрең тартады.

\* \* \*

Мәскеудің әйгілі адвокаты Ф. Плевакоға бір көпес келіп, соттағы бір ісін дұрыстап беруді өтініпті.

– Жарайды, көрейін, қолдан келетін шығар, – дейді Плевако.

– Сөйтiнiзшi, Федор Никифорович, жарылқаушы жақсы ием өзіңіз болыңызшы, – дейді көпес.

– Жарылқаушы жақсы иеңіз бола алмаспын, әйтсе де, төлер ақыңыздың авансын беріп қойыңыз.

– Аванс деген не?

– Кепілдеменің не екенін, сомасын білесіз бе?

– Білем ғой...

– Аванс одан тура екі есе көп!

\* \* \*

Лев Толстой шағын әңгімелерінің біреуін бір журналға жолдайды да, арада екі апта өткенде редакцияға барып, әңгімесінің не күйде екенін сұрайды. Редактор оған салқын қарап қойып:

– Жазғандарыңыз жарамады, – депті.

– Неліктен жарамады? – дейді Толстой.

– Шынымды айтсам, қымбаттым, сіздің жазғаныңыз түкке тұрмайды. Бүйтіп қағазды ысырап еткенді қойыңыз. Оны-мұны жазам деп талаптануға тым кеш кіріскенсіз. Бұдан гөрі жасырақ кезіңізде бірдеңе жаздыңыз ба өзі?

- Жаздым. Бірнеше шығармам басылып шықты.  
– Е, ол қай шығармаларың?  
– Олар, мысалы, «Соғыс және бейбітшілік», «Анна Каренина».  
– Ондайларды оқыған емеспін.

\* \* \*

Жазушы атағын жамылған Арцыбашев деген біреу әлдебір жиында көпшілікке «Кек алушы» атты әңгімесін оқып беріпті. Тыңдаушылардың бірі кекесінмен:

- Сіз, сірә, Лев Толстойдың ізбасары шығарсыз, – дейді.  
– Шын ба?! – деп ыржалақтапты Арцыбашев.

\* \* \*

Адвокат Лохвицкий мен хирург-профессор Беллярминов: «Заң ғылымы бұрын шыққан ба, медицина ғылымы бұрын шыққан ба?» десіп сөз таластырыпты.

– Біздің кәсіп ең байырғы кәсіп деп білем, ол библия жазылған кезде шыққан. Библияда ең әуелгі қылмысты іс Каинның Авельді өлтіруі делінген ғой, – дейді адвокат.

– Сөзіңнің жаны бар, бірақ медицина ғылымынан ерте шыққан ештеңе жоқ, оған Адам-атаның қабырғасынан Хауана жасалғаны толық дәлел, – депті хирург.

\* \* \*

Данте Алигьериді қонаққа шақырған верондық кінәз келген бір сайқымазақтың қылығына елігіп күле беріпті де, ақынға оншама көңіл бөлменді. Меймандардың бірі жақтырмай: «Мұнысы несі?» деп қалғанда Данте: «Өзінің теңін тапқанға танданбаған жөн», депті.

\* \* \*

Ұрлығы үстінде ұсталып қалған бір кісі Демосфенге: «Мұның сіздікі екенін білмей қалдым, кешіріңіз», дегенде Демосфен: «Оқасы жоқ, өзіндікі емес екенін білдің ғой» депті.

\* \* \*

Ғылыми зор жаңалығы үшін лорд атағы берілген Ньютон лордтар палатасының мәжілісіне жиырма алты жыл қатысып жүріп бір-ақ рет сөз сұрапты. Оң қолын сәл көтере орнынан тұрған оған жиындағы ескікөздер таңдана қарасып: «Бәрекелді! Сөйлеңіз, не айтасыз?» дегенде ғалым: «Мырзалар, егер қарсы болмасаңыздар, анау форточканы жауып қоюды өтінер едім, залда өкпек жел пайда болды» депті де, орнына қайтадан жайғасыпты.

\* \* \*

Грек философы Диоген: «Ең қауіпті аң қайсысы?» деген сұраққа: «Жабайыларының ең қауіптісі – жалақорлар, ал қолдағыларының ең қауіптісі – жағымпаздар», деп жауап беріпті.

\* \* \*

Шәкірттерінің бірі Сократтан әрқашан көңілді жүруінің себебін сұрағанда ол: «Менің жоғалтып алатын дәнеңем жоқ», депті.

\* \* \*

Кеудесіне нан пісіп жүретін бір ақынсымақ «Ұрпақтарыма» деп атаған дастанын Вольтерге оқуға беріпті. Оқып шыққан Вольтер онысын қайтарып тұрып: «Өкінішке қарай, мұныңыз әдрісіне жетпейді», депті.

\* \* \*

Джоаккино Россиниге Италияның Пезаро қаласынан делегация келіп, қаланың орталық алаңына оның мүсінін орнатуды ұйғарғандарын айтады.

- Оған қанша қаржы жұмсалады? – дейді сазгер.
- Жиырма мың лирден аса.
- Сол ақшаны маған берсеңдер, тұғырда өзім-ақ тұрар едім!

\* \* \*

Әрі-сәрі бір әдебиетші Александр Дюмаға барады да:

– Егер қарызға 300 франк бермесең, өзімді де, екі баламды да өлтіремін! – деп қоқан-лоққы жасайды.

- Менде 100 франк қана бар.
- Менде 300 франк алғаннан басқа амал жоқ!
- Неге жоқ? Сен 100 франкты ал да өле бер, балаларың қала тұрсын.

\* \* \*

- Көшеде Бернард Шоуға бір былшиған семіз кісі кездесіп:
- Сізге қарағанда, бүкіл Англияны аштық жайлаған сияқты, – дейді.
  - Сол аштықтың себебі сіз сияқтысыз, – депті Шоу.

\* \* \*

- Жиында көңілденіп жүрген Марк Твен бір әйелдің қасына барып отырып:
- Сіз әдемі, көркем екенсіз, – дейді.
  - Ал мен сізді сымбатты дей алмаймын, – дейді әйел такаббарсып.
  - Онда менше өтірік айта салыңыз, – депті Твен.

\* \* \*

Марк Твенге көптен көңілі ауып, есі шығып жүрген бір келіншек оған: «А. бикеш сәрсенбі күні сағат 15 пен 18 аралығында өзінің үйінде болады» деп хат жазып жібереді. Марк Твен оған: «Сол аралықта мен де өзімнің үйімде боламын» деп жауап қайтарыпты.

\* \* \*

Саяжайын тонап кеткен ұрылардың ұсталғанын естіген сәтте Марк Твен басын шайқап: «Қап! Қор болғандарын-ай! Енді оларды конгреске мүше етіп сайлайды ғой?!» деп күйініпті.

\* \* \*

- Анатоль Франсқа бір келіншек келіп:
- Мен – стенографистпін. Минөтіне 150 сөз жаза аламын, – дейді.
  - Оу, сізге сонша сөзді қайдан тауып беремін? – депті жазушы.

\* \* \*

Бернард Шоудың бір көршісі әңгімелесе қалса— ақ тамұқ туралы небір қорқынышты жәйттерді айта береді екен. Сонысынан мезі болған Шоу бір күні оған: «Иә, жұмақтың аты жұмақ, тып-тыныш екен, біреуді біреу мазаламайды екен деседі, ал маған қасқасы мен басқасы көбірек, ырду-дырду мол болатын тамұқ ұнайды! – депті.

\* \* \*

Әртіст, режиссер Чарли Чаплиннің өнерін өте жоғары бағалайтын Альберт Эйнштейн оған хат жазып: «Сіздің «Алтын арпалысы» фильміңіз дүние жүзіндегі барша жұртқа белгілі, сіздің ұлы адам болатыныңыз сөзсіз. Өзіңізді ерекше құрметтеуші Эйнштейнніңіз», депті. Чаплин: «Мен сізді тіпті ерекше құрметтеймін. Сіздің салыстырмалық теорияңызды түсінген жан жоқ, ал сіз бәрібір атақты адам болдыңыз. Чаплин», деп жауап қайтарыпты.

\* \* \*

– Күйеуіңіз қандай кісі? – дегенге Эйнштейннің әйелі:  
– Ол – кемеңгер, қолынан бәрі келеді, бірақ ақша жасай алмайды, – депті.

\* \* \*

Бір үйде Тарас Шевченкомен бірге қонақ болған ақсүйек жұрттың көзінше ақынды кемсітпек болып, қоштасарда оған шынашығын ұсыныпты. Сонда Шевченко: «О, құрметтім! Маған мұнша көпті ұсынғаныңыз қалай? Мен артығын қайтарып берейін!» деп оған екі саусағының арасынан басбармағын қылтитыпты.

\* \* \*

Достарының бірі Пикассоға:

– Сенің суреттеріңді түсінуден қалдым, мына біреуің өмірде болмайтын нәрсе ғой? – дейд.  
– Сен қытай тілін білесің бе? – дейді Пикассо оған.  
– Білмеймін  
– Ал ол өмірде бар ғой?!

\* \* \*

Пикассо таңертең Лондонға барып түскен бетте вокзалда біреу оның сағатын жытыртып қойыпты. Суретшіге арызын жаздырып алған полиция инспекторы:

– Күдіктенерлік біреу-міреуді байқап қалған жоқсыз ба? – дейді.

– Вагоннан шығуыма көмектескен бір кісіден күдіктенемін.

– Онда бізге соның суретін салып бере қойыңыз!

Полиция Пикассо салып берген сурет бойынша іздестіруге дереу кірісіпті де, күдікті көрінген: үш шалды, екі кемпірді, екі троллейбусты, бір ауто-мәшінді ұстапты.

\* \* \*

Суретші Пикассоның шеберханасына бір миллионердің әйелі кіреді де, ілулі суреттерді көріп жүріп, ерекше алабажақ суретке ұзақ қарап, не екенін түсінбей:

– Мырза, мынау не? – дейді.

– Екі жүз мың доллар! – депті суретші.

\* \* \*

Газет редакторы Марк Твеннің бөлмесіне біреу алқын-жұлқын кіріп келіп, мылтығын кезеніп:

– Тырп етпе! Ақшанды түсір! – дейді.

– Түүһ! Тағы біреу әңгімесін алып келген екен деп өлердей шошыдым ғой! – депті Твен.

\* \* \*

Шекспирдің «III– Ричард» пьесасындағы бас рольде ойнап жүрген актер Солливан: «Менің атым қайда? Әкеліңдер атымды! Корольдің бар мүлкінен атым қымбат!» деген сөздерді айтқан кезде залдан біреу:

– Солливан мырза, сізге есек керек емес пе? – деп айғай салыпты.

– Керек, керек! Келіңіз, сахнаға шығыңыз! – депті актер.

\* \* \*

Генуя. 1922– жыл. Қонақасы. Чичерин бір сәтте Красиннің



күміс қасықтың екеуін қалтасына салып алғанын байқап қалып, «біреуі маған» деп ымдайды. Красин басын шайқайды. Қитыға қалған Чичерин орнынан ұшып тұрып: «Мырзалар! Сіздерге бір сиқыр көрсетейін. Мен мына екі қасықты, мінеки, қалтама саламын да, Красин жолдастың қалтасынан алып шығамын, – депті.

\* \* \*

Генри Фордпен сұхбаттасып отырған тілші қолындағы советтік гәзетті үстелге қойып:

– Жұмысшыларыңыз күнделікті өндіріс жоспарын бірнеше есе артық орындай бастаса, сіз қайтер едіңіз? – дейді.

– Мен ол жоспарды жобалаған инженерді қызметтен қуып жіберер едім, – депті Форд.

\* \* \*

Виктор Гюго бірде пойызбен Пруссияға бет алыпты. Шекара бекетінде жолаушы анкетін толтыратын жандарм одан:

– Немен шұғылданасың? – деп сұрапты.

– Кітап жазам.

– Не жазатыныңда шаруам жоқ, немен мал табасың?

– Қаламмен, – дейді жазушы.

Жандарм анкетаға: «Гюго, қалам сатушы», деп жазыпты.

\* \* \*

Джек Лондон баспаға тапсырмақ болған қолжазбасын келісілген уақытында бере алмапты. Баспа иесі оған: «Лондон мырза, егер новеллаңыз жиырма төрт сағаттың ішінде менің қолыма тимесе, онда сізді өз қолыммен жазалаймын. Есіңізде болсын, мен айтқан сөзімде тұрам!», деп жеделхат жіберіпті. Оған Джек Лондон: «Мырза-еке, егер сізше қолмен ғана жұмыс істейтін болсам, онда мен де айтқан сөзімде тұрар едім», – деп жауап кайтарыпты.

\* \* \*

Александр есімді жауынгерінің ұрыста қорқақтық жасағанын байқаған Александр Македонский оны шақыртып

алып: «Сен бұдан былай не батыл бол, не атыңды өзгерт!» деп бұйырыпты.

\* \* \*

«Мен – жазушымын!» деп жүретін бір шаштараз трагедия жазады да, Вольтерге жіберіп, пікірін сұрайды. Вольтер: «Сіз – шаштаразсыз. Сіз шаштараздықпен ғана шұғылдануға тиіссіз. Сізге шаштараздықтан басқа ештеңемен шұғылдануға болмайды» деп жауап береді. Шаштараз оны жанындағыларға оқып беріп: «Өстіп те жаза ма екен? Сөзінің таусылғаны – өзінің де таусылғаны!», деп масаттаныпты.

\* \* \*

Мопассанға жұмыс істеген министрлігінен мінездеме керек болғанда: «Байсалды шенеунік, бірақ жоқтан өзгені және нашар жазады», деп беріпті.

\* \* \*

Кремльде әдебиет және өнер қайраткерлерінің құрметіне қонақасы беріліп жатады. Жазушы Алексей Толстой сөз алып, Сталинді мадақтай бастайды. Әдетінше ары-бері баяу аяндап жүрген Сталин қорқорын бірер сорып, оның сөзін біраз тыңдайды да, сонсоң жанына барып: «Граф, жететін шығар», депті.

\* \* \*

Сталин Көркем театрға спектакль көруге барады. Қарсы алған режиссер Станиславский қолын ұсына бере:

– Алексеев, – дейді, нақты ныспысын айтып. Сталин оның қолып алып:

– Джугашвили, – депті.

\* \* \*

Кремльдегі бір қонақасыда Сталиннің жанында отырған артист Абрикосов түрегеліп:

– Жолдас Сталин, сіздің денсаулығыңыз үшін! – деп даурыға сөйлеп, қолындағы стакан толы арағын қағып салыпты. Ол отырған соң Сталин оған бұрыла сыбырлай сөйлеп:

– Алдымен өз денсаулығыңызды ойласаңызшы, – депті.

\* \* \*

Жазушылардың көп қаламақы алатыны КСРО Қаржы министрі Арсений Зверевке ұнамайды. Бір күні Сталинге сол туралы мәлімдеме жазып жібереді. Сталин оны шақыртып алып:

– Бізде миллионер-жазушылар бар, ә? Сұмдық қой, жолдас Зверев! –депті.

– Иә, жолдас Сталин, сұмдық!

Сталин оған мәлімдемесін қайтарып береді. Оның шекесіне: «Жолдас Зверев, бізде миллионер-жазушының аз екені «сұмдық». Жазушы – ұлттың жады. Егер ол жарымқұрсақ болса, не жазып жарытады?» деп жазыпты.

\* \* \*

Кинорежиссері Юлий Райзман Кремльде өзінің «Пойыз шығысқа кетіп барады» деген комедиясын көрсетуге кіріседі. Фильм сюжетіне орай пойыз кезекті бесінші ме, алтыншы ма, бір стансаға тоқтайды. Сол кезде залдан Сталиннің:

– Жолдас Райзман, мынау қай аялдама? – деген дауысы естіледі.

Райзман қапыда не дерін білмей сасады. Фильм Сібірдің: Иркут, Омбы, Новосибирь қалаларында түсірілген-ді. Мынау соның қайсысы екенін бажайлай алмаған Райзман:

– Жолдас Сталин, бұл Омбы аялдамасы, – дейді.

Сталин орнынан тұрып:

– Менің аялдамам екен ғой, түсейін, – деп есікке беттепті.

\* \* \*

– Жолдас Сталин, Сіз шет елдерге неге бармайсыз? Денсаулығыңыз жарамай ма, әлде уақытыңыз жоқ па?

– Денсаулығым жақсы, уақытым бар, бірақ әке-шешем қыдыруға ақша беріп кеткен жоқ.

\* \* \*

– Жолдас Сталин, соғыс қашан бітеді?

– Левитан айтқан күні.

\* \* \*

Маяковскийдің көріпкелі болған. XX-ғасырдың басында «Владимир Владимирович» деп жазылғанын айтсаңшы!

\* \* \*

Политехникалық институт залының сахнасында өлең оқып тұрған Маяковский:

- Орыстардың ортасында – орыспын,
- Грузиндердің ортасында грузинге айналам,
- деген сәтте залдан біреу:
- Ақымақтардың ортасында ше? – деп айғай салады.
- Сендердің орталарыңа бірінші рет келіп тұрмын! – депті

ақын.

\* \* \*

- Онегинге хатын Татьянаның өзі жазбапты.
- Онда кім жазған?
- Пушкин!

\* \* \*

Нева жағасында қыдырыстап жүрген Достоевский Раскольниковке кездесіп қалып:

- Байғұс кемпірді 20 тиынға бола өлтіргеніңіз жөн болмады!
- деп ренжіпті.
- О не дегеніңіз, Федор Михайлович, бес кемпір бақандай 1 сом ғой! – депті Раскольников.

\* \* \*

– Гоголь «Өлі жандарын» бүгін, біздің заманымызда жазса ғой!

- Одан не пайда?
- Чичиков, биыл өлгендердің ғана паспорттарын иеленгеннің өзінде, банктен несиеге қыруар ақша алып, қарық болар еді!

\* \* \*

Михаил Шолохов Донда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру өрескел бұрмалаумен жүргізіліп жатқаны, оған кімдер кінәлі екені туралы «Правда» гәзетіне мақала жазады да, сол үшін жергілікті әпербақандардан қуғын көріп, өміріне қауіп төнуге

айналғанда жасырын қашып, Мәскеуге, И. Сталинге барады. Сталин мән-жайға қанып, тексеруге комиссия жіберетінін айтады. Екеуі басқа мәселелерді де әңгімелеп, пікір алысады. Қоштасып тұрып Сталин:

– Михаил Александрович, осындай жағдайда үйіңізге қайтып барудан қорықпайсыз ба? – дейді. Сонда Шолохов:

– Иосиф Виссарионович, Сіз қорғамайсыз ба? – депті.

\* \* \*

БК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы А. Жданов (1946–жылдың жазында) Мәскеуде жүрген жазушы М. Шолоховты Кремльге шақырып алып:

– Михаил Александрович, сізге аса маңызды бір ұсынысымыз бар. Фадеев Краснодар комсомолдары туралы роман жазуға кірісті, өте құлшынып, өндіре жазып жүр. Осы әредікте сіз Жазушылар одағын басқара тұрсаңыз жөн болар дейміз, қалай, келісесіз бе? – дейді. Сонда жазушы:

– Андрей Александрович, келісуге болар еді, бірақ, үйге қайтуға билет алып қойдым, Ростов пойызы енді үш сағаттан соң жүреді, – депті.

\* \* \*

Нобель силығы берілген М. Шолохов медальді тапсыру салтанатына Стокгольмге шақырылады. Қалыптасқан дәстүр бойынша, силықты Швеция королі тапсырады екен де, медаль алып тұрған кісі оған бас ие құрмет көрсетуге тиіс екен. Ал Шолохов бас иемейді және: «Мәртебелі король, мен халыққа ғана бас иемін» депті.

Мәскеуде қарсы алған дос-жолдастарының бірі:

– Силықты алғаныңда бас ие салсаң еді? – дегенде Шолохов:

– Сұрап алған жоқпын ғой?! – депті.

\* \* \*

«Көсем» Н. Хрущевтің өзі де, әйелі де Шолоховқа андасанда телефон шалып, саяжайларына қонаққа шақыра беріпті, ал жазушы оны– мұны сылтаумен бармай жүріпті. Бірде Нина

Петровна Хрущева тағы хабарласқанда Шолохов: «Мен сізді де, Никита Сергеевичті де силаймын, алайда, ата-бабаларымыздың: «Қызметіңізге әрқашан әзірмін, тек жағынуды жеккөрем», деген нақылын есімнен шығара алмай-ақ жүрмін», – депті.

\* \* \*

«Сегіз қырлы» Н. Хрущев атақты ақын– жазушылардың біразын мемлекеттік саяжайға қонақасыға жинап алып, сөзін: «Мен белгілібір дәрежеде журналшымын да, жазушымын да» деп ыржиып бастап, жағалата қарап: «Сендердің араларыңнан Лев Толстой көрінбейді ғой?!» дегенінде Михаил Шолохов: «Сіздердің араларыңыздан Ленин де көрінбейді», деп «шағып» алыпты.

\* \* \*

Шетелге сапаршыл Хрущев Америка Құрама Штаттарына жүрерінде Вешенская станицасына әдейілеп соғып, М. Шолоховты ала кетеді. Аузы уәлі атақты қаламгерден мадақ сөз еститініне, оның сапар туралы мақала, кейін кітап та жазарына шүбәләнбаса керек. Шолохов ләм демейді. Ал кейіндегі бір мақаласында Хрущевтің марқұм Сталинді жамандауын құптамағанын білдіріп: «Бізде жеке басқа табыну да болды, табынуға татыған тұлға да болды... Оған тағылған айып қисынсыз, тіпті зиянды да» деп жазады. Соны естіген Хрущев Ростов облысының партия-совет басшыларына: «Шолоховтан мемлекет қаржысына салып берілген үйді дереу қайтарып алыңдар!» деп жеделхат жібереді. Соғыстың бас шенінде немістердің бомбасынан Шолоховтың үйі бұзылып қалғанын естісімен Сталин жаңа үй салдырып берген екен, Хрущев соны нысана еткен ғой. Оған жазушы: «Сол үйде отырғанымды бекер демеймін және қайтарып бере алмаймын!» деп жауап жіберіпті.

\* \* \*

Бір армян Пушкинге орнатылған ескерткіштің жанына барып: – Вай жерлес! – дейді. Ескерткішке қарап тұрған орыс оған бұрылып:

– Қайдағы «жерлес»? – дегенде армян:

– Анау тақтайшаға қарасаңшы! «Газон засеян» деп аты-жөні жазулы тұр ғой?! – депті.

\* \* \*

Бір жиында жігітағасы жасындағы бір кісі топ ортасында тұрған Бауыржан Момышұлына қолын ұсына жетіп барып, аты-жөнін айтып:

– Мен жүз биеден жүз құлын алған Социалистік Еңбек Ерімін, – дегенде Баукен:

– Айғыр шапты, бие тапты, сенің қандай қатысың бар? – депті.

\* \* \*

Академик Ахмет Жұбановтың «Волга» аутомәшіні бар екен, бір күні ақын Хамит Ерғалиев екеуі жолға шығады. Хамаң жөткірініп алып:

– Аха, қазақтың ең мықты ақыны кім, білсеңіз, кәне, айтыңызшы! – дейді. Ахаң ақынның замандастары, інілері арасынан бірнешеуін мақтап атайды. Хамаң:

– Білмейді екенсіз, Ең мықты ақын – мына менмін! – дейді жорта гүрілдей сөйлеп.

– Солай ма? – дейді Ахаң шын таңданып.

– Таңданатын түк те жоқ. Кәне, айтыңызшы, олардың қайсысының шофері академик? – дейді Хамаң. Ахаң айызы қана күліпті.

## 2. «КӨСЕМДЕРГЕ» БАҒЫШТАУ

Қазекемнің: «Ойнаса да, ойындағысын айтты» дегенінің арғы атасы «Әзіл түбі –ақиқат» деген шығару-ау деп ойлап қойып жүремін. Әзілдің, қай халықта болсын, көнесі мен жаңасы бар. Тек бір қызығы: көбінің кімнің аузынан, қашан, қалай шыққаны белгісіз болып, «ортақ өгізге» айналып кете баратыны.

*Әзілдің «сықақ» деген «әлде нағашысы, әлде жиені»... жо-жоқ, егізі барын білесіздер, «әзіл– сықақ» деп қосақталып жүретіні сондықтан. Ал бұл екеуінің айналасындағы «қағытпа», «қыжыртпа» дегендердің алғашқысы, меніңше, саған жаныңнан өте бере айта салғандай жеңілдеу сөз де, соңғысы жаныңда шүйіліп тұрып айтқандай ауырлау ма, қалай...*

Соңғы кезде мен қыжыртпаға қызығып, *оның кешегі «көсемдерімізге» арналғандарын таңдап жинап, қазақшалап жүрмін. Олар – қалың-жұқа кітап-журналдардан, «интернет» дейтін қожайынның қойны– қонышынан «жымқырғандарым». Ол үшін мен қандай жаза тартар болсам, құметті оқырман, сіздердің ол жазаны менімен бірдей, «қылдай етіп бөліп» тартатындарыңызға бек сенімдімін! Ендеше, кәне, оған дейін оқи берейік!*

*Сәлеммен, – Ғаббас.*

### «НАШ НИКИТА СЕРГЕЕВИЧ»

*(Кинофильмнің аты)*

– Біз үш қазба жасап, көне мәдениет нәрселерін тауып алдық, – дейді американ.

– Ал біз бір шахтаны қазғанда адамның бөксесін тауып алдық. Сонсоң оған едірейтіп екі құлақ жапсырдық. Ол бүгінде елді билеп отыр, – депті орыс.

\* \* \*

– Қоян мен Хрущевтің айырмашылықтары қандай?

– Қоян балпылдап сөйлей алмайды.

\* \* \*



Хрущев баяндама жазып, оны әуелі досына оқып шығуға берерде:

– Маңымдағылар – жағымпаздар, шындықты біле тұра айтпайды, – дейді. Досы оқып шығып:

– Никита, саған тура айтайын: «за сранец» дегенің бірге жазылады да, «вжопу» дегенің бөлек жазылады, – депті.

\* \* \*

– Сіз сабынды, кір жуу ұнтағын көптеп сатып алыңыз.

– Е, неге?

– Хрущев химияны қолға ала бастады ғой!

\* \* \*

– Құрметті «Армян радиосы», қасқабас болудан қалай сақтану керек?

– Біз бұндай саяси сұрақпен әуреленбейміз, мұныңыз «Шошқа қасқабас бола ала ма?» дегенмен бірдей.

\* \* \*

Қырым курортында дем алып жатқан Хрущев Сусловқа телефон соғып: «Грузияның халқын бір тәулік мас қылу үшін қанша ақша керек, соны мен барғанша есептеттіріп қой!» дейді. Суслов Саяси бюро мүшелерін жиып, Қаржы министрін шақырып алып, көсемдерінің тапсырмасын талқылайды. Екінші күнгі мәжілісте Қаржы министрі:

– Совет үкіметінің жарты жылғы бюджеті кетеді, – дейді.

– Грузия халқы бір тәулік мас болса, одан соң басжазары тағы бар, меніңше, бізге одан келетін шығын Совет үкіметінің бір жылғы бюджетіне тең болар, – дейді Косыгин.

– Осы біз басқатырғышымыз-ақ. 1 сом ғана кететін шаруаны екі күн езіп отырмыз. Тбилисиге: «Хрущев өлді» деп жеделхат жібере салайық, сол жетіп жатыр, – депті Микоян.

\* \* \*

Хрущев АҚШ президенті Никсонмен сөйлесіп отырып:

– Никсон мырза, сіздің немерелеріңіз коммунизмде өмір сүретін болады, – дегенде Никсон:

– Сіздің немерелеріңіз капитализмде өмір сүретін болады, – депті.

\* \* \*

– Доктор, Хрущев жолдастың денсаулығы соңғы кезде сыр бере бастады деген сөз рас па?

– Рас. Тың игеруден белі шойырылды, жүгеріден асқазаны бүлінді, Америкамен жарысудан демікпе болды, ал тоқ ішегіне сөз толып кеткені неден болғанын біле алмадық.

\* \* \*

– Хрущевты орнынан не үшін алып тастады?

– Кукуруза, коммунизм, Китай, Куба кризисі, кузькина мать деген алты «к» үшін.

\* \* \*

– Хрущев үш арманына жете алмай кетіпті дейді, ол қай-қайсысы екен?

– Мәскеу өзеніне көпір салдыру, бет жуатын унитазды дәретке отыратын унитазбен біріктіріп жасату және Тран спорт министрлігін «Ары баратын», «Бері келетін» деп екі министрлікке бөлу.

\* \* \*

Хрущев шошқа фермасында болып қайтады. «Правда» гәзетінің редакциясы оның бірінші бетке берілетін фотосуретіне нендей түсінік сөз жазу керектігін кеңеседі. «Хрущев жолдас шошқа фермасында»; «Хрущев жолдас бордақыланған шошқалардың арасында»; «Шошқалар Хрущев жолдастың айналасында» деген нұсқалар айтылады. Сөйтіп: «Сол жақтан үшінші – Хрущев жолдас» деп жазу ұйғарылыпты.

\* \* \*

Хрущев сурет көрмесін аралап жүріп:

– Айналасында қызыл нүктелері бар мынау төрттекше не пәле? – дейді.

– Бұл жұмысшылары ұйықтап жатқан зауыт қой.

– Жасыл мен сары аралас мынау алабажақ немене?

- Бұл жүгерісі пісіп келе жатқан кеңшар ғой.
- Мынау көкпеңгөк албасты не?
- Бұл «Жалаң фалька» ғой,
- «Жалаңаш Валька»?!. Мұны қандай еркек құшпақшы?!. Ал екі құлағы бар көт сияқты мына бірдене немене?!
- Бұл ма... бұл... бұл айна ғой, Никита Сергеевич.

\* \* \*

- Лениннің коммунизм туралы қағидасын Хрущев не деп жаңартты?
- «Коммунизм – совет өкіметі және бүкіл елді жүгерілендіру» деп.

\* \* \*

Орнынан алынған Хрущевқа Онкологиялық орталықты басқару ұсынылады.

- Мен онда не істеуді білмеймін, – дейді ол.
- Сіз ауыл шаруашылығында қолға алып, бидайды құрттыңыз ғой?!

\* \* \*

Хрущевтың үйінде телефон шылдырлайды. Тұтқасын әйелі Нина Петровна көтереді.

- Никита Сергеевичті шақырыңызшы, бірге оқыған едік, – дейді телефон соққан әйел.
- Әй, салдақы, қайдағы «бірге оқыған»? Ол ешқайда оқыған жоқ!

\* \* \*

Уинстон Черчилль: Мен қарттықтан өлетін шығармын деп ойлаушы едім, енді, бүкіл Еуропаны нанға қарық қылған Совет Одағының Хрущевтың «арқасында» шет елдерден астық сатып алуға кіріскенін естіп, күлкіден өле жаздадым.

\* \* \*

- Сталиннің мәйітін шығарған соң мавзолейді күзетушілердің саны екі есе көбейтілгені қалай?

– Хрущев күнде іңірде көрпе-жастығын құшақтап келгіштей бастапты.

\* \* \*

– Хрущевтің көк бұршақтан нан пісірткені несі?

– «Коммунизмге кетіп бара жатқанымыз естіліп тұрсын» деген ғой.

\* \* \*

– Егер Сталин тіріле қалса, Хрущев қайтер еді?

– Сол сағатта-ақ Американы қуып жетіп, басып озар еді.

\* \* \*

«Біз ет, сүт, май өндіруде Американы қуып жетіп, басып озамыз» деген лекция соңында залдан біреу:

– Қуып жеткен соң, сонда тұрып қалуға бола ма? – деп сұрапты.

– Қуып жетсек те озбайық, артымыз көрініп қалады, – депті екінші кісі.

\* \* \*

– Сталиннің рөлін ойнаған артистер Хрущев пайда болысымен шаштарын жұла бастағандары несі?

– Хрущевтың рөлін ойнауға дайындалу керек қой!

\* \* \*

– Хрущев кинематография комитетінің силығын не үшін алды?

– «Наш Никита Сергеевич» деген кинофильмде бас рөлде ойнағаны үшін.

\* \* \*

2000-жыл. Армян радиосы:

– Хрущев деген кім?

– Мүсінші Эрнс Неизвестныйдың дәуіріндегі сыншысымақ.

\* \* \*

Саяси бюро орнынан алынған Хрущевқа жұмыс тауып беруді ойластырады:

– Оны ең ауыр жұмысқа жегу керек!

– Оны бүгін арақпен суарып берсек, ертең жұмысты өзі-ақ тауып алады.

\* \* \*

Партияның Орталық комитетіне 1965-жылы Одесса тұрғындарынан: «Хрущевты бұрынғы орнына қайтадан қоюды сұраймыз. Он жыл нансыз отырғаннан бір жыл анекдотсыз отырған қиын болды», деген өтініш түсіпті.

\* \* \*

– Хрущев ғылыми коммунизмге қандай үлес қосты?

– «Закон» дегендегі «з» әрпінен кейін «ь» белгісін қоюды шығарды.

\* \* \*

– Автобусты гәзетпен орап қою мүмкін бе?

– Мүмкін, егер Хрущевтың сөзі жарияланған гәзет болса.

\* \* \*

Хрущев:

– Біздің бір аяғымыз коммунизмде...

Залдан сұрақ:

– Қашанға дейін талтайып тұра бермекпіз?!

\* \* \*

Екі зейнеткердің әңгімесінен:

– Хрущев орнынан түсірілген соң немен шұғылданып жүр екен?

– Ленинградтан Мәскеуге канал қазып жүр.

– Онысы несі?

– «Аврораны» алып келіп, Уақытша үкіметті атқыламақшы.

\* \* \*

Екі кемпір сөйлесіп отыр.

– Кеше кешке далаға шықпадың ғой?

– Е, әлгі немерем бандиттер туралы «Тақырбастар тобы» деген кино шығыпты, соны көрейікші деп болмаған соң, соған бардық.

– Иә, қалай екен?

– Онша емес. Никита деген бір ғана тақырбас бандит бар екен, оның өзі де жүгерінің арасында тығылып жүреді.

\* \* \*

Есекке мініп келе жатқан Хрущевқа өзбек шал жолығып:

– Вах, вах! Шошқа болғанда қандай! – дейді.

– Бұл шошқа емес, есек!

– Мен оған қарап тұрған жоқпын!

\* \* \*

Мәскеу. Ет сататын дүкендегі кезекте тұра-тұра шыдамы таусылған бір мұжық:

– Бізді осыншама қалжыратып жүрген кім өзі?! – деп кіжіне сөйлейді.

– Хрущев!

– Хрущев!

– Ендеше, сендер менің кезегім мына әйелден кейін екенін ұмытпаңдар, мен барып, Хрущев болмақ тұрғай әулие болса да, оған көресісін көрсетіп келейін! – деп айбаттанып кетеді де, біржарым сағат шамасында қайтып келеді.

– Иә, қалай, бәлемге көресісін көрсеттің бе?

– Жоқ. Онда кезекте тұрғандар бізден бес есе көп!

## «ДОРОГОЙ ЛЕОНИД ИЛЬИЧ»

*(Кинофильмнің аты)*

– Егер қолтырауын Брежневті жеп қойса, не болар еді?

– Ол бір апта бойы – Алтын жұлдыз, бір тоқсан бойы орден-медаль кәк етіп жүрер еді.

\* \* \*

Брежнев дәлізде келе жатады. Қарсы жолыққан кемпір оған қолын соза тоқтап:

– Леонид Ильич, мен Надежда Константиновна Крупскаямын ғой, білесіз бе? – дейді.

– Білмегенде ше?! Сіздің күйеуіңіз Крупский жолдасты да жақсы білемін, ұмытқан жоқпын!

\* \* \*

– Ильин деген бір жігіт Брежневті атып, тигізе алмапты дейді ғой?

– Оның жанындағылар: «Пистолетіңді маған берші!» деп таласып, дұрыстап көздеуге мұршасын келтірмепті!

\* \* \*

КПСС XXV съезі. Мәжілісті басқарушы:

– Брежневтің жағдайы ауыр, жаңадан жүрек салу керек. Кім жүрегін бере алады?

Залдағылар түгел қол көтереді.

– Бәрекелді! Алайда керегі бір-ақ жүрек, кім өз еркімен беруге дайын?

Залдағылар түгел қол көтереді. Президиумдағылар өзара кеңеседі.

– Олай болса, біз қазір бейбітшілік көгершінін ұшырамыз, ол кімге барып қонса, соның жүрегін аламыз.

Көгершін ұшырылады. Ал залдағылар қолдарын сермелеп: «Қыш! Қыш!» деп әлек-шәлек болыпты.

\* \* \*

Брежнев баспасөз конференциясын өткізіп отырады. Сұрақ-жауап, сұрақ-жауап тәртібін қадалаушы кеш иесі бір кезде:

– Енді сұрақ жоқ, – дегенде Брежнев алдында жатқан қағазға үңіліп:

– «Сұрақ жоғың» қалай? Менде әлі екі жауап бар! – депті.

\* \* \*

Сөзін оқып болып, мінберден орнына барып отырған Брежнев көмекшісін шақыртып алып:

– Мен саған 15 минуттік қана сөз жаз дедім, ал сен 30 минуттік жазыпсың ғой?! – деп күжілдегенде көмекшісі:

– Леонид Ильич, кешіріңіз, мен екінші данасын алып қалуды ұмытып кетіппін, – депті.

\* \* \*

Бір президентпен әуежайда сүйісіп қоштасқан Брежнев біразға дейін тамсанып тұрыпты.

– Леонид Ильич, сізге жаңағы президенттің қай қыры ұнады?

– Еріні ғажап тәтті!

\* \* \*

Армян радиосына сұрақ:

– Совет мемлекетін неше кісі басқарып отыр?

Жауап:

– Бір жарым: мәңгі тірі Ленин мен жартылай тірі Брежнев.

\* \* \*

Брежнев американдықтардың Айға барып қонғандарын ести сала өзіміздің космонавтарды Кремльге шақыртып алып:

– Американдар Айға барыпты. Енді біз олардан асып түсуге тиіспіз. Біз сендерді Күнге ұшыруды ұйғардық! – дейді. Космонавтар қозғалақтап, біріне бірі қарап, әйтседе батылдау бірі:

– Онда жанып кетеміз ғой?! – деп қалады.

– Сендер, немене, біздің үкіметтегілер есуас деп ойлайсындар ма?! Сендер түнде ұшатын боласындар!

\* \* \*

Брежнев жұмысшылардың алдында сөйлеп тұр:

– Жолдастар! Алдағы уақытта біз бүгінгіден де жақсы тұратын боламыз!

Залдан дауыс:

– Ал біз ше?

\* \* \*

Пушкинге ескерткіш жасауға жарияланған бәйгеде: үшінші орын «Пушкин Брежневтің кітабын оқып отыр» деген жобаға, екінші орын «Брежнев Пушкиннің кітабын оқып отыр» деген жобаға, ал бірінші орын «Брежнев Брежневтің кітабын оқып отыр» деген жобаға беріліпті!

\* \* \*



– Брежнев шығармаларының жиырматомдығы, ал Брежнев туралы пікірлердің отызтомдығы шығыпты.

– Оның бір жерін жалаған жазғыштары онша талантты болмаған екен, әйтпесе екі есе көп шығаруға болатын еді.

\* \* \*

Брежнев:

– Мен өлген соң Мавзолейге жатуды ұйғардым, сол мәселені талқылап, қаулы қабылдаңдар.

Ертеңінде Мавзолей маңдайшасындағы «Ленин» сөзінің «е» әрпі орнына «ё» әрпі, қойылып, мавзолей Леонидтікі, яғни «Лёнин» болыпты.

\* \* \*

Мәскеуге барып келген магадандық тұрғын: Қызыл аданда «Бізде бәрі де адам үшін!» деген дәу жарнаманы оқыдым және ол адамды да көрдім, депті.

\* \* \*

ТАСС хабары: Л.И.Брежнев кеше Кремльде Англияның елшісін Герман федерациялық республикасының елшісі екен деп қабылдап, екеуі ұзақ әңгімелесті.

\* \* \*

– Брежневтің қасы немене өзі?

– Сталиннің жоғырақ тұрған мұрты ғой.

\* \* \*

Ленин: Елді аспазшылар да басқара алады

Сталин: Елді бір адам да басқара алады.

Хрущев: Елді кезкелген ақымақ басқара алады.

Брежнев: Елді басқармаса да болады.

\* \* \*

– Брежнев генералиссимус атағын неге алмады екен?

– Оны айтуға тілі келмепті.

\* \* \*

Брежнев Сусловқа:

– Сен менің «Кіші жер» кітабымды оқыдың ба?

– Екі рет оқыдым, ғибраты көп кітап екен!

– Ә, онда мен да оқиян.

\* \* \*

Брежнев мәжілісті ашып, оны-мұныны айтып ұзақ сөйлейді де, бір кезде: – Енді соңғы мәселеге көшейік. Біз әбден ақылдастық, Суслов жолдастың денсаулығын ойлай отырып, оны еңбегі сіңген құрметті демалысына шығарайық деп шештік. Жолдастар, ол алжи да бастады, – дейді.

– Алжығанын қалай білдіңіз?

– Осыдан бірер күн бұрын дәлізде кездестіріп: «Суслов жолдас, сәлеметсіз бе?» деп едім, ол: «Сәлеметсіз бе, Леонид Ильич? Мен Суслов емеспін, Косыгинмін», деді.

\* \* \*

Шетелдік баспасөз тілшілерінің Брежневпен кездескілері келеді. Бас хатшының көмекшілері қай тілшінің қандай сұрақ қоярын сұрап біліп алады да, ол сұрақтарға жауап жазып, Брежневке беріп, бірінші болып американ тілшісі сұрақ қоятынын, оған жауап қайсысы екенін түсіндіреді. Бірінші сұрақ: «Брежнев мырза, біздің сұрақтарымызға жауап беруге дайынсыз ба?» екен. Бірақ тілші әңгімесін екінші сұрағынан бастап:

– Брежнев мырза, денсаулығыңыз жақсы ма? – дейді. Брежнев алдында жатқан жауаптарға үңіліп:

– Жауап беруге дайынмын, – депті.

\* \* \*

Никсон Брежневке:

– Сіздер орталықтан жоспарлы жабдықтау мәселесін қалайша шешіп отырасыздар?

Брежнев:

– Біз бәрін Мәскеуге жинаймыз, республикалар керегін келіп алады.

\* \* \*

Брежнев шет елдерде кадрлардың қабілетін біле жүру үшін оларды ауызша сынақтан өткізіп тұратын үрдіс барын естиді де, Суловты шақырып алып, естігенін айтып:

– Яғни мен саған бір сұрақ қоямын, сен соған жауап бер. Сұрағым былайша: Сенің әкеңнің ұлы бар, бірақ ол сен емессің. Кәне ойлан.

Сулов ары ойланып, бері ойланып, жауап бере алмайды да, кабинетіне барып ойланып келуге рұхсат алып, шығып кетеді. Брежнев Косыгинді шақырып алып, оған да «жаңалығын» айтып, сол сұрағын қояды. Косыгин ойланып әуре болмай:

– Ол менің інім ғой, – дейді.

– Дұрыс, Алексей. Атқарып жүрген қызметіңе лайықты екеніңді дәлелдедің!

Сол әредікте Сулов кіріп келіп.

– Леонид Ильич, кешіріңіз, жауабын таба алмадым, – дейді ебелектеп.

– Өй, ақымақ. Ол – Косыгиннің інісі! – депті Брежнев.

\* \* \*

– Леонид Иль...

– Сөзді көбейтпей, «Ильич» дейтін бол!

\* \* \*

– Подгорный қызметінен не үшін босатылды?

– Брежневтің туған күнінде: «Леонид Ильич, сіз бүгінгі жетпіс жасыңызда алпыс жастағы Совет өкіметінен әлдеқайда артықсыз!» дегені үшін.

\* \* \*

Сулов ақырғы демін алып жатады. Қоштасуға: достары, жолдас– жоралары, туысқандары түгел жиналады. Суловты емдеген дәрігер бір шетте отырыпты да, Брежнев оған тесіле қарап қалыпты, соған шыдамаған дәрігер түрегеліп:

– Есімізде болсын, біздің жауымыз – склероз! – дегенде Брежнев:

– Жоқ! Біздің жауымыз – немкеттілік! Біз, міне, жарты сағат

бойы Сусловты күтіп отырмыз, ал ол келуге асығар емес! – депті.

\* \* \*

Брежнев Никсонға қонаққа барады. Екеуі өзен жағасында ішіп отырады.

– Біз қай ақшаға, қайдағы ақшаға ішіп отырмыз? – дейді Брежнев.

– Анау көпірді көрдің бе?

– Көрдім.

– Біз ол көпірді бір миллион долларға салмақшы едік, бірақ бес жүз мың долларға ғана салдық. Содан үнемделген ақшаға ішіп отырмыз...

Никсон Брежневке қонаққа келеді. Өзеннің жағасына жайғасып, ішуге кіріседі.

– Біз қай ақшаға, ненің есебінен ішіп отырмыз? – дейді Никсон.

– Анау көпірді көрдің бе?

– Ешқандай көпір жоқ қой?

– О! Біз соның ақшасына ішіп отырмыз!

\* \* \*

Анка: – Василий Иванович, кеше Брежневті біреу атыпты!

Чапаев: – Сеспей қатырып па?

– Жоқ, тигізе алмапты.

– Қап! Атқан деген не?! Қылышпен қақ бөлу керек еді!

\* \* \*

Телефон шылдырлайды, Брежнев тұтқасын алып:

– Дорогой Леонид Ильич слушает! – дейді.

## «ТАҢБАЛЫБАС МИХАИЛ»

(Орыстың көне сөзтіркесі)

Михаил Горбачевтың жиен– немересі қырқынан шыққан күні Саяси Бюро мүшелері құтты болсын айта барады:

– О, аяғында тыным жоқ екен, маршты ұнататын түрі бар, Қорғаныс министрі болады, – дейді Язов (КСРО Қорғаныс министрі).

– Жоқ, қолына қарасандаршы, маңайындағының бәрін өзіне қарай жинап алғысы келіп жатыр, Қаржы министрі болады, – дейді Павлов (КСРО Қаржы министрі).

– Ой, эне, қараңдар! Көзі жайнап, ыржалақтап, кіш пен кәкті қатар жібере бастады, бұл президент болады! – дейді Ельцин (Мәскеу қаласы партия комитетінің 1-хатшысы).

\* \* \*

КСРО Халық депутаттарының құрылтайы. Жарыссөз болып жатыр. Карл Маркс сөз сұрайды. Горбачев бұлталақтап, сөз бермеуге тырысады. Маркс талап етіп тұрып алады. Зал гуілдей бастайды. Депутаттардың көпшілігі:

– Сөз берілсін! – дейді.

– Жарайды, үшінші микрофонды ашып беріңдер, – дейді Горбачев. Микрофонға барған Карл Маркс:

– Барлық елдердің пролетарлары, кешіріңдер! – депті де, бұрылып кете барыпты.

\* \* \*

Сыртында: «Москва, Кремль. СОКП Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдасқа силық» деген жазуы бар жәшік жеткізіліп, Горбачевтың кабинетіне апарылады. Бас секретарь оны бассалып ашуға кіріседі. Аша алмайды. Жанында екінші секретарь Е. Лигачев бар екен, ол да аша алмайды. Горбачев: «Егор, босқа шаршамайық, балта алып кел», дейді де, ол шыға бере өзі жәшікке жалп етіп отыра кетеді. Жәшіктің қақпағы опырылып түседі. Горбачев ұшып тұрып

қараса: Сталиннің кителі, қорқоры және жасанды мұрт жатыр. «Ә, Егорды бір шошытайын!» деп қулық ойлап үлгіріп, Сталин «бола қалады». «Михаил Сергеевич, – деп сөйлей кірген балталы Лигачев қалт тоқтап: – Мен... ой, Иосиф Виссарионович, кешіріңіз, кешіріңіз... әлгі «қайта құру» деп сайрай бастаған сайтанды іздеп жүр едім, – депті.

\* \* \*

Ерлі– зайыпты Горбачевтар төсекте жатыр. Раиса Максимовна:

– Миша, сен ғой – көдедей көп батрақтың немересің, шаруаның баласысың, мәшине-трактор стансасында өнебойың май-май боп жұмыс істедің, сөйтіп жүріп, кәне, шыныңды айтшы, президенттің әйелінің күйеуі боламын деп ойлап көрдің бе? – депті.

\* \* \*

Горбачев Украинада.

– Михаил Сергеевич, кәне, достығымыз үшін украин горилкасын алып жіберейк!

Халықтар достығы үшін ішпеуге болмайды ғой. Алып жіберісті. Одан кейін және бірді. Содан соң тағы бірді. Михаил Сергеевич мықырайып қалды.

Таңертең әрең тұрып, есін жиып, айнаға қараса, – милығындағы дақтары жоқ, басы тап-таза!

Хал– ахуал білуге келген украин достарымен сәлемдесіп тұрып:

– Менің милығымдағы дақтар жоқ, не болғанын білмей тұрмын, – дейді, таңдана сөйлеп. Сонда достарының бірі:

– Михаил Сергеевич, қымбаттым, Кремльдегі сендер коньяпен бастап, коньяпен аяқтайсыңдар, ал мұндағы біз горилкамен бастаймыз да, дақкетіргішпен аяқтаймыз, – депті.

\* \* \*

– Израиль мен Палестинаны қайтіп татуластыруға болады?

– Ол үшін Үлкен Еврей қабырғасын тұрғызу керек.

– Содан кейін?

– Содан кейін Шеварднадзе мен Горбачевты апару керек.

\* \* \*

Горбачевтық Ресей – коммунизмнің зираты. Ельциндік Ресей – бос бөтелкелердің зираты. Путиндік Ресей – елес-сағымның зираты.

\* \* \*

Горбачев Фороста. Теңізге ау салып, алтын балық ұстап алады.

– Қажетіңізді айтыңыз да, қоя беріңіз, көмектесемін, – дейді балық.

– Совет Одағының президенті болудан жалықтым, патша жаса!

– Құп. Үйіңізге барыңыз да, ұйықтаңыз.

Түнде Горбачевты, әйелін, балаларын біреулер оятады. Ипатьевтің үйі екен. Оятқандар – чекистер:

– Романовтар, тұрындар, подвалға жүріндер!.. Суретке түсетін уақыт болды! – депті.

\* \* \*

Мәскеу. Халық депутаттарының съезі жүріп жатады. Депутаттардың бірі Горбачевқа қайта-қайта жұдырығын түйеді, Горбачев сұқсаусағымен шекесін түрткілеп «жауап қайтарады». Депутат жұдырығын бәрібір көрсете береді. Горбачев оның кім екенін біліп келуге көмекшісін жұмсайды. Ол депутатқа барып:

– Сіз Михаил Сергеевичке неге жұдырық түйе бересіз? – дейді.

– Мен оған: «елді уысында мықтап ұста!» десем, ол маған: «ақылым жетпейді» дей береді.

\* \* \*

Горбачев Ельциннің жанына барады. Өңі бұзылып кеткен.

– Миша, саған не болды?

– Борис, соңғы кезде мен біздің саясаттың не болып бара жатқанын ұға алмай жүрмін.

– Сол ғана ма? Жүр, шай ішейік, дем алайық, сонда мен саған бәрін түсіндіріп беремін.

– Борис, мәселе басқада. Түсіндіру өзімнің де қолымнан келеді, бірақ өзім түсіне алмаймын.

\* \* \*

Горбачевқа Рыжков келіп:

– Михаил Сергеевич, бүкіл елде тауық қырыла бастады, – дейді.

– Әр тауықтың алдына қара тақта қою керек.

Апта өтеді. Рыжков:

– Михаил Сергеевич, тауықтардың қырылуы тоқтар емес.

– Қара тақтаның ортасына сары үшбұрыш орналастыру керек.

Тағыда апта өтеді.

– Михаил Сергеевич, тоқтар емес.

– Онда сары үшбұрыштың орнына жасыл үшбұрыш қойылсын.

Үшінші апта өтеді.

– Михаил Сергеевич, тауықтар қырылып бітті.

– Қап! Менің әлі де үш-төрт ұсынысым бар еді!

\* \* \*

Горбачев жұртшылықтың алдында сөйлеп тұр:

– Бізде өткен жылы ет жеткіліксіз болды, жылда жеткілікті бола бермейтіні белгілі ғой, нендей ұсыныстарыңыз бар?

– Сегіз сағаттың орнына он алты сағат істейміз! – дейді біреу.

– Биыл нан тапшы болады, бірақ оған бола біздің қайта құрылуымыз тоқтамайды. Кәне, кімде қандай ұсыныс бар?

– Онда біз тәулік бойы істейтін боламыз! – деп айғай салады басқа біреу.

– Жолдас, сізге көп рахмет! Сіз қайда істейсіз?

– Крематорийде, Михаил Сергеевич...

\* \* \*

Брежнев пен Горбачев қыдырыстап жүріп, дiңгекке керiп тасталған Христосты көредi де, алдына барып тоқтайды. Брежнев:



– Қымбаттым, менің жетістігім не? – дейді.

– Сен өзің де іштің, өзгеге де ішкіздің.

– Мен ше? – дейді Горбачев.

Христос бір жұлқынып қалып: – Сен, амал не, менің аяқ-қолым шегелеулі болғандықтан аман-сау жүрсің! – депті.

\* \* \*

Чукча Мәскеуге барып келеді. Көршілері:

– Иә, онда горбачевтық қайтақұрылыс қалай жүріп жатыр екен?

– Осы өзіміздің тайгадағыдай. Жоғарғы жақ гу-гу, зу-зу, ал төменгі жақ тып-тыныш.

\* \* \*

Саяси қыжыртпаға жарияланған бәйге мынаған беріліпті:

«Саябақ. Күн күйіп тұр. Бірнеше мұжық ошарылып сыра ішіп отырады. Кенет әлдекім: «Мұжықтар! Горбачев телевизорда сөйлеп, қайта құрудың қай кезеңінде екенімізді айтып отыр!» деп айғай салады. Мұжықтар сыраларын, кепкен балықтарын тастай салып, үйлеріне тұра жүгіріпті.

\* \* \*

Құдай 1000 жылда бір рет жерге түсіп, үш ұлы елдің басшыларына өзіне бір– бір сұрақ қоюларына рұхсат береді екен. Біздің ғасырымызда да сөйтіпті. Буш, Тэтчер, Горбачев үшеуі сұрақ қоюға барады.

Буш: – Құрметті Құдай, Американың енді неше жылдан соң жұмаққа айналатынын айтып беріңізші!

– Қырық жылдан соң.

– Мен көре алмайды екенмін! – деп Буш кемседепті.

Тэтчер: – Құдайым, айтып жіберіңізші, Англияда енді неше жылдан соң жұмақ орнайды?

– Алпыс жылдан соң.

– Оған дейін жүру қайда?! – деп Тэтчер жылап жіберіпті.

Горбачев: – Совет Одағында енді неше жылдан соң жұмақ өмір болады?

– Ол кезде мен де тірі болмаспын! – деп Құдай да көзіне жас алыпты.

\* \* \*

Селоға келген тілші колхозшыға:

– Бастықтарың қайтақұрылыс жасады ма? – дейді.

– Жасағалы жүр.

– Партия ұйымының хатшысы ше?

– Ол да жасағалы жүрген сияқты.

– Агрономдарың ше?

– Ә, ол құрылысқа керек ағаш іздеп жүр.

\* \* \*

Мейрамханада:

– Котлеттерің неге төрттекше?

– Қайтақұрылыстың талабымен осылайша жасалды.

– Боп– боз ғой, шикі ме, немене?

– Біз жеделдетуге көштік.

– Мына біреуінің шетін кім қыршып алған?

– Қабылдау комиссиясының төрағасы.

– Сен тіпті ойланбастан сайрайды екенсің?

– Бізде – жариялылық қой!

\* \* \*

– Горбачевтық қайтақұрылыстан кейін не болар екен?

– Шатыс-атыс болады.

\* \* \*

Түпнұсқа бойынша:

КПСС, МИР – Кто Правит Советским Союзом, Мишка и Райка!

ГОРБАЧЕВ – Граждане! Обрадовались Рано: Брежнева, Андропова, Черненко Еще Вспомните!

### **ВЛАДИМИР + ВЛАДИМИР + ПУТИН**

Ресейдің селолық мектептерінің біріндегі мұғалім еңбекақысын айлап ала алмай шаршап жүріп, бір күні Путинге

шағым хат жазып жібереді. Арада апта өткенде мұғалімге: «Москва. Кремль. Президент Путиннен» деген үлкен жәшік әкеп беріледі. Мұғалім мәз боп ашып қараса: әдемі теледидар, әдемі радиоқабылдағыш, бір бума гәзет, бес құты консерві жатыр! «Ә, Владимир Владимирович теледидар арқылы маған сәлем жолдаған шығар!» деп көңілденіп, іске қоса қояды. Экранда, әрине, Путин. Бір топтың ортасында демократия, адам құқы туралы сөйлеп отыр. Мұғалім басқа арнаны ашады: Путин Америка Құрама Штаттарын, Обаманы даттап сөйлеп отыр. Мұғалім басқа арналардың бәрін бірінен соң бірін ашады. Бәрінде Путин сөйлеп отыр, бірақ мектеп жайында бір ауыз сөз жоқ.

«Владимир Владимирович айтарын әлде радио арқылы жолдаған шығар?» деп ойлаған мұғалім радиоарналарды да түгел тыңдайды. Бәрінде де – Путиннің ағыл-тегіл сөзі. Білім, оқу, мектеп туралы ештеңе айтпаған.

Мұғалім: «Менің шағымыма жауабы әлде гәзетте шығар?» деп гәзеттерді шолып шығады. Бәрінде де – Путиннің суреттері, сөздері, Путинді мақтағыштардың мақалалары.

«Бұл қалай?!».

Сол сәтте көршісі кіріп келіп:

– Ей, Ваня! Саған Путиннен силық келіпті дейді ғой, маған неге айтпадың? Кәне, көрсетші! – дейді.

– Жібергендері, міне, мыналар, – деп мұғалім мән-жайды айтып, қолын сілтей салады.

– Ваня, жоқтан өзгеге ренжіп қайтесің, оданда, кәне, консервілерді ашайық!

– Жо-жоқ, олардан да Путин шыға келе ме деп қорқып отырмын...

\* \* \*

Троцкий – ағылшындардың жансызы..

Берия – ағылшындардың жансызы.

Андропов – ағылшындардың жансызы.

Березовский – ағылшындардың жансызы.

Путин ше?.. Ол шынымен абвер ме?

\* \* \*

Ресей президенті Путин сайлау жүйесін жетілдірді. Енді президент пен премьер-министр бірін-бірі ұсынумен бірінің орнына бірі сайлана береді. Бұл тәртіп – халықты сайлауға дайындалып әуре болудан сақтау.

\* \* \*

Ресейдің Орталық сайлау комиссиясы ел президенті сайлауына мынадай төрт тармақты бюллетень жасады:

1.Путин.

2.Владимир.

3.Владимирович.

4.Мұндағы кандидаттардың ешқайсысына қарсы емеспін.

\* \* \*

Путиннің дзю-до туралы кітабы Германияда неміс тілінде басылып шықты, аты – «Майн кампф» («Менің күресім»).

\* \* \*

Армян радиосына Мәскеуден сұрақ:

– Қоғамға маскүнем қауіпті ме, әлде нашақор қауіпті ме?

– Креслосынан айрылмауға жанталасатын президент қауіпті.

\* \* \*

Ресей телеарналарынан көретінің: киносериал, ауа райы, Путин, Путин, киносериал, Путин, Путин, ауа райы.

\* \* \*

– Путин мырза, президенттік айлықақыңыз 3 мың доллар, ал банктердегі есепшоттарыңызда 40 миллиард долларыңыз бар екен, сонда...

– Онда, сен тұрғай, құдайдың да шаруасы жоқ, ұқтың ба?!

\* \* \*

Путинді жақсы көру – заңдылық; жеккеру – қылмыс.

\* \* \*

Путиннен қорыққан дәретханаға бармас.

\* \* \*

Путин: – Бізде бағаны көтеруге ешқандай себеп жоқ, сондықтан себепсіз көтеріле береді.

\* \* \*

Путин, Медведев, Собянин (Мәскеудің мэрі) үшеуі сөйлесіп отыр.

Медведев: – Енді 40 жылдан кейін Ресей мәңгілік ел, ал халқы өте бай болады.

Собянин: – Оны біздің көре алмайтынымыз өкінішті-ақ!

Путин: – Өкінбе, көре алмайтынымыз жақсы.

\* \* \*

Обама: – Путин мырза, сен губернаторлар мен мэрлерді тағайындайды екенсің, оларды демократиялық жолмен халық сайлауға тиіс қой?

Путин: – Халыққа сенуге болмайды, кезкелген біреуді сайлай салады.

\* \* \*

Батыс баспасөзінің тілшісі: – Путин мырза, сіз азаматтық қоғамның қалыптасуын қадағалап отырсыз ба?

– Қадағалап, андып, қолға түсіріп, түрмеге жіберіп отырамын.

\* \* \*

– Путин мырза, сіз қашанға дейін президент бола бересіз?

– Керек кадрларымның бәрін байытып болғанша.

\* \* \*

– Ресейді жұмаққа айналдыру мүмкін бе?

– Әбден мүмкін.

– Ол үшін...

– Ол үшін: Путинді құдай, шенеуніктерді періште, әскерилерді әулие, полицейлерді әуейі, ал халықты құдайдың құлы деп жариялау керек.

\* \* \*

Путиннің сөздерін тыңдап отырғаныңда, оны басқа елдің президенті екен деп қаласың.

\* \* \*

АҚШ Ресейді дізерлетпекші, сірә, оның Путиннің астында жатқанын білмейтін шығар.

\* \* \*

– Сен Путиннің жолдауларына, жоспарларына сенесің бе?

– Әрине.

– Ал оның жоспарлары дегеніміз не?

– Ол... енді... баяғы сөздері... әлгі... ол баяғыдан бергі Путин ғой.

\* \* \*

– Путинге Нобель силығы керек пе?

– О, керек болғанда қандай! Оған физика саласындағысын беру керек, ол Ресейді керіөзгеріс заңымен басқарып отыр.

\* \* \*

Путин: – Біз келесі жылы байимыз!

Халық: – Қуанышыңа ортақпыз.

\* \* \*

«Халықтың сенімі жоғалды. Тауып алғандар Кремльге алып келсін, силық беріледі».

\* \* \*

Путин көріпкелге: – Мен өле-өлгенше президент болсам деймін, ол мүмкін бе, не істеуім керек?

Көріпкел: Өзің алды-артыңа жинап алғандарыңның жалақысын жартыжыл сайын өсіріп, ұйымшылдығын күшейте бер!

\* \* \*

Путиннің халыққа берген уәделері 33 том болыпты, ол сонысын Христостың ғибадатханасына қоюды ойластырып жүр.

\* \* \*

– Прасковья, Путин Украинаны мүлдем басып алмақшы екен!

– Өсек тасымасаңшы!

– Қайдағы өсек?! Украинаның президенті Янукович өзі тіленіп барып, №1 тұтқын болыпты ғой?!

\* \* \*

Путинге сұрақ: – Сіз Украинаны бассалып, одан Қырым тартып алдыңыз, ал ол екеуінің енді қайтадан қосылуы мүмкін бе?

– Мүмкін. Ол үшін Украина Қырымның қоластына өтіп, автономиялы республика болуы және Рамзан Қадыровты президенті етіп сайлап алуы керек.

\* \* \*

Хайуанаттар паркінде.

Путин: – Өте сабырлы, салмақты, жуас екен. Айтқаныңды ұғып-ақ отыр, бірақ сөйлей алмайды, қайтсін-ай!..

Бақ директоры: – Владимир Владимирович, андағы Анатолий Дмитриевич Медведев қой, паңда оның артында отыр.

\* \* \*

– Владимир Владимирович, штат қысқартуға қарсылық бола бастады.

– Әр ұжымның жартысын алды-арттарына қаратпай қысқарта салыңдар, сонда қалған жартысы жым болады!

\* \* \*

– Владимир Владимирович, сіз неге өтірік айта саласыз?

– Мен ешқашан өтірік айтқан емеспін, тек шындықты керек етпеймін.

\* \* \*

– Обама мырза, ең сөзқұмар, соғысқұмар елде президент болу қиын ба, оңай ма?

– Оны Путиннен сұраңыз.

\* \* \*

Түрмеде:

– Сені не үшін соттады?

– «Біздің президенттің ақылы шамалы» – деп қалғаным үшін.

– Сол үшін ғана ма?

– Иә. «Мемлекеттік құпияны» жария еттің» деді.

### 3. БЕЛГІЛІЛЕРДЕН БАЙҒАЗЫ

#### *ӘЗИЗ Несин, түрік сықақшысы* МОЙЫНДАЙСЫҢ БА, ЖОҚ ПА?!

Адамзаттың атаңа нәлет бір дұшпаны – ұйқы. Күндердің күнінде ғаламат бір ғұлама сиқыршы шығып, бұл дұшпанның сазайын тарттырар болса, онда оған болашақ ұрпақтар айтар алғыста шек болмас еді. Енді өзіңіз ойлаңызшы, адамның өмірі дегеніміз немене? Тұп-тура үштен бірі ұйқымен өтіп келе жатқан жоқ па? Оны да қойшы, көзің ілініп кетсе болды – көдедей көп партияның біріне мүшелікке жазылып та қаласың.

Бірде мен ұйқының тауқыметі туралы теңдессіз терең ойға шомып жатып, бұрын– соңды тірі жан аяқ баспаған залдан бір-ақ шықтым. От оранған зал төрінде, жалындай лаулаған тұғырда Мүңкір-Нәңкір түйіліп отыр. «И-иә, не істеп жүрсің?» – деді маған. Сұмдықтай суық сұрақ!

– Түрме атаулыны түгендеп жүрмін. Қолым босаған кезде ептеп жазған боламын, – дедім.

– Не жазасың?

– Жай, әншейін. Оны-мұны. Судан – шалап, удан – шарап...

– Тоқтай қал. Судан – шалап, удан – шарап жасайтынын айыпталушы өз еркімен мойындады деп түртіп қоюымыз керек.

– Мен ештеңе жасаған...

– Жасамасаң жасайсың! Ерте-кеші жоқ. Солай ма?

– Тіпті де олай емес.

– Сотпен сорлылар ғана салғыласады! Су дегеніміз – еліміздің бір байлығы. Оған Су шаруашылығы министрлігі ие. Ал Су шаруашылығы министрі – үкіметтің шенеунігі. Солай ма?

– Солай.

– Демек, сен біздің үкіметті мазақ етпексің ғой, ә?!

– Мен мазақ...

– Ондай қылмыскерге – бес жыл түрме! Енді шарапқа келейік.

– Жарайды.



– Шарап деген не? Ол – жүзімнің нәр-сөлінен жасалған шипалы ішімдік. Бізде шараптан басқа шипалы тағы не бар? Сөз бар. Ол қайда? Парламентте. Ал парламентте сөз сөйлейтіндер кімдер? Депутаттар. Депутат кім? Ол – заң атаулыны шығаратын өкіметтің өкілі. Демек, сен өкіметтің де беделіне нұқсан келтірмексің, қалай, мойындайсың ба, жоқ па?!

– Оны енді...

– Айыбын ағынан жарыла мойындады дейміз де, тағы бір бес жылды қосамыз. Жиыны он жыл. Енді әу бастағы «оны-мұны» қайта оралайық. «Оны-мұның» немене? Әрине, «оны-мұны» дегенің – біздің, яғни түріктің қарапайым адамы. Демек, сен біздің ұлтымызды мазақтадың. Қалай, мойындайсың ба, жоқ па?!

– Мойын...

– Тағы бес жыл! Жиыны он бес жыл. Санап отыр. Тағы не жазасың?

– Мен ештеңе жазбаймын!

– Жазасың, жазасың! Жасырмай айт!

– Хат жазамын...

– Тоқтай қал! Айыпталушы кейбіреулерге хат арқылы құпия хабар беріп тұратынын өз еркімен мойындады деп түртіп қоюымыз керек. Қалай, мойындайсың ба?!

– Кейбіреулерге...

– Тағы бес жыл. Жиыны жиырма жыл.

– Неше жылға жеткізу керек өзі?

– Бұл сұрағың – заң қызметкерін мазақтау! Мұныңды мойындайсың ба, жоқ па?!

– !?!

– Мойындайсың ба, жоқ па?!

– Мойындамаймын!

– Мойында, кәне!

– Жарайды, мойындайын.

Сот алқасы ақылдаса бастады: «Онысы, әрине, иә, иә...» –

«Оның үстіне, ә-ә-ә, өзі де...» – «Одан соң, ә, иә, дұрыс, дұрыс!...»

Сот бірауыздан мынадай үкім шығарды: «Айыпталушының айыбы дәлелденді. Алайда, қылмыстың жүзеге аспағаны, яғни қылмыстының ойдан қимылға көше қоймағаны ескеріліп, кесімді мерзім екі жарым күнге қысқартылсын. Айыпталушы жиырма жылға емес, он тоғыз жыл үш жүз алпыс екі жарым күнге түрмеге кесілсін және тамұқтың түкпіріне он жылға жер аударылсын. Егер қылмыскер жаза мерзімін өтеп үлгермей өліп кетсе, оның жазасының қалғанын мұрагерлері өтейтін болсын».

Үкім оқылып болысымен Мүңкір-Нәңкір мені дедектетіп ала жөнелді. Мен шошып... ояндым. Қара су боп терлеп қалыппын.

«Түс – түлкінің боғы» дегенді алғаш айтқан адамнан айналып қана кетейін– ай!

### ДАМБАЛЫҢА БАУ АЛУДЫ ҰМЫТПА!

Таңертең қызметке жиылып-теріле бастағанымда, ол да бастады-ау:

– Саған қақсағанымызға, міне, үш күн болды, сонда да кәперіңе кіріп-шықпайды... Үйде бір түйір ірімшік қалмады! – деді.

Үш күн болса қайтейін! Ақшасыз қақсағанынан не қайыр?

– Иә, ірімшік әкелдің бе? – дейді кешке. Мен трагик-актерше маңдайымды алақаныммен сарт еткізіп, «Түһ! Ұмытып кетіппін!» деймін.

Жол табылды. Таңертең басымды изеп-изеп шығамын да, кешке баяғы әніме басып, «Түһ! Ұмытып кетіппін!» деймін.

Үшінші күні, «Иә, ірімшік әкелдің бе?» деген дәстүрлі сұрақтарын ести сала алақынымды ыңғайлай берім едім, әкем менше, «Түһ» деп кейіде де, жанындағыларға жабырқай қарап; «Ол ұмытып кетіпті» деді. Әкемнен де қулық қалмаған екен.

Әдісім адыра қалды.

Келесі күні таңертең қырынуға кірістім.

– Ірімшік ала келуді ұмытпа!

– Жарайды.

Бәтеңкемді киіп отырмын.

– Сабын ала кел!

– Құп!

Баспалдақпен түсіп келемін.

– Қант сатып алуды ұмытпа!

– Жақсы, жақсы!

Сыртқы есікті аша бердім.

– Әй, шығып кеттің бе? Кофе, кофе!

– Кофеге не болды?

– Таусылып қалды!

– Әкелем!

Сыртқа шықтым. Сытылған-ақ шығармын деп қуандым.

Терезені тарсылдатты.

– Е, немене?

– Оқыралап барасың ба? Бері кел, ыдыс ала кет! Зәйтүн майы керек.

– Әкелем, әкеле-е-ем!

Қайырылмай кете бердім.

– Әй! Үйде бір түйір күріш те қалмапты! Кешке ала кел!

– Әкелем!

Міне, олар мені күнде таңертең осылай шығарып салады. Бұл – бісмілдәсі ғана. Менің қарам үзілгенше аржағымнан әмірлі тапсырма қарша борай береді:

– Ә-ә-әй! Дамбалыңа бау алуды ұмытпа. Тәуірінен ал! Ұмытпа!

– Бесінші шамның шишасын ал!

– Кәрәсінге пілте керек!

Пәледен қашқан машайықтың кебін киіп, жүгіре басып бұрышты айналып кетемін. Сол сәтте соңымнан бір балақай қуып жетеді.

– Апам айтты...

– Не айтты?

– Сарымсақ та бітіп қалыпты.

– Оған сәлем де. Есіне түскендерінің тізімін жасай берсін. Басқасын кешке ала келем.

Өстіп қызметке барам. Барғанмен не тындыратынымды сезіп отырған шығарсыздар, ойымда да, көз алдымда да тек: ірімшік, май, сарымсақ, дамбалдың бауы, т. б. тұрады.

Бүгін де кеңсеме осы «жарықтықтарды жамыратып ала кірдім». Басымды бас емес, азық-түлік пен дүние-мүліктің дүкені дерсің.

Кешке жіберіп үлгіре алмаған бір шұғыл қатынас қағаздарды дереу реттеп, тиісті орындарға аттандырып, «уһ!» деп дем алып отырған бір әредігімде бөлмемізге директорымыз кіріп келді. Беті безеуленіп, мұрны қусырылған. Маған бір қағазды ұсынып:

– Мынау не? – деді.

– Қағаз...

– Оқы! Дауыстап оқы!

Бөлмедегі машинистка, хатшы, қызметкерлер, бәрі елең ете қалды. Мен қағазды алып, оқи жөнелдім. «Бас басқармаға. Мәртебелі бастыққа. Пәленбай күнгі түгенбай нөмірлі бұйрығыңызға жауап. Шұғыл түрде шұқшия тексерілуге, нақты шара қолданылуға тиісті жәйттердің бәрін жөнге келтіріп, алдыңызға жайып салып отырмыз. Осыған орай мына төмендегі мәселелердің басын ашып, бекітіп берсеңіз екен:

– Шаруаларға арнап шығарылған ірімшіктің бізге қажеті шамалы, себебі бағасы тым қымбат сияқты;

– дамбалдың бауын Махмұт-паша ауданындағы кезбе саудагерлерден сатып алған жөн;

– котлетке деген екі жүз елу грамм сиыр етін тұтас бермей, екі бөліп беру керек;

– шамның шишасын сатып алғанда өткен жолғыша сынығын ала салмай, бүтінін таңдап алу керек;

– сабынның қымбат екенін ескеріп, сабынды суды беталды төге салмай, тағы да кір жууға пайдалана білу керек;

– кофені үнемдеу үшін оның самасын екінші рет қайнатып ішу қажет.

Бұл құжатты сізге жолдағандағы мақсатымыз: басшылыққа алынып, көпшілікке таратылып, орындалуы қадағаланса екен дейміз...»

– Сонымен, бұл немене? – деп директор тағы ежірейді.

Ресми құжатты басымдағы барыммен толтырып, айдалаға қаңғып кеткенімді түсіндім.

– Саған не болған? – дейді директор.

– Білмеймін, – деймін.

– Сен сандырақтасаң сандырақтаған шығарсың, ал бастығыңның қол қойғаны несі?

– Жауапсыздығы! – деп бұрқ еттім.

– Мейлі, солай– ақ болсын... Ал хат бөліміндегілер ай қарап отыр ма?

– Олар да бетімен кеткен!

– Мейлі, олар бетімен кетсе кете берсін, ал директордың орынбасары не бітіріп отыр?

– Омалып отыр!

Директор сәл-пәл ойланды да:

– Бәрі де байқамай қалған болды. Ал мен ше? Мен бұл былжырақты бас директорға қалай ғана жібердім екен?! – деді.

– Иә, бұл енді...

– Немене-е-е?!

– Қатып кетті!

– Ал егер бас директор сенің бұл шатпағыңды оқымастан министрге жолдап жіберсе қайттік?

– Онда – құрыдық! – деп бөлмедегілер шу ете қалды.

– Жоқ, біздің су ішеріміз бар екен! Бас директор асығып-үсігіп жүріпті де, бұл құжатты министрге деген конвертке салмай, бір көңілдес әйеліне деген конвертке салып жіберіпті.

– Уһ!

– Ал поштадағы алаңғасарлар ол әйелге деген хатты маған

жіберіпті. Министрге жолдаған пакет ұшты-күйді жоқ.

Бәріміз де көңілденіп, серпіліп қалдық.

Алаңғасарлар жасасын!... Рас, кейде олардың «арқасында» газеттерден: «Пәленбай мекемеде жалақы үнемдеу мақсатымен жиырма екі қызметкер жұмыстан босатылды. Олардың орнына үш жүз адам алынатын болады», – деген хабарландыруды оқимыз кейде. Оқасы жоқ. Өмірде бәрі де болады!..

***Бронислав НУШИЧ, серб сықақшысы***  
**ПАРТАЛАСТАРЫМНЫҢ БӘРІ – МИНИСТР**

Шәкірт шағымды ең соңғы партада омалып отырумен өткіздім.

Соңғы парта шәкірттің оқу үлгіріміне құдайы куә орын екенін әу баста-ақ сездім де, оған жайбарақат жайғасып, бауыр басып алғаным соншама, құдды үйімде отырғандай рахаттанатын болдым.

Солайша отыруым сыныптас жолдастарымның бәрін тусырттарынан түгел көруіме қолайлы болды да, сенесіз бе, сенбейсіз бе, мен «бұлардың көбі министр болып шығады» деп сәуегейленетінмін және, құданың құдіреті, сол болжамым қолмен қойғандай келді.

Егер бұл айтқаным әлдебір пенде шүбәленар болса, оған бүкіл мән– жайды әңгімелеп беруге әрқашан әзірмін.

Менің, мәселен, Р. атты жолдасымның жауырыны ерекше жалпақ еді. Сол қақпақтай жауырынға күнде қарап отырған сан жыл бойы мен ондай жауырынның өмірдегі орны да жалпақ болады деген ойдан жаңылған емеспін. «Бұл жауырын ауыр-ауыр қаптарды, немесе мемлекеттік жүктің небір зілбатпанын көтерер, осы екеуінің бірі болар», деп ойлайтынмын. Құдай оның еңсесін ерекше еңкіш етіп те жаратқан екен, ал біздің мемлекетте еңсесі еңкіштердің жолы болғыш еді де, еңсесі тіктер алысқа бара алмайтын-ды. Сондай жағдайда мұндай жалпақ жауырынға министрдің креслосы өлшеп ойып қойғандай-ақ

жараса кетер деп топшылағанмын. Әсте қателескен жоқпын. Ол жалпақ жауырын кейінде талай жолды жарып өтіп, министрдің орнына жата қалғандай жарбиды.

Піл мен алып адамның алай– былай аударыла бұрылуы қиын деген сөз, сірә, рас шығар, олай екеніне әлгі жолдасымның арқасында менің де көзім жетті – ол министрдің креслосына сол қонжығаннан осы бүгінге дейін жан-жағына бұрылмастан отыр, тусыртында не болып жатқанын да көрмейді.

Одан басқа тағы бір жолдасым министр болып шықты. Мен оның да жауырынынан көз ала алмайтынмын, өйткені онысы ер салу үшін жаралған сияктанатын. Солай екен, арқасы былай тұрсын, жаны да ерттеп мінілді. Оның пальтосының үйкеп-үйкеп қойғандай-ақ үнемі жалтырап тұратын арқасына еріксіз қарайтын едім. Өзге шәкірттердің пальтоларының шынтақ тұстары, шалбарларының дізесі, не белден төменгі әнеу жағы жылтырап тұрса, оның пальтосының жауырын тұсы жып-жылтыр болатын да жүретін. Ол жолдасым сол шәкірт кезінде-ақ саудамен айналысып, оны-мұныны алып-сатуды үйреніп алды, бірақ, құдай өзі кешіргей, онысынан дәнеңе шығара алмады, алайда, оның есесіне, кейін жолы болды, әнеки... Оның ерттеуге лайық арқасына ие табыларына мен сол мектепте жүргенде-ақ сеніп: «Бір ерттеліп қалғандар тыпырлаумен күн кешер» деген қанатты сөзді есіме жиі алатынмын. Бұл жолдасым тусыртына министрдің креслосы жабысқанға дейін жайдары, елпілдек, бірге туысқан аға– ініміздей бауырмал еді, ал ерттелуі мұң екен – біздің конституциялық мемлекетіміздің талабына сай шоршып, мөңкіп, бажылдап кеп отыратынды шығарды.

Үшіншімнің жауырыны қандай екенін білмеймін, себебі ол бірінші қатардағы партада отырды да, ең арттағы маған оның қалқайған құлақтары ғана көрінетін. Өзі тапал, сидіған бала еді. Партадан құлағынан соң шошайып екі иығы ғана шығып тұратын. Маған соларынан басқасының көрінбеуі, әрине, қисынды ғой. Қиырға қарағандай көзімді сығырайта барлап

баққанымда маған оның иықтары екі төбешік тәрізденетін де, құлақтары көкжиекке сіңіп бара жатқан екі күн сияқтанатын. Ол, әлбетте, менің бала қиялымның көргені ғой. Ал дұрысында оның құлақтары дыбыс аулауға жаратылып қалқайып тұрған әлде бірденеге ұқсайтын. Еліріп естігіш те, еліп етіп тыңдағыш та болды, яғни оған басқа бір мамандықты көкसेп шаршап-шалдығу керек емес еді. О, иә, партадан сәл жоғарыда қалқайып тұратын ол құлақтардың келешегі жарқын боларына сенгенім қате болмады. Бүгінде ол құлақтың жоғарылап кеткені соншама, бір күні партияның туына айналып жүре беруі де ғажап емес.

Және бір дос-жолдасым есімде. Оның арқасы қушиған иықтан төмен қарай жалпайып жататын еді. Ол соңғы партадағыларға құдды бірдеңені тым толтырмай салып, аузын бүре іліп қойған қапшық секілденіп көрінетін және ол «қапшық» партаны жалғыз жайлап отыратын. «Құдай мұншама бөксе берген кісінің өмірде алар орны да кең болатын шығар», деп ойлайтынмын. Тұп-тура солай болды. Мектеп партасымен қоштасқаннан кейінгі жерде екі орынға отырды, бір орынға симады. Бір орындыққа симайтын балпықтардың өздігінен көтерілуі қиын болады дейтіндер бар. Олай дейтіндер ондайлардың төңірегінде әуілдеп көтергіштер жүретінін ескере бермейді. Менің сол дос-жолдасыма да көтергіштер табылып, көтеріп апарып-апарып, бір сәтті күні екі министрдің креслоларына балпитып отырғыза қойды. Ерекше жалпақ жаратылған бөксеңіз бұл өмірдегі жағдайы да ерекше болар деген ойымның қиыс кете қоймағанын аңдаған шығарсыздар.

Алайда жолдастарымның көбі пәленбайлардың қабылдау бөлмелерін әлі де адалап, кезек күтіп кіріп-шығып жүр. Сірә, сіздер Белград гәзеттерінің «Бүгінгі жаңалықтар» деген бұрышынан олардың аты-жөндерін ұшыратқан да боларсыздар. Үкіметтің кезекті дағдарысы бастала қалғанда олар жаңа үкіметтің құрамына кандидаттар деп жазыла қояды. Сіздер сабыр сақтап күте тұрыңыздар, олар ертең-ақ шапшып көтеріліп,



дүйім жұрттың көзіне түседі, әне, сонда мен олардың сонау шәкірт шақтарындағы жауырындары туралы жырлап отырып сыр шертіп беремін.

Мен жолдастарымның бет-әлпетін әңгімелемедім, өйту қажет болмас та, себебі олардың бәрінде дерлік бет жоқ.

## ҚАРСЫ АЛУ КОМИТЕТІ

Бір күні маған бір кісі келді де, қарсы алу комитетінің сол күнгі кеште болатын мәжілісіне қатысуымды қызша қиылып тұрып өтінді. Ал мен оның ұсынысына титімдей де таңданған жоқпын, өйткені қарсы алу комитеттері дейтіндерге бала жасымнан-ақ мүше болғанмын. Олардың мәжілістеріне бұл өмірімде небары бір-ақ рет қатыса алмадым. Туған күніммен тұспа-тұс келгенінде (менің орныма әкем, акушерка және көрші әйел барған). Одан басқа уақытта қатыспай қалған күнім жоқ және болмайды да.

Менің қатысатын себебім, біріншіден, ешқашан ақы төленбейтін ондай іске «ерекше қабілеттімін», екіншіден, менің нақ болжауымша, қарсы алу комитетіне тірлігінде тым құрыса бір рет мүше болуды көксемейтін серб жоқ. Қарсы алу мен шығарып салу – біздің ең сүйікті ісіміз екенін өздеріңіз жақсы білесіздер де.

Бізде қарсы алудың балталасаң бұзылмастай жасалған бағдарламасы бар. Егер мемлекеттік баспахана оны өзі үшін мол таралыммен басып шығарып, баптап таратып сатар болса, мемлекетке қыруар кіріс кіргізер еді.

Ал бадалған бағдарлама мынау:

1. Стансада қарсы алу. Төрағаның құттықтау сөзі. (Ұрандап «уралау»).

2. Қонақасы. (Өзара қолпаштаудың қыздырма қызыл сөздері. Содан кейін жаппай сүйісу).

3. Концерт. (Концерт атаулымыздың бағдарламасы тұрақты).

4. Қала сыртында серуендеу. (Тамақ мәзіріміз: сарымсақ қосылған жас сыр, қой етінен шашлық жеу. Мылтық ату және қошемет сөздер айтысу).

Мен бұл бағдарламаны жатқа білемін және, басқалар байқағандай, «бойымда бір ерекше қабілет бар», сондықтан жаңағының айтқан комитетіне мүше болуға дереу келістім де, кешке мәжілістеріне жетіп бардым.

Төрағаның алдында, әрине, қоңырау тұр да, комитеттің мүшелері қағаздарын жайып, қарындаштарын үшкірлеп ұштап, іске дайын отыр екен. Маңызды мәжіліс басталып кетті.

Комитет мүшелерінің біреуі сайрай жөнелді:

– Мырзалар, меніңше, біз ең алдымен аса мәнді бір мәселені шешіп алуға тиістіміз. Меймандарды, әрине, қарсы аламыз, бірақ оларды қарсы алу үшін бәріміз өзіміздің значегіміз бар телпегімізді киіп шығуымыз керек.

– Оны қоя тұр, алдымен пәтер іздеп табуымыз керек! – деп қалды әлде-кім.

– Дұрыс, бірақ пәтер табу үшін телпегіміз болуы қажет, – деді бірінші.

– Мырзалар, меніңше, біз ең алдымен бағдарлама жасап алайық, ненің керегі сонда айтылуға тиіс, – деді комитеттің өзге бір мүшесі.

– Дұрыс-ақ! – десті көпшілік.

– Дұрыс болса, мен бағдарлама жасауды Бен-Акибаға жүктеуді ұсынамын, – деді әлгі мүше.

– Дұрыс!

– Қабылданды! – десті комитет мүшелері бірауыздан.

Сөйтіп, мен меймандарды қарсы алудың бағдарламасын жасадым. Мінеки:

5. Вокзалда қарсы алу. Ол мынадай үш кезеңге бөлінді: қызу құттықтау, аспандата мылтық ату, вокзалды басымызға көшіре: «Жасасын! Урра-а-а!» деп айқайлау.

6. Қаланы аралату. Шет ел саяхатшысының бағдарлама-

сында өзі барып түскен қаланы аралау міндетті болатынын білесіздер. Біздің қаланы да араласын, көрсін, тамашаласын, кейін айтып жүрулеріне қажет жақсы әсер алсын. Менің соны ескеріп жасаған бағдарламада олар мына жерлерде болуы керек: Халықтық скупщинада; көркемдік мектебі ғимаратында; Джура Якшичтің зиратында; Дін қызметкерлері қоғамының ғимараты мен залында; әулие Марк алаңындағы саябақта; Көк орамдағы ғажап базарда; сонсоң Теразиядағы арнаулы темір күркеде.

*(Скупщина – парламент; Джура Якшич – 1832-1878 – белгілі серб ақын-жазушысы. Теразия – Белградтың бас көшесі; арнаулы темір күрке – сондағы қоғамдық дәретхана, – аудармашы).*

7. Қонақ асы.

Оның мәзірі былайша:

Жас сыр мен редис.

Қолпаш сөз.

Сардин балық.

Қолпаш сөз.

Уылдырық.

Қолпаш сөз.

Қышқыл шөп көже.

Қолпаш сөз.

Қабырға-қуырдақ.

Қолпаш сөз.

Үйтіп пісірілген тоқты.

Жұртты түгел жылататын жалынды қолпаш сөз.

Салат.

Қолпаш сөз.

Үйтіп пісірілген торай.

Жұртты жаппай сүйістіретін жалынды қолпаш сөз.

Салат.

Қолпаш сөз.

Самса.

Қолпаш сөз.

Кофе.

Қолпаш сөз.

Менің бағдарламам, міне, осындай болды. Мұны жүзеге асыру үшін комитетті көптеген кіші комитеттер мен секцияларға бөлуді ұсындым. Олар белгілібір міндеттерді орындауға тиіс. Яғни мен мынадай секциялар мен кіші комитеттер құруды ұсындым:

8. Қонақасыны ұйымдастыратын кіші комитет. Оған уылдырықтың желінбеуін қадағалау міндеті жүктелуі керек. Неліктен екенін кім білсін, әйтеуір, қонақасы мәзірінде уылдырық бадырайтып жазулы болады да, үстелде ырымға бір түйірі де болмайды. Ал кейін анықтасаң: қонақасыны ұйымдастыратын комитет орындарды бөлу мәселесін қараған мәжіліс кезінде оны жалмап қояды екен. Мен, әрине, уылдырықтың тіске басар жақсы нәрсе екенін, комитет мүшелеріне қимайтын дүние емесін құптаймын, алайда ол мәзірде де, үстелде де болсын.

9. Сән-салтанат жөніндегі кіші комитет. Бізде, серб азаматтарында, орден мен медальдің көптігі соншама, егер кезкелген той-мерекеде бәріміз түгел тағып шықсақ, сән-салтанат комитеті бола қалар едік. Бірақ менің көздегенім – ондай комитет емес, көше бойына жалаулар, гүлдестелер іліп, төңіректі түгел жайнатып қоюға тиіс комитет. Ол – өте маңызды комитет. Ілуге болатын жердің бәріне жалау іліп, қыстыруға болатын жердің бәріне гүл қыстырып, ине шаншар бос жер қалдырмасақ, сонда көшелеріміздің арса-арса болып тұрған жыртық-тесігі үшін қала басшыларымыз ұятқа ұшырамайды. О тұс пен бұ тұстағы қиқы-шойқы көпірлерді гүлмен көмкеріп қойсақ, қиылыс-бұрылыстардағы алқам-салқам, алба-жұлба киімді қарауылдарды гүлге орап, қолдарына жалауша ұстатып, қуыршаққа ұқсатып қойсақ, сонда біздің қаламыз суреттей сұлу болып, құлпырып кетеді.

10. Айқай жөніндегі кіші комитет. Бұл кіші комитеттің құрамына: қалалық кеңестің екі мүшесі және саяси жиналыстарда жын ұрғандай жұлқынып сөйлеп үйренген, кеңірдегі көн болып, қырылдаудың не пәле екенін ұмытқан шешендер енуі керек... Бұл комитет өзінің де, бүкіл халқымыздың да айқайға басқанда аспанды шайқалта алатынын көрсетіп, меймандарға ұлттық мінез-құлқымызды анық танытуы қажет.

11. Меймандарды көтере алатын кіші комитет. Бұл комитеттің мүшелері ең күшті жігіттер болуы керек. Біз қашан, нені болсын көтеріп кете беретінімізді шетелдіктерге мықтап көрсетуге тиіспіз. Комитет мүшелерінің міндеті – біз туралы жақсы сөз айта бастаған меймандарымызды дереу тік көтеріп алып, айқай жөніндегі комитет мүшелеріне қосыла құлақ тұндыра ұрандау.

12. Зеңбірекші комиссия. Бұл қандай зеңбірек сатып алуды әлі күнге дейін білмей жүрген анау-әлгі комиссиядай болмауы керек. Біздің комиссияға өйтіп бүкіл Еуропаны шарлау қажет емес. Жоқ! Біздің комиссия әулие Марк шіркеуіне барсын да, шіркеу басшыларынан ескі зеңбіректерінің кезкелген біреуін уақытша ұстауға сұрап алсын. Ол комиссия қиналар шаруа емес, себебі: біріншіден, әулие Марктің қамқоршылары өте кеңқолтық кісілер, екіншіден, бұл іске Австрияның қиліге қоймасына мен ерекше сенімдімін. Зеңбірекші комиссия зеңбіректі алысымен Ату жөніндегі кіші комитетке айналуға тиіс.

Менің бағдарламам қапысыз жасалған болып шықты да, меймандарды қарсы алу комитетіміз оны бірауыздан қабылдады.

**Оспанхан ӘУБӘКІРОВ, әзіл– сықақшы**  
**БАЙҒЫЗ ҚАЛАЙ БАСШЫ БОЛДЫ?**

«Аты-жөні жоқ далбандап ұша бермей, жөн сілтеп, ақыл айтып отыратын бір басшы сайлап алайық», деп ұйғарыпты құстар қауымы. Бас болып басым айтуға, кем-кетігімізді ашып айтуға кім лайық болар екен, деп ақылдасқанда, бірі тұрып: «Жапалақ дөп», депті. «Дөп десең, дөбінді түсіндір», дейді ақыл қосып отырғандар. «Дөп дейтін себебім, біріншіден жапалақтың беті теп-тегіс те; екіншіден, бетіңе бедірейіп қарағанында жүзің төменшіктеп, жерге кіріп кете жаздайсың. Басшыға бетті біреу жөн десек, жапакеңнен басқа таңдау жоқ». Бәрі бірауыздан осы шешімге шекпен жауып, жапалаққа барып, бұйымтайларын айтады. «Рас, – дейді жапалақ, – бетімнің тегіс екені тегіс, бірақ ақыл кеміс. Ақыл кеміс болған жерде құр бедірейіп қарағаннан не пайда? Ал басшымыз тек бедірейгеннен болсын десеңдер, байғызды айналдырып көріңдер. Бедірейген бет те, едірейген көз де содан табылады». Мынау Аллада жоқ ақыл екен, десіп әлгі бұйымтайды байғызға алып барады. Байғыз бұларды тесірейіп отырып тыңдайды да: «Басшылық ету – менің ата кәсібім, үрім-бұтағымызбен көз ашқалы үстелді тоқпақтап келеміз. Қаласандар аяқтарыңды бір етікке тығып, қаққанда қандарыңды, соққанда сөлдеріңді алып отырайын. Ал сендерге керегі бедірейген болса, бетіме қарағанның беті күйетіндей бедірейгеннің көкесін көрсетемін!», дейді. «Әйтеуір, алдына келгенде бедірейіп отырсаң болды, айналайын!», десіп мәз болған құстар байғызды басшы сайлап тарасыпты.

**ТОҚАЛДАН ТУҒАН БҮРКІТ**

Қарға жапалаққа ішкен-жегенін айтып, масайрап отырғанда көк аспан өрт қойғандай шатырлап ала жөнелді. «Ойбай, аспаннан тас құлап келеді!», деді жапалақ, сонау зеңгір көктен зеңбіректің оғындай зырқырап келе жатқан қыранды көріп. «Тастан садаға кетсін, бүркіт деген қояншық осы болады,

қырыққа келгенше қырыққа дейін сан білмейді, ертеден кешке дейін аспан мен жердің арасын өлшеймін деп әуре. Бала күнімзде-ақ әлемді қаттап– шоттап есебін алып қойғамыз, жер мен көктің арасы пәленбәй шақырым десем сенбейді де, кеудесі сырылдап, құйрығы шұрылдағанша көз жетпес биікке шығады да, қайта бұрылып бір, екі, үш деп санай бастағанда-ақ басы айналып, осылай домалайды. Өлсін, қызталақ!» деп қарға тісінің арасынан шырт түкіріп қойды. Осы кезде жер әлемді көшіріп зырқырап келе жатқан қыран қыр астына жайдың оғындай шаншыла түскен еді. «Жүр, барып көрейік», деді қираған, бұзылған, жарылғанды қызық көретін жапалақ. «Қой, құрысын, жәпаке, пәледен аулақ, «қарға бүркітті сабап кетіпті» деген сөзге қалдырмақсың ба? «Тек жүргенің – теңге, ағаң үйленсе – жеңге», дейді біздің қарғалар, теңгең болса, жеңгең болса, дауда нең бар? Баяғы бала кезде бір бүркітті тартып жіберем деп сөзге қалғаным бар». Қарға қыран аттанғанша ымды білмес жапалақты әңгімеге айландырып бөгей тұрмақшы еді. «Алайда, өз бауырыңды жамандағанмен біреу саған жақсы бауырын бере ме, қанша айтқанмен түбіміз бір. Әкем марқұм тоқсанға келгенде тоқалы тауып берген екен осы бүркітті. Тоқалдан туған бала қай бір оңған дейсің? Есі болса жер мен көктің арасын өлшегенше аузымен құйрығының арасын біліп алар еді, құдай жынды ғып қойған соң не шара, аман болсын әйтеуір, бәрінен бары жақсы», деді қарға езуіне қатқан бірдемені алып тастап. Осы кезде тояттаған қыран қыр астынан қиялай шығып, тауларға қарай бет алды. Қарғаның манадан бері иегі қышып, сарғая күтіп отырған шағы осы еді. «Силы қонақ келе қалғандай болса, өле қалғандай болмай, сойып берем бе деп байлап отырған бір ту түлкім бар еді. Жанағы жер өлшегіш қояншық кеп жеп кетпесе, екеуіміз бір сорпаланайық, жүріңіз, жәпәке», деп қырға қарай қалбаң-құлбаң етіп ұша жөнелді.

«Бәсе, айтам ғой, жеп кетіпті! – деді қарға аппақ қардың үстінде қып-қызыл шиедей боп жатқан қанды көріп, түбіміз

бір деп осы тентек-ақ түбіме жететін болды. Тоқалдан туған тексіз ит, көк тиын табысы жоқ, екі көзі менің малымда... қайта қалдырыпты, кел, жәпәке, отыра қал да оба бер!».

Екеуі әлі буы бұрқырап жатқан семіз түлкінің қызылына тұмсықты да, тырнақты да салды. Қыранның қалдығын жеп, сарқытын ішіп күн көріп жүрген сорлы қарға, анау-мынау деп өсектемей-ақ қыранды қыран десе тағынан түсіп қалмас еді, қайтесің?!

### ЕРКЕК АРМАНЫ

Анау: Елдің еркегіне қарасаң, қысыр емген тайдай тулап, жердің миын ойып жүр. Менің түрімнен адам шошитын шығар. Кеше ғана бұлшық еті бөтелкедей бұлтылдаған, бұғыдай боздақ едім, саған жолаймын деп арқа етім арша, борбай етім борша болды. Міне, енді не тай емес, не тайлақ емес, не еркек емес, не кермек емес, мұрты бар әйел секілді бірдеңе болдым да қалдым, бүйтіп көрген күні құрысын!

Мынау: Жарық дүнием-ау... тыңдасайшы...

Анау: Жарық дүнием десең, жарық дүниені көрсетпейсің бе маған? Мен осы өмірімде не көрдім?! Елдің еркегі футбол десе тіпті семьясынан ажырасып, сонау Алматыға барып доп көріп келеді. Солардың қайсыбірінің «Қайрат» үшін қабырғасы қайысып, омыртқасы майысып жүр дейсің?! Допты сылтаулап, жоқты сылтаулап, аулаққа шығып «албасты» қуу. Ал сен мені пештің түбіне отырғызып шөгеріп, картөшке аршытып қоясың. Құдай есебінді тапқыр, кет әрі!?

Мынау: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар. Бәрінен де картөшке аршып, қарын тойдырған озар», деп бекер айтпаған. Қанағат қылмасаң, оған да зар боласың. Тоба қылған тоңбайды, тобасыз қу оңбайды.

Анау: Картөшке аршып озғаным сонша, осы күнге дейін шойын жол көрмеппін. Елдің еркегі сәмәлеттен түсіп кемеге, кемеден түсіп пойызға, пойыздан түсіп тәксиге, тәксиден түсіп



ресторанға міндік деп, адам естімеген не бір бәлені айтып жатады. Мен колхоздың шөбін ұрлайтын есек арбамнан басқа не көрдім?! Жатсам түсімде көретінім – сен. Сенен басқа не көрдім? Елдің еркегі ескісінен ажырасып, жаңасын алып, жаңасынан ажырасып ескісіне қайта келіп жатады. Мен-ақ саған жабысып қалған.

Мынау: Ажырасқың келсе, әлиментінді өзім төлеп тұрайын, балалардың қасында қал.

Анау: Оны ар санайтын заман жоқ. Елдің еркегі бұрынғы әйелдерінен әлимент алып тұрады. Өйтем десең, сенде көз құным қалған жоқ, басың ауған жаққа кете бер. Осындағы жесір еркектер секілді бір күнімді мен де көрермін. Елдің еркегі маевкаға бардық, сөгіс алдық деп жатады. Мен соның бірін көрдім бе?

Мынау: Маевкаға бір үйден екі адам қатысуға болмайды. Биылғы маевкасына мен барайын, ендігі жылғы майда сен бара ғой.

Анау: Е, сөйтші, мен бір дем алайын...

### ***Михаил ЗОЩЕНКО, орыс сықақшысы***

#### **БЕТПАҚ**

Жазғы бақта жадырап отырмын. Езуімде – темекім. Қатарымда орындықта тағы біреу бар. Әлде монтер, әлде техник. Темекімнің түтінінен тыжырынып қояды.

Көршімді ыстамайыншы деп аузымды ары бұрамын, бері бұрамын, – болмайды. Жел соған қарай айдап тұр.

Бір кезде монтер мені жеңімнен түртіп:

– Ей жолдас, түкке тұрмайтын бірдеңені бықсытқанша, мына ағылшын шылымын шегіңіз. Англиядан бір ағайым беріп жіберіпті, – деді. Қалтасынан қорап алып ұсынды.

– Өзіңізге қалмай жүрмесін? – дедім.

– Жо-ға. Алыңыз. Бұ шетел дүниесін көргенде талып түсе жаздайтыным рас, әйтсе де, алыңыз.

Темекісін алдым.

– Шетелдің нәрсесі шынында нәрсе-ақ. Бірден танылады. Татымды мүліктері көп, – дедім.

– Көбіңіз не, бәрі де керемет қой. Шетелдікі дегенше – ғажап деңіз. Қылаяғы көжектеріне дейін ерекше. Өткен жолы кооператив бізге австралияның мұздатылған көжек етін берді... Көжек деп, эне, соны айт. Аузыңа апара бергенде-ақ тісің иіп, тілің балқып кетеді. Ал біздің көжектер ше? Тфу! Сидиған төрт сирақ пен тұштиған бір құйрық. Көжек емес, аштан арам қатқан күшік пе, әтеш пе, – бірдеңе... Бізде мәдениеттіліктен мысқал белгі болсайшы. Бағана мен әлгі ішек-қарыннан жасалған колбасаның жарты қадағын терезенің алдына қоя салып, жүгіріп бір шаруама барып, қайта келсем – колбасам жоқ. Мысық қақшып кетіпті. Советтікінің сыры белгілі емес пе... Иә, темекі қалай екен? – Монтер сәл бөгелді де, қайта сөйледі. – Көжегі тұрыпты, темекілеріне дейін ғажап, а? Англиядан баяғыдағы бір ағайым беріп жіберіпті... Эмигрант... «Бауырым, біздің темекіні де тартып байқа» депті... Көкірегіңізді кере жұтыңыз... Мен үш күн бойы тартып жүрмін, тіпті бар-ау, жасарып бара жатқандаймын. Түтінін қарасаңызшы, түтінін. Түтін емес, тұп-тура көгілдір сағым дерсің. Біздің орыстарда мұндай түтін қашан болып еді?.. Мұндай мақтаудың өзі артық. Өйткені, әлемге аян. Сыртқы түрі-ақ айтып тұр ғой. Сүп-сүйкімді. Әп-әдемі. Тығыздап орағандары қандай керемет. Қорабын қараңызшы: былайда көзге қораш нәрсе сияқты, ә? Бірақ қарапайым да келісті жасалған. Тап-тұйнақтай. Олпы-солпысы, жыртық-мыртығы жоқ. Ағылшын тіліндегі жазуы қандай жарасымды... Е-е-е, бізге мұндайды жасау қайда! Қарын тойғанды ғана ойлаймыз біз.

Қорапты алып қарай бастадым. Шынында тәп-тәуір екен. Қақпағына ағылшын тілінде әлдене жазылыпты. Ал түп жағында ұсақ әріпті: «Гублит. Типогр. Акад. Наук. Тучкова наб.» деген жазу тұр.

– Мына бір жазуларына қараңызшы, – дедім монтерге.

Монтер қорапты алып қарап, оқып, саусағымен шерткілеп ойланып отырып:

– Алдап-соғышты-ау, мәлғұндар. Бәсе, біртүрлі еді... Үш-ақ күн тарттым, бірақ соның өзінде басымды ауыртып, жүрегімді айнытты, – деді. Сонсоң шылымды ширата сорды да: – Айтам ғой. Дәм жоқ, тату жоқ бірдеңе. Түтіні қандай сасық еді! Қағазынан шығар. Күйген шүберектің иісіндей мұңқиді. Тфу! Түкке тұрмайтын бірдеңе. Әй, біздеі бетпаққа оларға ілесу қайда! – деді.

**Марк ТВЕН, американ сықақшы**  
**ҚОРЛАП ӨЛТІРУ ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ**  
(Үзінді)

Қайран Миссури!

Жан түршігерлік бұл оқиға штаттың оңтүстік-батыс шегіндегі Пирс-Ситидің маңында болған еді. Жексенбі күні тапа-тал түсте шіркеуден жалғыз шыққан ақ нәсілді келіншек ұшты-күйді жоғалып, өлігі бір қалтарыстан табылды. Ия, онда шіркеулер бар болатын: менің бала кезімде Оңтүстікте дінге сенім тіпті күшті және Солтүстіктегімен салыстырғанда мейлінше кең тараған еді. Меніңше, жұрт дінге барынша құлай сенетін, құлшына табынатын. Әлі де тап сол қалпында қалып қойған сияқты болады да тұрады маған. Сонымен келіншек өліп жатқан жерінен табылды. Ол төңіректе шіркеу мен мектеп аздық етпесе де, халық қатты ызаланып, барынша бүлінді: үш негрді (екеуі қаусаған қарт) қорлап өлтірді, негрлердің бес лашығын өртеп жіберді және отыз отбасын орманның ішіне қуып тықты.

Мен бұл жерде жұртты мұншалықты қылмысқа итермелеген нәрсенің не екеніне тоқталғалмақ ниеттен аулақпын. Өйткені мұның іске ешқандай қатысы жоқ; мәселе мынада: кісі өлтірушінің сотты өзі билеп-төстеп өткізуі мүмкін бе? Мәселе төтесінен, әрі дұрыс қойылып отыр. Егер кісі өлтірушінің заң талабын бұзғаны дәлелденіп, істеген зұлымдығына қарай

лайықты жаза берілген болса, онда бұл туралы сөз етудің де қажеті жоқ: кісі өлтіруші мыңдаған себептер айтса да ақтала алмақ емес. Ал, Пирс-Сити тұрғындарының елеулі себептері бар еді, – кейбір тәптіштелген толық деректерге қарағанда, олардың себептерінің ішінде айрықша елеулі бір себебі болатын, – бірақ бұл жерде мәселе онда да емес: тұрғындардың сотты өздері билеп-төстеп өткізгісі келді. Бұл ретте олар жергілікті заңның әдеттегі талабы орындалған күнде де кінәлі адамның сөзсіз дарға асылатынына қарамады. Бұл аймақта негрлердің аз екенін, олардың қолында билік күші жоқ екенін, сондықтан да сотқа ықпал ете алмайтынын біле тұра кінәліні қорлап өлтірмек болды.

Еліміздің біраз жерлерінде «кәдімгі үйреншікті қылмыс» жасағаны үшін тағылық әрекеттерге толы қорлап өлтіру арқылы кек алудың таңдаулы тәсілге айналуының себебі неде? Мұның себебі осы бір жан түршіктіретін жексұрын жазаның түрме ауласындағы ешқандай көлденең көзсіз, у-шусыз дарға аса салумен салыстырғанда жұртты неғұрлым қатты қорқытып-үркітудің көрнекі де әсерлі құралы болуында жатқан жоқ па екен? Ақыл-есі дұрыс адамдар, әрине, бұлай деп ойламайды...

Линч соты бұған дейін Колорадоға, Калифорнияға, Индианаға жетіп үлгірген еді, енді, міне, Миссуриге де келді. Бүйте берсе, менің Нью-Йорктағы Юнион-сквердің қақ ортасында, иінтіресіп тұрған елу мың халықтың көз алдында негрді масқара қорлықпен тірідей өртейтін кезді, бірақ ол маңайдан заңдылық пен тәртіп сақтау орындарының бірде-бір өкілі – шериф те, губернатор да, полиция да, солдат та, дін қызметкері де табылмайтын кезді өз көзіммен көріп өлетінім әбден мүмкін болмақ.

«Қорлап өлтіру көбейіп келеді. 1899-жылмен салыстырғанда 1900-жылы қорлап өлтіру саны сегіз адамға артты. Ал, биыл, шамасы, былтырғыдан да арта түсетін шығар. Өйткені қазір, жылдың жартысы енді ауа бастаған кезде, қорлап өлтірілген адамның саны сексен сегізге жетті. Ал, былтыр жыл бойы

барлығы жүз он бес адам осылай өлтірілген еді. Бұл ретте әсіресе оңтүстіктегі төрт штат – Алабама, Джорджия, Луизиана және Миссисипи ерекше көзге түсуде. Өткен жылы Алабамада сегіз адам, Джорджияда – он алты адам, Луизианада – жиырма адам, Миссисипиде – жиырма адам қорлап өлтірілді. Сонымен бүкіл елде қорлап өлтірілген адамдардың жартысынан астамы осы штаттардың үлесіне тиеді. Ал, биыл, қазірдің өзінде Алабамада тоғыз адам, Джорджияда – он екі адам, Луизианада – он бір адам, Миссисипиде – он үш адам қорлап өлтірілді. Бүкіл Құрама Штаттар бойынша қорлап өлтірілген адамдардың жалпы санының жартысынан астамы тағыда осы штаттардың үлесіне тиіп отыр». («Чикаго Трибюн»).

Техастан келген жеделхат:

«Негрді биік талдың түбіне сүйреп әкелді де бұтағына асып қойды. Оның астына қураған ағаш бұтақтарын, қурайларды үйіп, от қойып лапылдады. Осы кезде біреу негрдің бұлай тез өлуіне жол бермеу керек, біраз азаптай түсу қажет дегенді айтты. Негрді төмен түсірді. Бірнеше адам екі миля жердегі Декстерге керосин әкелуге кетті. Келген соң негрді қайтадан асып, кеорсинді отынға құйды, шырпы шағып тастай беріп, лап еттірді, сөйтіп іс ақырына жеткізілді».

### *Чарльз ЧАПЛИН, американ сықақшы– актері*

#### 5 ЖАСЫМДА

Сахнаға бес жасымда бірінші рет шығуыма әнші шешемнің дауысы бұзылғаны себепші болды. Шешем күнде кешке театрға баруға тиіс еді де, мені, жиһаз толы үйде жалғыз қалдырмай, ертіп алатын. Сол кезде ол Олдершоттағы сырты жұпыны, іші лас театрда ойнайтын. Көрермендердің басым көпшілігі солдаттар еді, олар беталды күліп, мазақ сөздер айтып, дөрекілене беретін. Актер атаулыға Олдершотта өнер көрсету азап-сын екен.

Әлі есімде, мен сахнаның сыртында тұрғанмын, бір уақта шешемнің дауысы қырылдап қалды. Залдағылар қиқылдап-

қарқылдап күліп, біреу барылдап әндетіп, біреулер миялаулап, ию-қию болды да кетті. Мен дәнеңе түсінбей дал болдым. Айқай-үйқай үдеді. Шешем сахнадан кетіп қалды. Қатты күйініп, директорға барып, екеуі қатты-қатты сөйлесті. Кенет директор мені нұсқап, «мынаны сахнаға шығарсақ, жағдай түзеледі» дегенді айтты шешеме. Ол бірде шешемнің таныстары алдында «өнер көрсеткенімді» байқапты.

Иә, оның мені ырду-дырду зал сахнасына жетектеп алып шыққаны, не болғанын қысқаша түсіндіріп, мені сахнада қалдырып кете барғаны есімде. Темекі түтіні басқан залдың шамдары жарқыраған сахнасында тұрып, көпшілікке белгілі «Джек Джонс» деген әнді бастадым. Оны ойнауға даяр емес оркестр әлек-шәлек болды. Мен айта бердім:

Джек Джонс базаршыларға жақсы таныс.

Сіз де мүмкін білерсіз?

Бұрын оның кім болғаны жайында

Естілмейді сөз теріс.

Бір заманда оған мұра бұйырды.

Бұл Джонс ол Джонс емес енді.

Байырғы достарына ұнамады

оларға мұрын шүйіргені.

Таңертең «Телеграфты» оқитын болды,

бұрынғы «Старды» менсінбей.

Не қайыр енді одан, – білмейміз.

Шіреп жүр, бізді кісі екен демей.

Әннің жартысын айтып үлгіргенімше сахнаға тиын-теңге жаңбырша жауды. Мен әнді доғарып, қалғанын мынау ақшамды жинап алған соң айтатынымды хабарладым. Жұрт қарқылдап кеп күлді. Сахнаға қолында орамал бар директор шыға келіп, тиын-теңгені жинауға кірісті. Өзі алып кететін шығар деп ойлап, шын шошыдым. Ол халімді аңғарған көрермендер күле бастады. Директор сахнадан кетуге айналып, мен оның қырсоңынан қалмаған кезде күлкі тіпті күшейді. Директор жинап алған

ақшаны шешеме апарып бергенін көрген соң мен көңілденіп, сахнаға қайтып оралдым да, өз үйімде тұрғандай-ақ еркінсіп, жұртпен жайбарақат сөйлесіп, билеп те беріп, басқа әншілердің дауысын сала ән шырқадым. Шешем сүйіп айтатын ирландық маршты бастадым:

Райли, Райли – баршаға сүйкімді.

Райли, Райли – ең жақсы жігіт.

Жетпіс сегізіншідегі

Райлидей айбынды сержант

бүкіл армиядан табылмас,

ізесең де, жіпке тізіп.

Қайырмасын қайталағанымда, әлде жаным ашығандықтың нышаны болды ма, шешемнің дауысы қалай бұзылғанын өзімше ұқсатып айттым. Онымды жұрт түсінді ғой деймін, олардың жайдарылана құптай күліп, қол шапалақтап, ақшаны тағы жаудырғандарына еріксіз таңдандым. Сірә, мені алып кеткісі келген болар, шешем сахнаға шыққан сәтте залдағылар тік тұрып, дуылдата қол соғып қошеметтеді.

Менің ең алғашқы концертім, шешемнің ең ақырғы концерті сол болды.

### ***Қазбек ИСМАГИЛЕВ, башқұрт сықақшысы*** **СЫЛАП-СИПАУ**

Тірі су туралы хикаят тәрізді хабарландыру: «Денеңді балқыта сылап-сипап, 20 минутте жасартып жібереміз, мүшелерің жаңадан салып бергендей болады. Қымбат емес. Тезірек телефон шалыңыз...».

Мен балғын денемдегі барымды коммунизм құрылысына бердім. Құйрық тістескен «бесжылдықтар» бой жаздырмады. Ал бүгінде жұмыссыз қалып, қыруар бос уақытымды қалай өткізерімді білмей қажып жүрмін. Әлде жасарып алып, қалған санаулы күндерімді бойжеткендермен бой өлшесіп өткізсем бе екен? Содан өзгені көтеретін қалта да жоқ қой мен шіркінде.

Шылдырлаттым. Жасымның аз емесін де, жасарғым келетінін де жайып салдым.

– Е, дауысыңыз жігіт қалпыңыздағыдай дерлік, – деп бастады сылап– сипамақшы келіншек. Оның төгілдіріп айтқан түсінігі тұла бойыма күш болып құйыла берді. Сымбатты, қуатты болады екенмін. Тұп-тура Филипп Киркоровтай!

– Ондай болсам жарар еді, бірақ мен сұлу емеспін...

– Саспаңыз, сүліктей сұлу етеміз!

– Өңім түзелер-ау, өзге жағым... ол неме енді... – деп күмілжідім.

– Ұқтым, ұқтым. – Оның дауысы ойнақы шықты. – Біз ол жақтың маманы емеспіз, алайда жасаруға құлшынысыңызды құптап, доктор Кохтың емханасынан секстің сырбазын шақырып алып, сізге мықтап көмектесеміз.

– Ә, иә, иә... хабардармын... оқығаным бар, оларда... әлгі сылап-сипайтын бөлмелерде қыздар қызмет көрсетеді екен... келісімді ақыға...

– Оған алаңдамаңыз, рахатқа батырамыз!

– Солай ма... маған әлгі «қымбат емес» деп жазғандарыңыз ұнайды. Зейнетақым жақсы, тек төрт мың теңге ғана. Үш мыңым пәтерақыға кетеді. Одан соң нан, сүт керек... қалғаны жылғындай боп жасарып шығуыма жете ме?

Сиқырлы сылап-сипағышым бірдеңеге қақалып-шашалып қалды ма, дауысы жарықшақтана шығып:

– Есі ауысқандарды емдейтінге бар, әй, кәрі бит! – деді. Телефонымның тұтқасы: бит... бит... бит... деп қала берді.

Е, деген... рахатқа батуды кейінге қалдырмауым керек екен... қап!.. қартайғанымда қымбат болатынын ойламаппын!



**Юрий НИКУЛИН, орыстың әзілқой актері**  
**ТОТЫҚҰС**

Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде мектептесім Шурка Скалыга екеуіміз бір күні стадионға жөнелдік. Трамвайға симай, есігіне жармасып, жабыса ұстанып тұрмыз (ол кезде трамвайдың есігі қазіргіше өздігінен ашылып-жабылмайтын, кейбіреуінде тіпті есік болмайтын да). Бізбен қатар жабысқан екі бозбаланың, сірә, студент шығар, біреуі:

– Мен кеше бір қызық анекдот естідім, – деді жолдасына. Шурка екеуіміз елең ете қалдық. – Құсты жақсы көретін бір ағылшын аң– құс сататын дүкенге барып, тотықұс таңдапты. Дүкенші бұтақта қонақтап отырған, екі аяғына да бау тағылған тотықұсты нұсқап: «Бұл он мың доллар тұрады. Аса ерекше құс: оң аяғындағы жібінен тартып қалсаң – Бернстің өлеңдерін айтады, ал сол аяғындағысынан тартсаң – діни уағызды ағытады» дейді. Ағылшын есі шыға қуанып: «Мен осыны алайын!» дейді. Ақшасын төлеп, тотықұсты құшақтап жөнеле береді де, есік көзінде қалт тоқтап, артына бұрылып, сатушыға: «Ә, айтпақшы, егер мен екі жібінен де тартсам, ол онда не айтады?» дейді.

Анекдотты тыңдап тұрған жігіт дәл сол сәтте:

– Әй, келіп қалдық, түсейік! – деді де, екі студент секіріп-секіріп түсіп қалды.

Мен кешке үйге келген соң ол естігенімді әкеме айттым. Екеуіміз анекдоттың қалай аяқталарын болжап таппақ болып, кеш бойы ауыз жаппадық. Жүздеген болжам айтсақ та, қисынды ештеңе таба алмадық.

Арада біраз жыл өтті. Соғыс кезі. Ленинградты қорғап тұрғанбыз. Бірде жеркепеді тыныс алып отыр едік, жауынгерлердің бірі:

– Жігіттер, құлақтарыңды түріңдер, мен керемет қызық анекдот айтып берейін, – деді. Біз тыңдай қалдық. Ол анекдотын бастады: – Бір дүкенде ерекше тотықұстар сатылады екен. Ерекше болған соң, бағасы да қымбат көрінеді. Солардың

біреуінің бір аяғына байланған жібінен тартып қалсаң-тақпақ айтады екен, ал екінші аяғындағы жіптен тартып қалсаң – сыбап тұрып боқтайды екен...

– Сонсоң? – деп қалдым, еріксіз ынтығып. Жолдасымыз арғысын айтып үлгірмеді, оны батальон командиріне шақырып әкетті. Ол содан қайтып оралмады. Бір тығыз тапсырмамен кетіпті де, жараланып қалып, дала емханасына жіберіліпті.

...Бірер жылдан соң циркіміз Калинин қаласында өнер көрсетіп жүрген бір күні сахна сыртында тұр едім, жанымдағы манеж инспекторы:

– Есіме бір қызық анекдот түскенін қарашы. Америкада біреудің екі аяғына да жіп тағылған тотықұсты сатқаны туралы анекдот, өте қызық, – деді.

– Айтып жібергін! – дедім, кенет толқып кетіп.

– Қазір айтып беремін, келесі нөмірді хабарлап келе қояйын.

Инспектор сахнаға шыға бере бүкшіе қалды. Жүрегі ауырады екен. Дереу ауруханаға жөнелтілді.

Анекдоттың түйінін естуге асығып, ертеңінде ауруханаға бардым. Инспектордың көңілін сұрамақпын, әрине. Алма, шырын сатып алдым. Палатасына беттедім. Толқығаным соншама, дәп сол кезде төбе жалп етіп құлап, инспекторды басып қалса да, оны ойлар мұршам жоқтай. Есі-дертім анекдоттың түйінінде. Әрине, төбе құлаған жоқ, ал медбике ұқыптап жиналған төсекті нұсқап тұрып:

– Сіздің жолдасыңыз енді келмейді, – деді. Қайтыс болған да деген суық ой сап етті. Ал медбике: – Оны осыдан бір сағат бұрын інісі Мәскеудің ауруханасына алып кетті, – деді. «Ә, онда жарады, тосайын, сауығып келеді ғой», деп ойлады. Бірақ, инспектор қайтып келмеді.

Мен ол жәйтті де әкеме айтып едім, ол таңдана тымырайып:

– Мұның анекдот емес, бір пәле болды ғой! – деді.

Содан үш жылдан соң Калинин қаласына тағы бардық. Цирк манежінде бейтаныс инспектор жүр. Оған:

– Бұрынғы инспектор қайда? – деп едім, бейтанысым:

– Ол циркті тастаған. Осы қалада радиода істейді, – деді.

Қолым қалт еткен бір күні радиокомитетке барып сұрастырып, баяғы инспекторым отыратын бөлмені іздеп таптым. Ол бөлім меңгерушісі екен. Есігін жүрексіне тықылдатып, ақырын ашып кірдім. Мені көре сала:

– О! Бұл кім десем! – деп мәз болды. Шұрқырасып табыстық. Мен іштей: «Достым, тым даурықпа, тағыда ауырып қалып жүрерсің» деп қоямын, шыдамымды әрең тежеп отырып. Сәлден соң:

– Анау әлгі екі аяғына да жіп байланған тотықұстың ақыры не болды? – дедім.

– Қайдағы тотықұс? – деді ол, шын абыржып.

Мен баяғы анекдотты есіне салдым.

– Е-е-е... есіме түсті, түсті. Әлгі-әлгі Америкада сатылған тотықұс қой... бірақ, қалай аяқталғанын ұмытып қалыппын, – дегені.

– Ұмытқаның қалай? Ойланшы, есіңе түсірші! – дедім, жалына өтініп. Ол біраз ойланып отырды да:

– О, есіме түсті! – деді, қуана даурығып. Қазір айтып беремін, тек бастығыма барып келейін, жаңа шақыртқан еді, кешке берілмек хабардың текстін бекітіп қол қоюым керек, – деді.

– Тоқташы! Айтып берші, сонсоң барарсың, мен де кетемін! – дедім, балаша бажылдап.

Ол айтып берді. Сатып алған кісі дүкеншіден: «Екі жібінен бірдей тартсам, не айтады?» деп сұрағанда тотықұс: «Әй, ақымақ, онда мен құлап қаламын!» депті.

## 4. ОДАН– БУДАН...

Сот: – Сіз ол автомәшінді неге ұрлап мініп кеттіңіз?

Айыпталушы: – Ұрлаған жоқпын. Зираттың сыртында тұр екен, иесі өліп қалған шығар деп ойладым.

\* \* \*

– Полиция! Полиция! Анау дүкеннің арғы жағында біреу алтын сағатымды тартып алып кетті!

– Сол жерде неге айқайлап көмекке шақырмадың?

– Ауызымды аша алмадым.

– Неге?

– Тісімнің бәрі алтын ғой, анау көріп қоймай ма?!.

\* \* \*

– Өзіңе құдайдай сенген кісіні неге алдап кеттің?

– Сенбеген кісіні қалай алдайсың?!.

\* \* \*

Бір стансаға аялдаған пойыздан шыққан масаң жігіт дүңгіршектен екі бөтелке сыра сатып алады да, орнынан жылжып кете берген пойыздың соңғы вагонына әрең ілігеді, бірақ өзі отырған вагонды таба алмай, вагоннан вагонға сенделіп жүреді. Жолсеріктің бірі:

– Тәлтіректеп жүре бермей, орнына барып отырсаңшы!– дейді.

– Орным... ор-орнымды таба ал... алмай жүрмін...

– Нешінші вагонда едің?

– Жа-жанында бір кемпір... кеп-кен... ке-емпір кеп-кен... балық... сатып от-отырған...

\* \* \*

Көшені бастарына көтере барылдап келе жатқан мас екі кісіні кезекші полицей тоқтатып:

– Әй, жігіттер, түн ортасында ақырынырақ сөйлесендер қайтеді? – дейді. Сонда мастың бірі:

– Түн... түннің ортасы о-о-осы жер екенін сағғған кім айтты?– депті.

\* \* \*

Банкті тонап келген екеудің бірі үйге кіре сала есік-терезені жауып, шам жағып, қапшықтың аузын ашып жіберіп, ақшаны санай бастайды. Сонда екіншісі:

– Босқа әлектенбе, мұның қанша екенін ертең гәзеттер жазады, – депті.

\* \* \*

Асханада масайып алған еңгезердей біреу әркімге бір соқтыға бастап, шағын денелі бір жігітке:

– Сен кімсің?! – деп ежірейіпті.

– Кім екенімде нең бар?

– Айт, кәне!

– Тынышталсаңшы.

– Айт дедім ғой! Сен кімсің?!

– Жазушымын.

– Ха! «Жазушымын»! Мен сені қазір тірідей жұта салсам, не болатынын білесің бе?!

– Білемін.

– Не болады?!

– Басыңдағы мидан қарныңдағы «ми» көп болады.

\* \* \*

Сатушы көмекшісіне: – Иә, қалай, мен келгенше бірдеңе сата алдың ба?

– Бір пар бәтіңке саттым.

– Ақшасы қайда?

– Міне.

– Аз ғой?!

– Жетпегенін ертең әкелетін болды.

– Атаңның басын әкелер! Алдап кетті ол!

– Атасының басы алдайды! Мен оған оң аяқтың ол сұраған қырық екінші размерлісін, ал сол аяқтың ол сұрамаған отыз тоғызыншы размерлісін орап бердім!

\* \* \*

Түлкі ішік, түлкі пұшпағынан бөрік киген бір келіншек екі түлкі терісін екі иығына бос салып, бұрала басып келе жатады. Оған қарсы жолыққан таныс әйел:

- Түлкіні мұншама көбейткенің не, қызық екенсің! – дейді.
- Түлкі көп жерде аңшы да көп! – депті келіншек.

\* \* \*

Бір бастық таңертең қызметіне келіп отырып:

- Мен түнде түсімде сені көрдім, – дейді орынбасарына.
- Оныңыз... енді... Сізді түсімде мен көруге міндетті едім, – депті орынбасары, қызарақтап.

\* \* \*

Редактор хатшы– компьютерші келіншекке көз астымен қарап:

- Кешегі жазбаны оқыдым, тағы қате жіберіпсің, саған, сірә, бір шара қолданатын шығармын, – депті. Келіншек:
- Айта бергенше... қолдансаңызшы! – деп бұртиыпты.

\* \* \*

Мас біреу жол шетіндегі телеграф бағанасын құшақтай қисайып тұрады. Оның жанына келген екінші мас оған:

- Сен... не-неғып тұ-тұрсың? –дейді.
- Мен... ау-тобус күтіп тұ-тұр-р-рмын.
- Әй, а-а-ақымақ... андағың-мен бәр-рі-бір кіргіз-бейді!

\* \* \*

Мейрамханадан масайып шыққан бір жігіт автокөлігіне әрең жетіп, есігін аша алмай қиралаңдап тұрады. Сонысын байқаған полицей келіп:

- Мына сиқыңмен қалай отырмақсың? –дейді. Анау ежірейіп:
- Жаяу жүре алмайтынымды көрмей тұрсың ба?! – депті.

\* \* \*

Түн ортасында полиция бөлімшесіне масаң біреу кіріп келіп, кезекшіге:

- Лейтенант, кішкентай ақ итті көрген жоқсың ба? – дейді.
- Жоқ.

- Мұнда жұмыс істегеніңе неше жыл болды?
- Жеті жыл.
- Осынша уақытта ол ақ итті көрмегенің қалай?!

\* \* \*

Айна алдында шәшін тарап тұрған әйел күйеуіне бұрылып, тарағын көрсете:

– Мынаны қарашы, шәшім уыс-уыс боп түсе бастады, – дейді, мұңая сөйлеп.

– Уайымдама, көктемде хайуандардың бәрі түлейді, – депті күйеуі.

\* \* \*

Қабылдауына келген жігітке дәрігер келіншек:

– Шешініңіз, – дейді, тамағы ауырып отырғандықтан ақырын сөйлеп.

– Сіз ше? – депті жігіт сыбырлап.

\* \* \*

Дәрігерге келген кемпір:

– Доктор, мен бір түсініксіз сырқатқа шалдықтым: бір тұрсам – тұра берем, тұра берем, тұра берем, ал бір отырсам – отыра берем, отыра берем, отыра берем, егер жатсам – жата берем, жата берем, жата берем, – дейді. Дәрігер оған шығар есікті нұсқап:

– Олай болса, анау есіктен шығыңыз да, жүре беріңіз, жүре беріңіз, жүре беріңіз, жүре беріңіз! – депті.

\* \* \*

– Кеше әйелің екеуің маған араша бермей қырқысып қалып едіңдер, қалай, татуласа алдыңдар ма?

– Ол менің қарсы алдыма дізерлеп отырды да...

– Иә, не деп кешірім сұрады?

– «Төсектің астына кіріп кеткенді қашан қоясың, әй, сужүрек оңбаған?! Кәне, шық, жаныңның барында!» деді.

\* \* \*

– Оу, жігіт, мына гүлімнен сатып алсаңызшы!

- Оны не қылам?
- Сүйгеніңізге силайсыз.
- Қайдағы «сүйгеніңізге»? Менің әйелім бар!

\* \* \*

- Бикеш, күйсандығыңызды жөндеуге келдім.
- Мен шақырған жоқпын ғой?
- Көршілеріңіз шақырды.

\* \* \*

Бір әйел мас күйеуін шошытпақ болады да, ақ матаға оранып, қолшамын жағып барып, диванда қылжиып жатқан күйеуін жұлқылай бастайды. Күйеуі әлдезаманда ыңыранып:

- Не болды?.. Сен кімсің? – дейді.
- Мен – албастымын!
- Осы үйдегі албастының апайысың ба, сіңлісің бе?

\* \* \*

Жанында, орындықта, сағыз шайнап отырған жігітке қарағыштаған кемпір бір кезде жылы жымыып, ұмтылықырап сөйлеп: «Жақсы тәрбие көрген ақжарқын адам екеніңді аңғардым, бірақ, не айтқаныңды білмеймін, екі құлағым да естімеуші еді», депті.

\* \* \*

Тергеуші: – Сіз әйеліңіздің ашынасын өлтірмей, әйеліңізді өлтірдіңіз, ол қалай?

Айыпталушы: – Апта сайын бір еркекті өлтіріп жүруге уақытым жоқ!

\* \* \*

Тым қатты жүріп келе жатқан автокөлікті тоқтатқан жол полицейі жүргізушіге: – Сіз анау бағдаршамның қызылы жанғанына қарамастан өтіп кеттіңіз, әйтеуір, көлденең көшеден мәшине кезікпей, бір апаттан аман қалдыңыздар, мұншама асығып не болды? – дейді. Жүргізуші қулық жасап құтылуды ойлай қойып: – Әйелімнің осы айда көтеріліп ауыратыны бар еді, сонысы ұстап, ауруханаға тез жеткізуге асығып бара жатыр



едім, – дейді. Полицей еңкейіп, әйелге көз тастайды. Әйел де қулық ойлай қалып, полицейге екі қолын бірдей созып:

– Жаным, сенсің бе, келші, армансыз сүйісейікші бір! – дейді.

Полицей ытқып кетіп, қолын сілтеп:

– Жүре беріңіздер, жүре беріңіздер! – депті.

\* \* \*

– Мен шахмат клубына барып жүрмін, бірақ, бір күні ұтып, бір күні ұтылып қаламы.

– Онда ұтатын күні ғана бармайсың ба?!

\* \* \*

Есік қағылады. Үй иесі әйел жақындап:

– О кім? – дейді.

– Тәңір тілеуіңізді берсін, ашыңызшы, бір кішкене шаруам бар еді.

Әйел есігін ашса, бір ер адам тұр. Ол алақанына салған түймесін ұсынады:

– Тәңір тілеуіңізді берсін, мынаны пенжаққа қадап бере қойыңызшы!

– Пенжағың қайда?

– Сіздерде артық-ауыс пенжақ шынымен жоқ па?!

\* \* \*

Жол шетінде алақанын жайып тұрған қара көзәйнекті қайыршының қасынан өте берген бір жігіт оның алақанына онтеңгелік бақыр салады. Бақыр түсіп кетіп, дөңгелей жөнеледі де, қайыршы қуып барып ұстап алады.

– Әй, сен соқыр емес екенсің ғой?!

– Мен сендердің соқырларың емеспін, сендердің соқырларың жаңа ғана, мені орнына уақытша қалдырып, киноға кетті.

\* \* \*

Жапон, араб, орыс үшеуі әңгімелесіп отырыпты.

– Менің әйелім еліктей нәзік, өте әдемі! – дейді жапон жігіт.

– Менің әйелім керілген кермаралдай әсем! – дейді араб.

Орыс сәл ойланып отырып, қолын сілтей салып:

– Менің әйелім де бір жануарға ұқсайды, бірақ, соның аты есіме түспей тұр, – депті.

\* \* \*

Оташы: – Сырқатыңызды әбден зерттедік, ота жасатуыңыз керек.

Ауру адам: – Жоқ, жасатпаймын!

– Е, неге?

– Отадан кейін бейнет тартып жүргенше, өлгенім жақсы!

– Ота жасатсаңыз да бәрібір өлесіз!

\* \* \*

Қожанасыр бірде таңертең үйінің төбесіне шығып алып: – Ай-хо-о-о-ой-хо-о-о-хой-о-о-о-о-ой» – деп демі жеткенінше айғайлайды. Тындап тұрған көршісі: – Қожеке, осынша айғайлағаның не? – дейді.

– Есегімнің бақырғаны қай жерге жететінін білемін, енді өз айқайымның қай жерге дейін жететінін біліп алғалы тұрмын, – депті Қожекен.

\* \* \*

– Дәрігер мырза, басым айналып, құлағым шуылдайды да тұрады.

– Қай құлағыңыз?

– Екеуі де?

– Кезек-кезек шуылдай ма?

– Жо-ға, екеуі бірдей шуылдайды.

– Қашаннан бері?

– Туғаннан бері.

– Оған дейін шуылдамаушы ма еді?

– ?!

\* \* \*

– Дәрігер мырза, мен қазір айтқанымды қазір ұмытып қалатын болып жүрмін.

– Ол неліктен?

– Немене «неліктен»?

- «Ұмытып қалатын болып» жүргеніңіз.
- «Ұмытқаны» қалай?
- Өзіңіз айттыңыз ғой!
- Мен не айттым?
- Ұмыта беретініңізді.
- Неменені, дәрігер мырза?
- Білмеймін.
- Білмесеңіз, басымды қатырмаңыз!..

\* \* \*

Жұмыссыз жүрген дәрігер жігіт емхананың бас дәрігеріне қызмет сұрай барады:

- Мені жұмысқа алсаңыз екен!
- Не үшін?
- Бір әйелім, үш балам бар...
- Қолыңыздан одан басқа не келеді?...

\* \* \*

Лох-Несс көлінде құбыжық барын естіп, соны көруге әдейілеп келген саяхатшы жігіт жағада қалғып отырған қармақшыға:

- Осындағы әлгі атақты жыландарың қай кезде көрінеді? – дейді.
- Үшінші стақаннан кейін.

\* \* \*

Бір чукча күнде кешке теңіздің жағасына барады да, Америка жаққа қарап тұрып:

- Қайыршы! Қайыршы! – деп айқайлайды.
- Неге қайыршы? Олар бай тұрады!
- Алясканы сатып алуға ақша тауып, Чукотканы сатып алуға ақша таба алмай тотыған неткен бай ол?!

\* \* \*

Көз дәрігері жасы елуге толып, ұжымы той жасап, оған майлы бояумен салынған, «Көз-портрет» деген сурет сипапты. Ол сипақты алып тұрып: «Егер мен гинеколог болсам, бұлар не сипа еді?» депті іштей.

\* \* \*

– Ұрыны заң қорғай ма?

– Жоқ. Ұры қорғайды.

\* \* \*

– «Экономист» деген кім?

– Ол – саған ақшанды қашан, қалай, қайтіп жұмсау жөнінде ақылды айтып-айтып, ақырында сені де, өзін де ақшасыз қалдыратын маман.

\* \* \*

– Бастық көп сөйлесе не болады?

– Бағыныштылардың миы ашиды.

\* \* \*

Депутаттыққа кандидат бір жігіт сайлаушылары алдында ағыл– тегіл сөйлеп, үйіп-төгіп уәде беріп болып: – Мен осы отырған барлықтарыңызға өзіме сенгендей сенетін боламын! – дейді. Сонда сайлаушылардың бірі: – Ендеше, бізге ең алдымен сатушысыз дүкен ашып бер! – депті.

\* \* \*

– Кеше біреу Бөкеңнің кітапханасын тонап кетіпті!

– Қой, ей?!

– Төрт кітабының біреуін де қалдырмапты!

\* \* \*

Жантәсілім жасауға айналған әкім қасында отырған көмекшісіне бетін әрең бұрып:

– Мені жерлегенде... оркестр күй ойнап... тұрсын, – дейді.

– Қай композитордың қай күйін тыңдап жатқыңыз келеді? – депті көмекшісі, елп етіп.

\* \* \*

– Бәке, қимас досыңа ертеңге дейін қарызға бір мың теңге бере алар ма едің?

– Екі мың теңге де берер едім, бірақ, менде қимас дос жоқ!

\* \* \*

– Саған бір тілегім бар, айтсам, қабылдайсың ба?

– Қабылдайын, тек оған дейін сен менің бір ұсынысымды ескересің бе?

– Ескерейін.

– Менен қарызға ақша сұрамашы!

\* \* \*

– Түкеңді қашан көрсең де бастығын мақтайды да отырады, мақтайды да отырады.

– Алып жүрген жалақысын ақтайды да?!.

\* \* \*

Тергеуші: – Сіз анау хан сарайындай коттедж бен дәмхананы, «Мерседес» пен «Тойота» автомәшіндерді халықтың ақшасына сатып алмағанда, шыныңызды айтыңызшы, өз ақшаңызға сатып алдыңыз ба?

– Халыққа сонша ақшаны кім беріпті?!

\* \* \*

Шешесі: – Осы құрып қана қалғыр темекіде не сиқыр бар, неге тарта бересің?

Ұлы: – Әкемнің түтінін шығарып жүрмін ғой?!

\* \* \*

– Менің бастығым басқа жаққа кететін шығар.

– Сондай сыбыс бар ма?

– Жоқ.

– Онда қайдан білдің?

– Ол кеше мені шақырып алып: «Болды! Жетті! Шыдамым таусылды! Енді мұнда не сен қаласың, не мен қаламын!» деп бажылдаған соң онысын түнде Астанадағы көкеме телефонмен айтып бердім!

\* \* \*

Періште: – Адамның жанын түсіну үшін не істеу керек?

Сайтан: – Алып көру керек!

\* \* \*

Әкімнің қабылдауына келген жігіт кабинетке кіре бере жымыңдап, сәлем беріп, жүгіріп барып қолын алып, ораулы әлденені алдына қоя қояды.

– Мұның не? Пара ма?! – дейді әкім ажырайып. Жігіт шошып кетіп, ораулысын қайтып алуға қолын соза бергенде әкім:

– Шошыма, інім, шошыма. Мен әлі ешкімнің қолын қағып көрген жоқпын, – депті.

\* \* \*

Дәрігер мұғалімге: – Егер саған министрдің жалақысын берсе, сен не сатып алар едің? – дейді.

Мұғалім: – Егер екеуіміздің жалақымызды министрге берсе, ол не сатып алар еді? – депті.

\* \* \*

Базарда біреу теріні басынан асыра бұлғап: – Жолбарыс терісін алындар! Жолбарыстың терісі! – деп айғайлап жүріпті. Бір кісі оны тоқтатып, теріні көріп:

– Әй, қайдағы жолбарыс?! Мынауың кәдімгі иттің терісі ғой?! – дейді.

– Иттің аты Жолбарыс болатын...

\* \* \*

Қаладан шығып көрмеген бір баланы немерелес ағасы ауылға алып барады. Бала үй іргесінде күйіс қайырып жатқан сиырға тандана қарап, қалшиып тұрып қалады. Ағасы:

– Мүйізі қандай әдемі, ә? – дейді. Інісі енді ағасына аңыра қарап:

– Мынау күніне неше теңгенің сағын шайнайды? – депті.

\* \* \*

– Кінәсізді заң қорғай ма?

– Қорғайды. Кінәсіне емес, кісісіне қарап...

\* \* \*

– Жемқор мен обырдың бір-бірінен айырмасы бар ма?

– Бар.

– Қандай?

– Жемқор өлерінде тояды, ал обыр өлсе де тоймайды.

\* \* \*

- Қартайғысы келмейтін кісі қартайғанда қайтеді?
- Сайтанға айналады.

\* \* \*

- Тақ пен портфельдің пайдасы қандай?
- Тақ астыңды, портфель үстіңді қыздырады.

\* \* \*

– Түрмедегі тұтқын мен парламенттегі депутатқа ортақ ой бар ма?

– Бар.

– Мысалы?

– Тұтқын «тезірек шықсам» дейді, депутат «отыра берсем» дейді.

\* \* \*

– Мақтаншақтың тілі мен жағымпаздың тілін салыстыруға бола ма?

– Мақтаншақтың тілі – құрғақ шүберек, жағымпаздың тілі – дымқыл шүберек.

\* \* \*

– Мына соттың ажыратқаны қызық екен!

– Несі қызық?

– Үш баламның үшеуін де әкесінде қалдырды!

– Күйеуің бизнесмен ғой, қиналмай асырап-сақтай алады деген де?

– Бизнесі құрып қалсын! Үш баламның үшеуі де одан емес!

\* \* \*

– Дәрігер мырза, күйеуім соңғы кезде тұтығатын болып жүр.

– Солай ма?

– Иә, сөйлесе-ақ тұтығады.

\* \* \*

– Дәрігер мырза, мен дұрыстап ұйықтай алмайтын бір пәлеге ұшырадым, – дейді депутат.

– Қалайша? Қашаннан бері?

– Қалайша екенін білмеймін, әйтеуір, өткен аптадағы мәжілістерде небары екі сағат қана ұйықтай алдым.

\* \* \*

– Дәрігер мырза, мен жүйкем қатты бұзылып келіп отырмын.

– Не себеп болды?

– Кеше кітапханам өртеніп кетті!

– Өттеген-ай, ә?!

– Екі кітабымның екеуі де жанып кетті, күл боп қалды! Біреуін былтыр күйеуім туған күніме силап еді, соны оқи да алмай қалдым!..

\* \* \*

– Анау әлгі Ойсан бар ғой, сол жылар не орден, не медаль, не тағы бірдеңе алады да жүреді, ә?

– Беретіндердің буын-буынын босатып қойған ғой.

\* \* \*

– Сопанның жетпіс мың теңге жымқырғаны ашылып, байғұс үш жылға сотталып кетті, ал, өзің білесің, Апан бір миллион теңге жымқырса да, екі жыл шартты жаза ғана алып, тағыда бизнесте жүр.

– Көкесі күштінің көрпесі үлкен. Жей білген жегізе де біледі.

\* \* \*

Шөл далада келе жатқан екі түйенің біреуі:

– Кісілер бізді қалай мақтаса, олай мақтасын, ал мен шөлдеп келемін, – депті.

\* \* \*

Бір маймыл гранатаны шегемен шұқылап отырады. Оны көрген екінші маймыл:

– Әй, есуас! Андағы жарылып кетеді ғой! – дегенде анау мырс етіп:

– Жарыла берсін, менде тағы бар! – депті.

\* \* \*

Аң патшасы аң атаулыны түгел жиып алады да:

– Өдемілерің сол жағыма, ақылдыларың оң жағыма шығындар!



– деп бұйырады. Аңдар айтқанын істеп, тізіле бастайды. Ал қоян біресе сол жаққа, біресе оң жаққа тұра жүгіріп, тыныш таппайды. Аң патшасы оған түйіле қарап:

– Саған не болды?! – дегенде:

– Екіге жарылып өлем бе, енді қайтем?! – депті қоян.

\* \* \*

– Жануарлардың ең ақымағы қайсысы?

– Сиыр. Өзі су ішеді, ал өзгелерге сүт береді.

\* \* \*

– Иттер дуалдың түбіне кішш еткенде екінші аяғын неге көтеріп тұрады?

– Дуал құлай бастаса, тірей қоймақшы ғой.

\* \* \*

Мысық тышқанды көріп қалып, тұра ұмтылады. Тышқан қаша жөнеледі де, іні жақын екен, сып беріп кіріп кетеді. Мысық інің аузын бағып біраз жатады да, итше үре бастайды. «Ит келіп, мысық безіп кеткен екен ғой!» деп таңданған тышқан көрмек болып інінен жылт етіп шыға қалғанда мысекең шап беріп ұстап, асықпай жеп алады да, ернін жалай жымыңдап отырып: «Шет ел тілін білгеннің пайдасы бары рас екен!» – депті.

\* \* \*

Бір әтеш екінші әтешке:

– Жүр, ет сататын дүкенге барайық, – дейді.

– Е, одан не аламыз?

– Жалаңаш мекиендерді көреміз!

\* \* \*

– Осы әтештер неге күні бойы қоқиланып көңілді жүреді?

– Әйел көп, қайынене жоқ!

\* \* \*

Аң-құс сатылатын дүкенде.

– Тоты құс бар ма?

– Жоқ. Оның есесіне тоқылдақ бар.

- Ол да сөйлей ала ма?
- Ол Морзе әліппесіне жетік!

\* \* \*

Бір бұтақта үш қарға отыр.

- Мен сиыр сатып алдым, – дейді бірі, мақтана сөйлеп.
  - Мен сағат сатып алдым, – дейді екіншісі де көтеріңкі үнмен.
- Үшінші қарға ауыз ашпайды.

Бір аптадан кейін үшеуі тағы сол бұтақта жолығысады.

- Сиырымды ұрлап кетті, – дейді біріншісі, нали сөйлеп.
- Сағатымды жоғалтым алдым, – дейді екіншісі, өкінішті үнмен.

Үшінші қарға қанатының астынан сағатын алып қарайды да:

- Он екі сағат қырық бес минут болып қалыпты, қой, сиырымды сауып келейін, – деп ұша жөнеліпті.

\* \* \*

Шермейдің баласы шешесін түрткілеп:

- Мама, а, мама! Папам қайда кетті? – дей беріпті. Мезі болған шешесі:

- Өй, қақсап қалғыр! Папаң мұжықтармен бірге балық аулауға кетті! – депті.

\* \* \*

Мейрамханадан шыққан екі бүргенің бірі қарнын сипалап тұрып:

- Аяңдап жүре берсек пе екен, әлде иттердің біреуінің келуін күтсек пе екен? – депті.

\* \* \*

Пілдің үстіне шыққан екі құмырсқаның бірі:

- Мұны енді қалайда жығуымыз керек, бір жықсақ, болды, содан кейін тепкілеп өлтіру оп-оңай! – депті.

\* \* \*

Төбесіне шығып алған бақаны түсіре алмаған сусиыр мал дәрігеріне барады. Дәрігер:

– Қош келдіңіздер! Нендей шағымдарыңыз бар? – дейді. Бақа бақ етіп:

– Менің бөксеме бірдеңе жабысып қалды, қарап жіберіңізші!  
– депті.

\* \* \*

Мектеп. Тарих сабағы. Мұғалім шәкіртіне сұрақ қояды:

– Александр Македонский қашан қайтыс болды?

– Білмеймін. Мен оның ауырып жатқанын да естіген жоқпын.

\* \* \*

Ауруханаға екі құлағының да шеміршегі шиқандай бір әйел келеді.

– Не болды? – дейді дәрігер.

– Кір үтіктеп тұр едім, телефоным безектеп қоя берді. Сасып қалып, оң жақ құлағыма баса қойып...

– Ал сол жақ құлағың қалай күйді?

– «Жедел жәрдемді» шақырамын деп...

\* \* \*

Мал дәрігерінің бөлмесіне бір жігіт кіріп келеді:

– Мал дәрігері осында қабылдай ма?

– Иә, қай жеріңіз ауырады?

\* \* \*

Тері аурулары дәрігеріне келген бір кісі:

– Кейбіреулер неге қасқабас болады, соны ғылым дәлелдей алды ма? – дейді.

– Дәлелдей алды. Олардың бір түскен шашы екінші рет шықпайды екен.

\* \* \*

– Доктор, менің күйеуім қатты ауырып қалды.

– Тез шешініңіз де, оның қай жері ауырғанын көрсете қойыңыз!

\* \* \*

Дәрігер жігіт қабылдауына келген келіншекке қарап, ойланып біраз отырып:

– Сіз қатты тымауратып қалғансыз ба, әлде екіқабатсыз ба?  
– дейді.

– Кімнен екіқабат болғаным есімде жоқ, ал тымауды бастығымнан жұқтырып алдым.

\* \* \*

Жүйке ауруына шалдыққан бір топ адамды ұшаққа отырғызады. Басқа қаладағы аурухана апармақшы. Ұшақ жерден көтерілген соң стюардесса оларға бір-бір бөтелке минерал су беріп кетіп, біраздан соң қайтып оралса, – салонда біреуі ғана отыр!

– Басқалар қайда?!

– Олар бөтелке тапсыруға кетті.

\* \* \*

Бір жігіттің тамағы ауырып, сыбырлап әрең сөйлейтін болып қалады да, көрші тұратын таныс дәрігер жігіттің үйіне барады. Есігін тықылдатады. Есікті дәрігердің әйелі ашады.

– Коля үйде ме? – дейді жігіт, сыбырлай сөйлеп.

– Ол жоқ, тез кір!

\* \* \*

– Доктор, соңғы кезде түсіме бір есік кіретін болды, ашайын деймін, бірақ, қанша итерсем де, ашылмайды.

– Сыртында ешқандай жазу жоқ па?

– Бар. «Өзіңе қарай тарт» деген.

\* \* \*

Дәрігер: – Маған көрінуге бірінші рет келіп отырсыз ғой?

– Иә.

– Ендеше бәрін басынан бастап айтып беріңіз.

– Жарайды. Құдай әуелі аспанды жаратты...

\* \* \*

– Доктор, күйеуімнің жүйкесі ауыра бастады ма деп қорқып жүрмін, өйткені бір нәрсені бір сағат бойы айтсам да, естімейтін болып жүр.

– Онысы – сырқаттанғаны емес, шыдамдылығы.

\* \* \*

Банк иесі Айзерман шал жасы баласымен шамалас қызға үйленіпті. Содан бір күні дәрігерге келіп:

– Доктор, мен хал-ахуалымды білмеппін, күйеу болып жарыта алар емеспін, бір жәрдем жасаңызшы! – дейді. Дәрігер ары-бері әбден қарап болады да:

– Өкінішке қарай, сізге енді ештеңе көмектесе алмайды, – дейді.

– Араның сүті бірден-бір ем деседі ғой?

– Араның сүтін жазып-ақ берейін, бірақ, шаға алмаған соң құр-бекер ызындағаннан не пайда?

\* \* \*

Бір дәрігердің «біз» деп сөйлейтін әдеті бар екен. Бір сырқатты көріп болып:

– Біздің хал нашар, ішіміз ауырады, аузымыз жөтелден, мұрнымыз түшкіруден босамайтын болады, енді не істесек екен? – дейді.

– Онда екеуіміз басқа дәрігерге барып көрінейік!

\* \* \*

Бір жігіт дәрігерге барады:

– Доктор, менің әйелімнің... астыңғы жақтағы... шашы жіп-жирен.

– Сізге бөгет бола бастады ма?

– Жоқ, бірақ көргендер күліп жүр.

\* \* \*

Цирктің жас әртисі өнер сапарына алғаш рет шықпақшы болады. Аттандыруға жиналған дос-жолдастары ақыл бере бастайды:

– Сен шабадан сатып ал.

– Е, иә, шабадансыз мән болмайды.

– Пенжағың мен шалбарыңды салып қоюыңа керек.

– Шұлығыңды, ішкіімдеріңді саласың.

– Сонда қалай, тыржалаңаш баруым керек пе?!

\* \* \*

Грузин жігіт үйіне хат жазып: «Мама, институтта оқып жүрмін. Басқалар оқуға аутобуспен барады, ал мен таксимен барамын» дейді. Көп кешікпей мамасынан жауап хат келеді: «Ұлым, басқалардан ерекшеленбе, аутобус сатып ал!»

\* \* \*

- Сен түрмеден неге қаштың?
- Үйленейін деп едім.
- Бостандықты тапқан екенсің!

\* \* \*

- Таңертең үйге келсем, әйелім айтады:
- Түнде үйге ұры түсті, дейді.
- Ұстап алып па?
- Ол ауруханада жатыр. Әйелім оны мен екен деп ойлап қалып, оқтаумен басқа бір салыпты.

\* \* \*

- Түрмеге бірінші рет түскен жігіт бақылаушыдан:
- Терезелерін темірмен не үшін торлап қойған? – деп сұрапты.
  - Сақтық үшін.
  - Әй, ақымақтық-ай! Түрмеде ұрлайтын не бар, түк жоқ қой, міне?!

\* \* \*

- Холмс пен Ватсон далада ұйықтауды жөн көреді. Ватсон түн ортасында оянып кетіп:
- Холмс! Біз жатқанда қараңғы еді, енді жұлдыздар жыпырлап тұр ғой? – дейді.
  - Ватсон, таңданатын дәнеңе жоқ, палаткамызды қақшып кетіпті.

\* \* \*

- Сот мәжілісінің үзілісінде адвокат өз қорғауындағы айыпталушыға абыржи сөйлеп:
- Сізді ақтап алу үшін айтар сөзімнің бәрін айтып тауыстым,

бұдан ары қарай енді не деуім керек, не істеуім керек? – деп налиды.

– Онда қылмысты өз мойныңызға ала салыңыз!

\* \* \*

– Жолдас милиционер! Мына көшеде жүру қауіпті ме, қауіпсіз бе?

– Қауіпті болса, мен тұрар ма едім?!

\* \* \*

– Жалған куәгер болып шықсаңыз не алатыныңызды білесіз бе?

– Білем, «Жигули» бермек болған.

\* \* \*

– Айыпталушы, ақырғы сөзіңізді айтудан неге бас тарттыңыз?

– Сот мырза, өйткен себебім: айтылуы керек сөздің бәрін қорғаушым айтты, айтылуы керек емес сөздің бәрін прокурор айтты.

\* \* \*

Купеге қолында тапаншасы бар біреу кіріп келеді де, онда жалғыз отырған кісіге:

– Ақшаңды әкел, тез! – деп бұйырады.

– Менде соқыр тиын да жоқ...

– Онда неге қалшылдай қалдың?

– Билет тексеруші келіп қалған екен деп...

\* \* \*

Саяси сауат сабағында взвод командирі:

– Аbugелдинов, Отан дегеніміз не? – дейді.

– Білмеймін.

– Ақымақ! Есінде болсын: Отан – сенің анаң!

– Ұқтым.

– Петров, Отан дегеніміз не?

– Ол – Аbugелдиновтің анасы!

\* \* \*

Иен далада есек пен прапорщик ұшырасады.

– Сен кімсің? – дейді есек. Прапорщик жан-жағына қарап алады да:

– Мен офицермін. Сен ше? – дейді.

Есек те жан-жағына қарап алады:

– Мен сәйгүлікпін!

\* \* \*

Әскер бөліміне бір кемпір келеді:

– Маған капрал Дмитриевті шақырып беріндерші, мен – әжесімін.

– Ол сізді жерлеуге сұранып кеткен.

\* \* \*

Солдаттың өткен жолғы сабақтан не түйгенін тексеріп байқау үшін лейтенант оған мынадай сұрақ қойыпты:

– Мысалы, соғыс кезі екен дейік, ентелеп келіп қалған жау темір жолымызды басып алмас үшін Сіз не істер едіңіз?

– Мен темір жол билеттерін түгелдей жағып жіберер едім!

\* \* \*

Прапорщик медкомиссияда. Көз дәрігері:

– Оң көзіңізді қалқалаңыз. Мынау қай әріп?

Прапорщик үндемейді.

– Сол көзіңізді қалқалаңыз. Мынау қай әріп?

Прапорщик үндемейді.

– Сіз ештеңе көре алмадыңыз ба?

– Өте жақсы көрдім, бірақ әріптердің аттары есіме түспеді.

\* \* \*

Екі жігіт далада келе жатады.

– Әй, қара, аспанға қара! – дейді бірі, тікұшақты көріп қалып.

– Бір орында тапжылмай тұрғаны несі?

– Жанармайы таусылып қалған шығар.

\* \* \*

Жолаушылап жүрген әйел үйіне телефон соғып, күйеуімен сөйлеседі:

– Мысығымыз қалай?



– Өліп қалды.

– Жаққа тартып жібергендей етпей, жұқалап айтпайсың ба? Мәселен, «шатырда отырған» деп, содан кейін: «бір кезде қалайда құлап кетті» деп, содан соң: «сөйтіп қазаға ұшырады» деп. Жаман хабарды осылай айту керек, әйтпесе естіген кісіге ауыр тиеді. Ал мамам қалай?

– Шатырда отырған...

\* \* \*

Екі әйел сөйлесіп отыр.

– Күйеуім маған көңіл аударғанды қойды.

– Сен оны бірдеңемен оқыс таңдандырып көр.

«Немен таңдандырсам екен?» деп бірнеше күн ойланған әйел противогаз киіп алуды ұйғарады. Кешке күйеуі жұмыстан келіп есікті қаққан кезде противогазды киіп барып ашады. Күйеуі ештеңе көрмегендей өтіп кетеді. Асбөлмеге кіреді. Әйелі үстел жасауға кіріседі. Противогаз тынысын тарылта бастайды. Одан ары шыдай алмасын сезген әйелі күйеуіне:

– Сен менің өнебойымнан ешқандай өзгеріс байқамадың ба? – дейді.

– Сен екі қасынды бірдей жұлып тастағаннан саумысың? – депті күйеуі.

\* \* \*

Концертті жүргізуші: – Қазір сахнаға Халықтар достығы атындағы квартет шығады. Оның құрамы: Дорошенко – Украина; Газарян – Армения; Думбадзе – Грузия; Рабинович – сыбызғы.

\* \* \*

Жан– жақты ойлану:

– Аутобусқа міндім, отырдым. Белетке ақша беріп жіберуім керек. Қасымда бір жігіт тұр. Онымен «сен» деп сөйлескенім жөн бе, әлде «сіз» деп пе? Ойландым. Мына аутобус – экспресс. Бұл жігіт өткен аялдамада түспеді, яғни біздің шағын ауданға бара жатыр. Қолында гүлі бар, демек, әйелге кетіп барады. Гүл

шоғы әдемі, яғни әдемі әйелге бармақшы. Біздің шағын ауданда әдемі әйел екеу: бірі – менің әйелім; екіншісі – менің ашынам. Бұл менің ашынама бара алмайды, себебі: оған мен өзім барғалы келемін. Яғни бұл менің әйеліме келе жатыр. Мен әйелімнің ашыналарын сырттай білем, олар екеу: Петя мен Вася. Петяның алыста, іссапарда екенін естігенмін.

– Вася! Мә, билетке беріп жіберші!

\* \* \*

Бір авиакомпания тәжірибелі ұшқыш керектігін хабарлайды. Ұшқыш неміс келеді.

– Неше сағат ұшқан тәжірибеңіз бар?

– Он бес мың сағат.

– Айына қанша жалақы алғыңыз келеді?

– Үш мың доллар: бір мыңы – өзіме; бір мыңы – әйеліме; бір мыңы – банкке.

Француз келеді.

– Неше сағат ұштыңыз?

– Он бір мың сағат. Мен айына алты мың алсам деймін: екі мыңы – өзіме; екі мыңы – әйеліме; екі мыңы – ашынама.

Орыс келеді.

– Неше сағат ұштыңыз?

– Бір сағат та ұшып көрген жоқпын. Мен ұшқыш емеспін, сіздерге табыс табу үшін келдім. Маған тоғыз мың жетеді: үш мыңы – өзіме; үш мыңы – сізге, ал қалған үш мыңы – неміске, сол-ақ ұша берсін.

\* \* \*

Француз, ағылшын, орыс – үш жігіт әйелдерін мақтасып отыр.

Француз: – Әйелімнің сымбаттылығы, нәзіктігі соншама, менің екі галстугым оның бір көйлек тігіп алуына еркін жетеді.

Ағылшын: – Менің әйелім кеше ваннада шомылып отырып, оның суағар тесігінің тығынын байқамай ашып қалып, кір сумен бірге ағып кете жаздады.

Орыс: – Мен жұмысқа шығарда әйелімнің бөксесін алақаныммен қаққылап-қаққылап кетсем, мен қайтып келгенде де іркілдеп тұрады.

Француз бен ағылшын: – Түсінбедік. Бұл не дегенің?

Орыс: – Ең қысқа жұмыскүн біздің елде дегенім!

\* \* \*

Аты шулы сараң мінәжәтін бастайды:

– Уа, Құдірет! Сен үшін миллион жыл деген не?

– Қасқағым сәт.

– Миллион сом ше?

– Бір тиын.

– Олай болса, маған миллион сом бере салшы!

– Қасқағым сәт күте тұр.

\* \* \*

Ажырасу жөніндегі арыз қаралады.

Сот әйелге: – Егер күйеуіңіз сізді «кәрі сиыр» деп тілдеуін қоюға уәде берсе, ажырасудан бастарта аласыз ба?

– Мақұл, бастартайын.

Сот күйеуге: – Сіз әйеліңізді бұдан былай «кәрі сиыр» деп тілдеуіңізді қоясыз ба?

– Қояйын.

Сот: – Бәрекедді! Іс қысқартылды!

Күйеуі әйелінің қасына барады: – Мүйізіңді қағып алмай тұрғанда жүр үйге!

\* \* \*

Екі аңшы сөйлесіп отыр:

– Сен жабайы қабанды атуға шыққанда патроныңа қай дәріні саласың?

– Түтіні қоюын.

– Ол басқалардан күшті ме?

– Түтін сейілгенше ағашқа өрмелеп шығып үлгірем.

\* \* \*

– Құлағыңның біреуін кесіп алса, не болады?

- Естуім нашарлайды.
- Екінші құлағыңды да кесіп алса ше?
- Көруім нашарлайды.
- Е, ол қалай?
- Кепкам көзіме түсіп кетеді ғой.

\* \* \*

– Мен баяғыда Африкада аң аулап жүріп, бір күні пілді, елу метр жерден атып, жалпасынан түсірдім!

– Әй, сол да сөз бе екен?! Мен әнеу күні ғана Солтүстік теңізде ақ аюды ұстап алып, қылғындырып өлтіре салдым!

– Теңіз демекші, сендер Өлі теңіз дегенді естідіндер ме?

– Иә.

– Сол теңізді біз – ініміз екеуіміз өлтірдік!

\* \* \*

Балалар бақшасында.

– Менің баламды шақырыңызшы.

– Сіздің балаңыз қайсысы?

– Е, бәрібір емес пе, таңертең қайтадан алып келем ғой.

\* \* \*

Теңізші болған қарт бірде немересіне естелік айтып отырады:

– Біздің кемеміз сиқырлы Бермуд үшбұрышының тап ортасына жете берген кезде сұмдық толқын біздің кемені бесқабат үйдің биіктігіндей биікке көтерді де, былш еттіріп қайтадан тастай салды, бір де бір теңізші аман қалған жоқ, бәрі қаза тапты.

– Сонда, ата, сен қалай аман қалдың?

– Мен одан көп бұрын зейнетке шығып кеткенмін.

\* \* \*

Алақан қарағыш әйел сөйлеп тұр: – Сіңлім, сіз жақында үлкен қайғыға тап боласыз, амал не, күйеуіңізден айрыласыз.

– Мен жесір қалғалы екі жыл.

– Онда қолшатырыңызды жоғалтасыз.

\* \* \*

Зиратты аралап жүрген бір кісі әлдекімді жерлеп тұрғандарға жақындайды. Оркестр азалы күй ойнауда. Қаралы гүлорамда есеп жоқ.

– Бұл жарықтық неден қайтыс болды екен?

– Гүлорамдардағы жазуларды оқыңыз, сонда жазылған.

Ол жағалап, оқи бастайды: «Кәсіподақ комитетінен», «Партия комитетінен», «Бір топ жолдастарынан», «Сүйікті әйелі мен ұлынан».

\* \* \*

Екі достың өзара әңгімесінен:

Морг бастығы: – Вася, бүгін неше мотоцикл саттың?

Дүкен меңгерушісі: – Бесеу.

– Онда әлі біреуі көше кезіп жүр.

\* \* \*

Екі мұжықтың арақ ішкілері келеді, бірақ ақшалары жоқ.

– Вань, ГАИ бақылаушылары болып жолға шығайық та, біраз айыппұл тауып, араққа бір тояйық!

Екеуі жеңдеріне қызыл шүберек байлап алып, жолға шығады. Келе жатқан бір мәшінді тоқтатады:

– Сендер жол тәртібін бұздыңдар, кәне, он сом айып төлеңдер!

Мәшіннен алып денелі екі жігіт шығады да, екеуін бассалып жығып, тепкілеп-тепкілеп, жөндеріне кете барады. «Гаишілердің» ұсыныс жасағышы басын әрең көтереді:

– Вань, нөмірі есінде қалды ма?

– Қырық үш, қырық төрт.

– Әріптері ше?

– Бәтіңкенің табанында әріп болушы ма еді?!

\* \* \*

Дәріханаға бір мұжық кіріп келеді де:

– Апельсин бар ма? – дейді.

– Жоқ. Бұл жеміс-жидек дүкені емес, дәріхана.

Мұжық тағы бірнеше күн бойы келіп, апельсин сұрай береді.

Дәріхананың қызметкерлері одан қалайда құтылуды

ойластырып, есіктің сыртына: «Апельсин жоқ» деп жазылған қағазды іліп қояды. Ертеңінде мұжық тағы жетіп келіп:

– Апельсин болған екен ғой?! Менен жасырған екенсіңдер ғой?! – деп қиғылық салып кетіпті.

\* \* \*

Дүкенде.

– Күрек бар ма?

– Жоқ.

– Шелек бар ма?

– Жоқ.

– Шеге бар ма?

– Жоқ.

– Онда несіне отырсыңдар?

– Құлып жоқ.

\* \* \*

– Егер менің шешемнің осында тұрғысы келсе, – дейді әйелі күйеуіне, – онда біз үлкен үй тауып алып, соған көшейік.

– Жоқ, шешең бізді, ерте ме кеш пе, ол үйден де бәрібір тауып алады.

\* \* \*

Бір әйелдің сыры: – Үйде жападан-жалғыз ұйықтап жатқанмын. Бір уақта салдыр-гүлдір дыбыстан оянып кетіп, түнгі шамды жағып қарасам: бір жігіт бөлмемде түртінекпен жүр. Ұры екені беп-белгілі. Бірақ керемет сұлу екен. Мен оған: «Әй, жігітім, екі сағаттан кейін қаранды батыратын бол!» дедім.

\* \* \*

Американ, ағылшын, орыс бірде мысыққа горчица жегізуге бәстесіпті. Американ мысықты ұстап әкеледі де, горчицаны аузына тықпалайды.

– Бұның – кәдімгі зорлық, – дейді орыс, қарсы болып.

Ағылшын горчицаны екі жапырақ колбасаның ортасына салып беріп жегізеді.

– Бұның – кәдімгі алдау, – дейді орыс, оған да қарсы шығып.

Содан соң өзі мысықтың құйрығын көтереді де, горчицаны жағып-жағып қалады. Мысық мияулап, бажылдап, жалай бастайды.

– Мінеки, көрдіңдер ме, өз еркімен және әндетіп жей бастады!

\* \* \*

Мичуриншіл профессор институтта дәріс оқып тұрған сәтте есік қағылып, хатшысы ентігіп кіріп келеді:

– Профессор, әйеліңіз қатты жарақаттанып, ауруханаға аттандырылды!

– Не болды?

– Алма ағашына өрмелеп, қияр үзуге кіріскенде басына қарбыз түсіпті.

\* \* \*

Институт. Психологиядан дәріс оқып отырған профессор:

– Сендерге ызаланудың үш дәрежесін көрсетейін, – деді, – мінеки: бәріңе естілуі үшін телефонды динамикаға қостым, енді мына телефон анықтамалығын ашып, көзім шалған бірінші нөмірге телефон соғамын... Алло! Павликты шақырып жіберіңізші. «Сіз қателестіңіз, мұнда Павлик деген жоқ». Бұл – ызаланудың бірінші дәрежесі. Енді екінші дәрежесін байқандар. Сол нөмірді тағы аламын... Алло! Павлик үйде ме? «Бізде Павлик деген жоқ! Керек нөмірлеріңді дұрыстап теріңдер!». Әнеки, дауысы бұзыла бастады, ә? Бұл – ызаланудың екінші дәрежесі. Енді үшінші дәрежесін көрелік. Сол нөмірді тағы теремін... Алло! Павликті шақырып бересіз бе? (Боктық сөз бұрқырай жөнеледі). Міне, бұл – ашуланудың үшінші дәрежесі. Кәне, кімнің сұрағы бар?

Студенттердің біреуі қолын көтереді:

– Профессор, мен ашуланудың төртінші дәрежесін білем, көрсетейін. Ол да сол нөмірге телефон соқты: – Алло! Сәлеметсіз бе? Мен Павликпін ғой, мені ешкім іздеген жоқ па?

\* \* \*

Есік тықылдады.

– Кім?

- Милиция.
- Үйде ешкім жоқ.
- Сөйлеп тұрған кім?
- Сөйлеп тұрған Мәскеу. Мәскеу уақыты 12 сағат 30 минөт.

\* \* \*

Саябақта бір жігіт ішінде бала бажылдап жатқан қоларбаны итеріп келеді. Уақ-уақ:

- Вася, сабыр сақта. Вася, ашуға жеңдірме, – деп қояды. Қарсы ұшырасқан кемпір оның жұбату сөздерін естіп:
- Әй, жігіт, Васяң сенің не айтқаныңды ұғатын жаста емес қой, қолыңа алып тыныштандыр, – дейді.
- Ол Вася емес, мен – Васямын, – депті жігіт.

\* \* \*

- Жолдас жолсерік, мені Раздельный разъездінде оятыңызшы!
- Сіз сонда түсесіз бе?
- Мен емес, купелесім түседі.
- Ендеше сізді оятудың қажеті не?
- Көршімнің ұйықтап қалып, стансасынан өтіп кеткенін көргім келеді.

\* \* \*

Мейрамханадан шыға бере әйелі күйеуін ренжиді:

- Әй, сенің есің есің дұрыс па, киімлігіштегі кемпірге бақандай он сом бергенің қай байлығың?
- Әй, ақымақ! Оның маған қандай бөрік бергенін көрсеңші!

\* \* \*

Әйелі күйеуінің қасына барып, құшақтап, аймалай бастап:

- Мені шын сүйесің бе? – дейді.
- Тезірек айтшы, не сатып әперейін?!

\* \* \*

Шаштаразы:

- Шашыңызды қайтіп алайын?
- Үндемей.

\* \* \*



Бір әйел былай депті: – Бүгінгі еркектер біртүрлі: Үстіңе шығарсаң – ұйықтап кетеді; астыңа түсірсең – тұншыға бастайды; қырынан жатқызсаң – теледидарға қарайды; тұрғызсаң – кетіп қалады.

\* \* \*

Трамвайдың аялдамасында бір мұжық ішек-сілесі қатып күліп тұрады.

– Ей, бұл неткен күлкі?

– Кондукторды қатырдым, аузын артына қаратып алдап соқтым.

– Не деп? Қайтіп?

– Белет алдым да, трамвайына мінбей қала бердім.

\* \* \*

– ...Қысқасын айтсам, менің әйелім – періште.

– Сен бақытты екенсің, ал менің әйелім әлі тірі.

\* \* \*

Ауылдағы бір туысының тойына сұранып кетіп, үш күннен кейін оралған хатшы келіншек таңертең жұмысына келіп, директорының кабинетіне кіреді де, таңдана сөйлеп: – Мені жұмыстан босатып тастадыңыз ба? – депті.

– Жо-ға!

– Диван қайда?!

\* \* \*

– Күйеуіңіздің қолы сыныпты.

– Доктор, мен қандай ауыр хабарды болсын сабыр сақтап тыңдай аламын, тек шыныңызды айтыңыз, ол ыдыс-аяқты жуа алатын бола ма?

\* \* \*

– Қыз таңдап сандалып жүрмін, маған ұнағаны шешеме ұнамайды.

– Онда шешене ұқсасын тауып ал.

– Құдай сақтасын! Әкем жүрегі жарылып өлер!

\* \* \*

Күйеуі: – Біздің қосылғанмызға бүгін жиырма екі жыл ғой, соның құрметіне тауық асып жесек қайтеді?

Әйелі: – Оның жазығы не?

\* \* \*

– Ковалевті көрсем-ақ сен көз алдыма келе қаласың.

– Мен оған ұқсас емеспін ғой?

– Ол да маған 100 сом берешек.

\* \* \*

– Сүйіктім, екеуіміз табысқалы екі ай болса да, мені әкешешенмен, туған-туысқандарыңмен таныстыруға асықпай жүргенің қалай?

– Өзім де не істерімді білмей жүрмін: әке-шешем жоқ, туыстарым алыста, балаларым қайын енемде, әйелім босанар алдындағы демалыста...

\* \* \*

– Қасыңыздағы қайын енеңізді жолбарыс бассалса, не істер едіңіз?

– Өйтсе, жолбарыстың өз обалы өзіне!

\* \* \*

– Бүгін қай айдың қай күні, айтып жіберіңізші!

– Оны неге сұрайсыз, гәзет ұстап тұрған жоқсыз ба?

– Бұл – кешегі гәзет.

\* \* \*

Күйеуінің қойын дәптерін парақтап отырған әйелі: – Мынау жаңадан жазып қойғаның кімнің телефон нөмірі?! – дейді, қызғанышты кейіппен қарап.

– Өй, ақымақ! «Мәскеу – Хабаровск» авиабилетінің бағасы емес пе?!

\* \* \*

Дәрігер: – Қай жеріңіз ауырады?

– Аяғым қарайып барады, міне, көріңізші!

– Жуып көрдіңіз бе?

– Көмегі бола ма?

\* \* \*

Кадр бөлімінде.

- Соңғы жұмыс орныңызда ұзақ істедіңіз бе?
- Сегіз жыл.
- Одан қалай шықтыңыз?
- Кешірім жарияланған соң.

\* \* \*

- Масаны оп-оңай өлтірудің тәсілін білесің бе?
- Жоқ.
- Шкафтың астына қуып тығып, сонсоң ыстық су шашу керек!

\* \* \*

- Бақыттың не екенін, ұлым, үйленген соң білесің.
- Солай ма?
- Бірақ тым кеш болады.

\* \* \*

Күнәһәр о дүниеде.

– Қай тамұққа барғың келеді: капиталистікке ме, социалистікке ме?

Күнәһәр ойланып-ойланып, капиталистік тамұққа барып, ондағылардан:

- Мұнда қанша уақыт қайнатады? – деп сұрайды.
- Әрқашанғысынша, 8 сағат.

Оны көпсінеді де, социалистік тамұққа барып, ондағылардан да:

- Мұнда қанша уақыт қайнатады? – деп сұрайды.
- Тәулік бойы.
- Соған шыдап жүрсіндер ме?!
- Бізді әлі қайнатқан жоқ. Біресе отын болмай қалады, біресе қазан тесік боп шығады, біресе отыншы сайтандар мас боп жатады.

\* \* \*

ТАСС-тың хабары: «КПСС Орталық Комитетінің Бас

секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Константин Устинович Черненко жолдас ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін есін жия алмаған күйі өз міндетін атқаруға кірісті.

\* \* \*

- Израильде коммунизм орнату мүмкін бе?
- Кішкене елге ондай үлкен бақыттың керегі не?

\* \* \*

Колхозшылардың жалпы жиналысы.

– Күнтәртінде екі мәселе бар, – дейді колхоз бастығы. – Біріншісі – қораларды жөндеу; екіншісі – коммунизм орнату. Ал бізде тақтай жоқ, сондықтан екінші мәселеге көшейік.

\* \* \*

Мәдени алыс-беріс.

– Біз оларға: Ростроповичті, Солженицынды, Нүриевті берейік, олар бізге – Шаляпиннің сүйегін берсін.

\* \* \*

– 2001 жыл. Санкт-Петербургта бір-ақ еврей қалды, оның өзі де әйел – Аврора Крейсер .

\* \* \*

Директордың кеңседе жоқ екенін байқаған Мендель жұмыстан бір сағат бұрын тайып тұрады. Көңілі көншіп, үйіне жетіп барса: әйелінің жанында директоры шалжиы-ы-ып жатыр! Мендель бұрылып алып зытады. Кеңсеге жетіп бір-ақ тоқтап, жолыға қалған Додикке: – Біздің директор мені көріп қоя жаздады, әйтеуір, құдай сақтады! – депті.

\* \* \*

Рабиновичтің қайын енесі қайтыс болады. Табытқа салып, жерлеуге алып келе жатқан көпшіліктің арасынан біреу:

- Рабинович, енең неге қырынан жатыр? – дейді.
- Шалқасынан жатса, қорылдайды.

\* \* \*

Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде телефон шылдырлайды.

- Алло, қауіпсіздік комитеті ме?
- Иә.
- Дерибасов көшесі, оныншы үйде тұратын Рабиновичті білесіздер ме?
- Иә.
- Ауласында дүкені барын ше?
- Білеміз.
- Дүкені дөңбекке толы екенін білесіздер ме?
- Иә.
- Рабиновичтің сол дөңбектердің ішіне алтын тығып қойғанын ше?
- Сола-а-ай ма?! Рахмет!
- Ертеңінде Рабиновичтің телефоны шылдырлайды.
- Мен ғой, иә, қалай болды? – дейді Хаймович.
- Рахмет! Жүз жаса! Олар дөңбектерімді түгел кесіп, жарып беріп кетті!

\* \* \*

Одесса. Отағасы сыртта отын жарып, әйелі үйде тамақ пісіріп жүреді. Бір кезде зеңбірек атылады. Әйел терезеден басын шығара қарап:

- О не, Абрам, ет сатушылар келді ме? – дейді.
- Жо-ға. Мәскеуден бастықтар келді.
- Біраздан соң зеңбірек тағы атылады. Әйел тағы қарайды:
- Абрам, ет сатушылар келді ме?
- Мәскеуден бастықтар келді дедім ғой!
- Оларға бағана атқанда тигізе алмап па?!

\* \* \*

Одесса. Екі таныс жолыға қалады.

- Иә, қалай?
- Сегіз.
- Немене «сегіз»?
- Немене «қалай»?

\* \* \*

- Мойша, мына табыттарың неше сомнан?
- 15.
- Рабиновичта 20 сомнан, бірақ әлдеқайда кең, олай-былай аунап жатуға болады.

\* \* \*

- Телефон шыррр етеді.
- «Сақтық» қоғамы тыңдап тұр.
  - Бұл Рабинович қой. Еврейлердің Ресейді сатып жібергендері рас па?
  - Рас. Әй, есірік еврей, тағы қояр сұрағың бар ма?
  - Үлесімді алу үшін кімге барсам екен?

\* \* \*

Есік қағылады.

- Кімсің?
- Гольдбергтер осында тұра ма?
- Гольд бірінші қабатта, Берг алтыншы қабатта тұрады.
- Ажырасып кеткен екен ғой...

\* \* \*

Мәскеудің метросында негр жігіт еврейдің гәзетін оқып отырады. Жанындағы Рабинович бір кезде оны шынтағымен түргіп қалып:

- Негр болғаның жетпей жүр ме? – депті.

\* \* \*

- Саған қай ауру ұнайды?
- Қышыма дұрыс. Қасынған сайын сүйсінесің!
- Ал ұнамайтыны ше?
- Геморрой. Не өзің көре алмай, не өзгеге көрсете алмай қор боласың!

\* \* \*

Моисей: – Бәрі құдайдан.

Соломон: – Бәрі басқа байланысты.

Христос: – Мәселе жүректе.

Маркс: – Бәрі тұрмысқа байланысты.

Фрейд: – Мәселе сексте.

Эйнштейн: – Бәрі салыстырмалы.

Еврей нешеу болса, пікір де сонша!

\* \* \*

Техастың бір бай саяхатшысы Австралияға барып түсіп, кенгуруды көріп:

«Сіздердің шегірткелеріңіз сұмдық үлкен деп естіп едім, рас екен!» депті.

\* \* \*

Шылдырлаған телефонның тұтқасын алып тыңдаған хатшы келіншек бастығына жалт қарайды:

– Мырза, сізді шақырады ғой деймін...

– Кім, не деді?

– «Жексұрын шал, сенбісің? Сәлем!» деді.

\* \* \*

Шапшаң пойыз Техастың бір фермасының тұсынан өтеді. Терезеден далаға қарап отырған жолаушы ферма артта қалған кезде купелес серігіне бұрылып:

– Жайылып жүрген көп мал көрдім. Көп-ақ! 11 мың 428 екен! – дейді.

Серігі оған таңдана қарайды:

– О, ғажап-ай! Ол менің малдарым, ал сіз санын дәл айттыңыз! Пойыз сағатына 60 миля шапшандықпен зымырап өткенде сіз оны қалайша санап үлгірдіңіз?!

– Үлгірмегенде ше?! Аяқтарын санап жібердім де, төртке бөле салдым!

\* \* \*

Темір жол төсетіп жүрген инженер жол бағытындағы бір үйге барып кіріп:

– Темір жол сіздің үйіңіз арқылы өтетін болады, – дейді.

– Кешірерсіз, пойыз алай-былай өткен сайын қақпамды ашып-жауып әуре болар уақытым жоқ! – депті үй иесі.

\* \* \*

Жолдың шұғылдау бұрылысында бір мәшінді екінші мәшін артынан сүзіп қалады. Алдыңғы мәшіннен атқып шыққан жүргізуші әйел анау жүргізушіге:

– Ей, көзің жоқ па? Мені көрмедің бе? – дейді.

– Көрдім, – дейді жігіт.

– «Көрдім»!.. Көрсең, неге шатастың? Қара басты ма? Мен оң жақ астыңғы шамды жыпылықтатып, сонсоң солға бұрылдым емес пе?

– Мені сол астыңыз шатастырдыңыз ғой...

\* \* \*

– Сіздің карта ойнағанда шақ келтірмей ұтып, ал ат бәйгесіне бәс тіккенде тотиып қала беретініңіз қалай?

– Ал сіз атты жеңіңізге тығып жібере аласыз ба?

\* \* \*

Жұмыс іздеп келген кісімен сөйлескен қожайын басын шайқайды:

– Сіздің түріңізге, жасыңызға қарағанда, қимылыңыз онша емес сияқты, лыпып тұру керек қой?!

– Сізге бухгалтер керек пе, әлде маймыл керек пе?

\* \* \*

Швецияда ағаш кесушілердің халықаралық жарысы басталады. Белгі беріле тоғайға лап қойған нән балталы атпал жігіттердің арасында балтасы кішкене, өзі тапал жігіт те болады. Бір сағаттан кейін жарыс тоқтатылып, ағаш саналады. Швед 14 ағаш, финн 18 ағаш, ал тапал жігіт 25 ағаш кесіпті. Баспасөз тілшілері жеңімпазды ортаға алады:

– Ағашты өте шапшаң кесуді қайда үйрендіңіз?

– Сахарада.

– Онда ағаш жоқ қой?

– Иә, содан бері жоқ.

\* \* \*

Кеме капитаны:

– Ей, төменде кім бар? – деп дауыстайды.



- Мен бармын, мырза, Биллмін!
- Сіз не істеп отырсыз?
- Мен, мырза, ештеңе істеп отырған жоқпын.
- Том бар ма?
- Бар, мырза.
- Ол не істеп отыр?
- Ол маған көмектесіп отыр.

\* \* \*

Екі жігіт балық аулауға барып, өзенді күні бойы жағалап, бір балық та ұстай алмайды. Сонсоң біреуі сылқ етіп отыра кетеді де, ауыр күрсініп:

- Мен енді өлсем де сенбеймін! – дейді.
- Неменеге сенбейсің?
- Тек балықпен күн көретін халық бар дегенге!

\* \* \*

– Мырза, марқұм нағашыңыз ақтық демі біткенше ақыл-есінен айрылған жоқ па?

- Оны ертең өсиет-хатын оқығанда білерміз.

\* \* \*

Рингте жұдырықтасып жүрген боксшылардың біреуі сұлап түседі. Төреші дереу еңкейіп, күбірлеп санай бастайды:

- Бір, екі, үш... сен тұруға асықпа, сегізге дейін жат.
- Жарайды. Сағат қазір қанша?

\* \* \*

Таңертеңгі тамағын ішіп, гәзетті де оқи отырған Смит кенеттен мөлііп қалыпты. Гәзет оның қайтыс болғаны жөнінде азахабар жариялаған екен. Ол есін жиып, досына телефон шалады:

- Алло, Джон! Менің өлгенім туралы азахабарды оқыдың ба?
- Оқыдым, оқыдым! Сен қай зиратта жатырсың?

\* \* \*

- Бір пілдің бағасы қанша екенін кімнен білуге болар екен?
- Саған пілдің керегі не?
- Маған піл емес, сонша ақша керек болып тұр.

\* \* \*

Бір фермер көрші фермершіге телефон соғып:

– Джексон, сенің жылқыларың темекі тартушы ма еді? – дейді.

– Әй, сен алжасқаннан саусың ба? Жылқы темекі тартады дегенді қай ақымақтан естідің?

– Атқораң өртеніп жатқан соң сұрап отырғаным ғой.

\* \* \*

Англияның басшылығы Ла-Манштың астынан тоннель жүргізуді ұйғарып, құрылысшы іскерлерге хабарлама жариялайды. Ертеңінде қолында күрегі бар жігіт парламентке келіп: – Біз іске кірісуге әзірміз! – дейді

– Сіз қай компаниядансыз?

– Ініміз екеуіміздің компаниямызданмын. Мен Франция жақтан қазып, ал інім Англия жақтан қазып, екеуіміз Ла-Манштың астында кездесетін боламыз.

– Егер кездесе алмасаңдар, онда не болады?

– Онда тоннель екеу болады!

\* \* \*

Бір әйел аутомәшінін қаратып алу үшін техникалық жәрдем орнына барады. Ондағы шебер мәшінді әбден қарап шығады.

– Қалай екен? – дейді әйел.

– Мынауыңыз егер ат болса, осы жерде атып тастаған жөн болар еді!

\* \* \*

Шотландық картақұмар жігіт бір кешкі ойында жүз фунт стерлингін ұтқызып қойып, кәсіптестеріне жатып жалынады: «Жігіттер, мені аяндаршы, халімді түсініндерші! Әйелім менің осыншама ұтылғанымды естіген сәтте-ақ мойнымды үзіп, кеңірдегімді суырып алады. Өлердей өтінемін: ақшамды қайтарып беріндерші! Өйтпесеңдер, маған енді тірі жүру жоқ!» деп зареніреді. Кәсіптестері біріне бірі қарап, бірі иығын кужың еттіріп, бірі бетін тыржитып, бірі қатты күрсініп,

ақырында байғұсқа ақшасын қайтарып береді. Анау ақшасын санап алыпты да: «Жігіттер, бұған елу фунт қосып беріңдерші, әйелім менің ұтып алғанымды көріп, бір қуансын!» депті.

\* \* \*

Антарктидаға аттанбақ болған белгілі бір саяхатшы экспедиция құрамына тым көріксіз бір әйелді алады.

– Мырза, мұндай сиықсыз әйелдің қажеті не?

– Бұл сүйкімді көріне бастағанда үйге қайтатын мезгіл болғанын есіме түсіру үшін қажет.

\* \* \*

Мұхиттың орта тұсында біріне бірі қарама-қарсы келген екі қайықтың біріндегі жігіт екіншідегіге айғайлап:

– Оу, сен отырған кеме де апатқа ұшырағаннан сау ма? – дейді.

– Қайырлы күн, мырза! Дәл таптың, солай болды.

– Қашан?

– Бір жыл боп қалды.

– Сонда... бір жыл бойы өстіп жүрсің бе?

– Жүрмегенде қайтем?!

– Қиын ғой,ә?

– Әрине. Әсіресе жексенбіде ішім пысады.

\* \* \*

Үй иесі мейманына фотоальбомын көрсетіп отыр: «Мынау – апатқа ұшыраған кеме, мынау – құлаған пойыз, мынау – өртеніп жатқан мейманхана, ал мынау – менің үйлену тойым».

\* \* \*

Бір аңшы әңгіме соғып отыр: – Аңдардың ең қауіптісі – өзенді жердегі бурыл аю. Одан қашып құтыла алмайсың. Кездесе қалғанда сен жалт беріп қаша жөнелсең, ол қуа жөнеледі. Сен өзенге сүңгіп кетсең, соңыңнын ол да сүңгиді.

– Егер мен тығыла қалсам ше?

– Ол да тығыла қалады!

\* \* \*

Полиция кеңсесіне бір кісі ендіге кіріп келеді:

- Мен өз еркіммен берілуге келдім.
- Не істеп қойдың?
- Әйеліме қол көтердім.
- Өлтіріп тастадың ба?
- Жо-жоқ! Ол сап-сау.
- Ендеше басымызды қатырма, үйіңе қайта бер.
- Қайтпаймын!
- Е, неге қайтпайсың?
- Ол да осында, есік сыртында мені аңдып тұр.

\* \* \*

Гетеборг храмының пасторы кіре беріске: «Күнәннан арылғың келсе, – кір, есік ашық», деген жарнама іліп қояды. Ертеңінде қараса, жарнамасының одан арғы бос жеріне біреу ерін бояуымен: «Арылғың келмесе, №16-07-66 телефонға хабарлас», деп жазып қойыпты.

\* \* \*

- Алла Пугачева балабақшаларды аралауға кірісіпті.
- Қаржылай көмек бермек шығар?
- Жо-ға. Келесі күйеуін таңдап жүрген көрінеді.

\* \* \*

– Ей, сүйкімді бикеш, мысалы, дәл қазір осы көшеде атыс бастала қалса, сен не істер едің?

- Білмеймін.
- Жата қалуың керек.
- Әй, ақылыңа болайын! Әйелді жатқызу үшін атыс ашудың қажеті не?!

\* \* \*

Кадр бөліміндегі сұхбат: – Сізге алдын ала ескертіп қояйын: егер біздің фирмаға орналасу ойыңыз болса, онда: өтірік айтуыңыз, алдап– сулай білуіңіз, ұрлық жасай алуыңыз, жұмысқа кешігіп жүруіңіз керек. Ондай өнеріңіз бар ма?

- Әзірше жоқ, алайда сіздер үшін үйреніп алуға дайынмын!

\* \* \*

Ет сататын дүкенде: – Сатушы мырза-ау, тусыртыңызға осыншама үлкен айнаны не үшін іліп қойдыңыз?

– Сіздей әйелдер таразыға қарай бермес үшін.

\* \* \*

Мінезі шадыр артист әйел театр директорына: – Бірінші көріністе менің білектерімдегі, саусақтарымдағы інжу-маржанның бәрі шынында таза інжу-маржан болсын! – деп талап қойыпты.

– Ә, оған алаң бола көрмеңіз: бірінші көріністегі інжу-маржандар да, соңғы көріністегі у да таза болады! – депті директор.

\* \* \*

Темза өзенін жағалап келе жатқан фотографияға бір тұста суға түсіп жүрген әйелдердің біреуі: – Ой, мырза! Мырза! Тез келіңізші, серігім суға батып барады, келіңізші, көмектесіңізші! – деп жанұшыра айғай салыпты. Фотограф басын шайқап: – Пленкам бітіп қалды, – деп кете барыпты.

\* \* \*

– Адам, неге мұнша кешіктің, біреу-міреу кездесіп қалды ма?

– Ева-ау, жұмақта екеуімізден басқа ешкім жоқ қой, «біреу-міреу кездесіп қалды ма?» дегенің не сөз?

Ева үндемеді. Бірақ Адам ұйықтаған кезде оның қабырғасын санап шығыпты.

\* \* \*

Қаланың алыс сапарға шыққан қаратаяғы бір күні шөл далаға тап болыпты. Бірақ бағытынан жаңылмай жүре береді. Иен дала таусылмайды. Жолаушыны дәрет қыса бастайды. Жан-жағына қанша қараса да, еш жерде дәретхана көрінбейді. Бір кезде қарсы келе жатқан керуен ұшырасады. Жолаушы жігіт керуенбасына:

– Мырза, дәретхананың қай тұста екенін айтып жіберіңізші! – депті. Керуенбасы біраз ойланып тұрыпты да:

– Бүгін қай күн? – депті.

– Сейсенбі.

– Ендеше тура жүре беріңіз де, бейсенбіде солға бұрылыңыз.

\* \* \*

– Анау жолы апатқа ұшырап, автомобильдеріңнің саутамтығын қалдырмағаныңда әкең саған не деді?

– Боқтық сөздерін түгел айтып берейін бе?

– Оларын айтпай-ақ қой.

– Басқа дәнеңе деген жоқ.

\* \* \*

Ұзақ сапардан үйіне оралған жігітке есік алдында ұшырасқан көршісі: «Өкінішке қарай, әйелің сенің көзіңе шөп салды!» деп сыбырлап үлгіреді. Соған ширыға қалған жігіт үйге кіргенінде құшақ жая ұмтылған әйелін итеріп тастап:

– Мен бәрін білемін! Мен жоқта сен мұнда кіммен жаттың?! Джонмен бе?! – деп ақырады.

– Жоқ.

– Ричардпен бе?!

– Жоқ.

– Әлде Сэммен бе?!

– Е, немене, мұнда сенің достарыңнан басқа еркек жоқ па еді!?

\* \* \*

Бір министрлікте хатшы болып істейтін келіншек босанып, ұл тауыпты. Іле-шала: «Баласының әкесі біздің министр көрінеді, аузынан түсе қалғандай!», деген сөз гулейді. Сол сөзді құлағы шалған министр көмекшісін шақырып алып:

– Анау бала маған тартыпты деген өсек тарағанын естіген шығарсың, дереу перзентхана бар да, баланы анықтап көріп кел! – депті.

Көмекшісі бұйрығын бұлжытпай орындап келеді.

– Иә, анықтап көрдің бе?

– Көрдім.

– Қандай екен?

– Сіз сияқты: басы тап-тақыр, ештеңе түсінбей бақыра береді.

\* \* \*

Екі дос о дүниеде кездесе қалыпты.

- Әй, сен қалайша өлдің?
- Суықтан қатып өлдім. Өзің ше?
- Күлкіден ішегім түйіліп өлдім.
- Ондай да бола ма екен?!

– Өзіммен ашына әйелдің үйіне қонаға барып жатқанмын. Бір кезде есік тықылдады. Ақырын қарасақ, жолаушылап кеткен күйеуі ойда жоқта келе қалғаны! «Құрыдым-ау!» дедім. Ал ашынам саспады, қоқыс толы шелекті ала барып есікті ашты да, күйеуін жұмсап жіберді. Мен дереу киініп, зытып кеттім. Үйіме аман-есен жетіп, есікті тоқылдатып едім, әйелім қоқыс толы шелекті ұстата берді. Мен түсіне қойдым да, үйге басып кіріп, қуыс-қуыстың бәрін түгел тінттім. Ешкім жоқ. Шаршап отыра кетіп, ал күлейін бағана. Күле-күле ішегім түйіліп өлдім.

\* \* \*

– Сара, менің тым болмаса қалай тұрып жатқанымды сұрамадың ғой?!

- Иә, қалай тұрып жатырсың?
- Ой, сұрама!

\* \* \*

Зират күзетшісіне біреу жүгіріп келеді:

- Кешігіп қалғанымды қараңызшы, бағана Абрамовичті жерлеп еді, қабірі қай тұста екен?
- Бағана екі Абрамовичті жерледі. Сіздікі қандай еді?
- Шикіл сары.
- Екеуі де шикіл сары болатын.
- Менікі тұтықпа еді...

\* \* \*

Бір еврей ойланып тұрады. Екіншісі келіп:

- Хайым, не ойлап тұрсың? – дейді.
- «Хайм» деген сөзге «р» әрпі неге керек деп ойлап тұрмын.
- Онда ол әріп жоқ қой?

- Егер қосса ше?
- Қосудың керегі не?
- Мен де соны ойлап тұрмын.

\* \* \*

Карта ойнап отырған Мойша кенеттен жүрек қабы жарылып қайтыс болады. Әйеліне дереу хабарлау керек, бірақ ешкімнің батылы бармайды. Ақыры Аронға тоқтасады. Ол өте орнықты, көп сөйлемейді. Сөйтіп, Арон марқұмның үйіне барады. Есікті ептеп тықылдатады.

- Мені Кацман жіберді, – дейді.
- Менің күйеуім түнімен карта ойнап шықпай қоятын үйдің иесі ме?
- Сол.
- Ойында басы қалғыр неме тағы ұтылып отырған шығар?
- Иә.
- Ұтылмақ тұрғай сеспей қатсын, сүмелек!
- Иә, ол сеспей қатты.

\* \* \*

Одессадағы бір үй. Түн. Есік қағылады. Үй иесі аяғын ұшынан басып есікке жақындайды.

- Ол кім?
- Аш! Сөйлесу керек!
- Есік ашылар-ашылмаста серендеген біреулер баса-көктеп кіріп келіп, біреуі үй иесінің қарнына тапаншасын тірей қояды.
- Өй, кімсіздер?!
- Үй тонаушылармыз!
- Не керек?
- Алтын керек!
- Көп керек пе?
- Жүз кило!
- Жүз бес кило керек емес пе?
- Керек! Әкел тез!
- Сара, алтыным менің, тұра ғой, сені алуға келіпті.



\* \* \*

Миллионер өлім халінде жатады. Төсегінің айналасында: әйелі, мұрагерлері және туған-туысқандары, дәрігері тұрады. Миллионер бір кезде:

– Ұрылар, сайқалдар, алдамшылар, қорқаулар! – дейді, қырылдай әрең сөйлеп.

– Халі жаман емес, жақындарын танып жатыр, – депті дәрігері.

\* \* \*

Максим: – Алеша, не іздеп жүрсің?

Алеша: – Осы тұста бір бөтелке бар еді.

Максим: – Оны кеше әкенді жерлеп келген соң іштік қой?!

Алеша: – Бәсе, әкем көрінбейді.

\* \* \*

Парижде «Еркектің ертеңі» деген тақырыпта ең қысқа әңгімеге бәйге жарияланып, бір француз жігіт жеңіп шығыпты. Ол: «Оянып, киініп, таңертеңгі тамағын іштім де, үйіме қайттым», деп жазған екен.

\* \* \*

Екі кәрі қыз сөйлесіп отыр:

– Кеше бір гәзеттен бір бикештің крематорийге төртінші күйеуін апарып тапсырғаны туралы оқыдым.

– Өмір шіркін түсініксіз. Біз тым құрыса бір күйеу таба алмай жүрміз, ал басқалар күйеуінің бірінен соң бірін жағып жүр.

\* \* \*

– Менің байғұс күйеуім тірісінде жарымай жүріп-жүріп, өлген соң ғана жарыды.

– Қалайша?

– Оның қабірін қаза бастағанда мұнай атқылады!

\* \* \*

Әйелдер ғибадатханасы мен ерлер ғибадатханасы арасын қазып жүрген археологтар ұзындығы екі километр құпия жолды

тауыпты. Оны зерттеген кезде жолдың бір километр сегіз жүз метрін әйелдердің қазғаны анықталыпты.

\* \* \*

Директордың көмекшісі қызметіне кісі алу сынағында.

– Сіз екіорынды мәшінмен тасжолда ызғытып келесіз дейік. Бір кезде ала кетуді сұрап қол көтеріп тұрған үш кісіні: өзіңіздің бастығыңызды, егделеу әйелді және сүйкімді бойжеткенді көресіз. Сонда қайсысын, қалай ала кетесіз?

– Мен мәшінді тоқтатамын, түсемін, кілтті бастығыма беремін, әйелдің мәшінге отыруына көмектесемін, сөйтіп, қызды алып қала беремін.

\* \* \*

Канаданың бір үндісі кішкентай ұлының келешекте кім болатынын білу үшін оны көтеріп алады да, шаманға барады. Шаман еденге екі-үш затты қояды да, үндіске: – Қазір ұлыңызды қоя беріңіз, егер ол суды алса, – арақкеш, егер қуыршақты алса, – әйелқұмар, ал ақшаны алса, онда бай болады, – дейді. Әкесінің қолынан босаған бала, аяғын апыл-тапыл басып барып, үшеуін де бассалады. Шаман сәл-пәл ойланып отырыпты да: – Жазушы болу да жаман емес, – депті.

\* \* \*

XIY-нші Людовик король мен ашына әйелі әмпей-жәмпей болып жатысады. Король: «Менің сүйіктім, менің қымбаттым, менің жалғыз жаным» деп еміренгенде графиня: «Менің сүйіктім, менің қымбаттым, менің он төртіншім» деп күйіп-жаныпты.

\* \* \*

Әкесі мен ұлы пойызда келе жатады. Даланы көруге құштар баласы жартылай ашық терезеден басын қайта-қайта шығара береді. Әкесінің:

– Кепқанды кеше ғана сатып алдық қой, жел ұшырып кетеді, тыныш отыр! – дегенін тыңдамайды. Баласынан «есе қайтарғысы» келген әкесі ол терезеден басын тағы бір шығарған

мезетте кепкасын сездірмей сыпырып алады да: – Айттым ғой, эне, жел ұшырып әкетті! – дейді. Баласы бақырып жылап қоя береді. Әкесі баласын жұбата бастап: – Жылама, болды енді. Мен қазір ысқырып қаламын – кепқаң қайтып келеді, – дейді де, ысқырып жіберіп, кепканы байқатпай кигізе қояды. Әкесінің кереметіне таңданған бала мәз болып, кепкасын басынан алып, далаға лақтырып жіберіп: – Папа, папа, тағы ысқыршы! – депті.

\* \* \*

– Мына итім менің жанымды сақтап қалды!

– Қалай?

– Ауырып жатқанымда емханадан келген дәрігерді үйге кіргізбей қойды!

\* \* \*

Сот: – Сіз кінәлі емес екеніңізді дәлелдей аласыз ба?

Айыпталушы: – Дәлелдей аламын, тек ойлануға біраз уақыт беріңіз.

– Жарайды, бес жыл берейін.

\* \* \*

Түрме бастығы: – Осында оны-мұны түсінбестік болып, сіз бір ай артық отырып қалдыңыз.

Тұтқын: – Ештеңе етпес, келер жолы есептесерміз.

\* \* \*

Қарт адвокат орнына келген жас адвокатқа: – Әрқашан ұзақ сөйлеуге дағдыланыңыз. Сіз қанша уақыт сөйлесеңіз, өзіңіз қорғайтын айыпталушы бостандықта сонша болады, – деп ақыл айтыпты.

\* \* \*

Түрме бақылаушысы өлім жазасына кесілген кісінің камерасына кіріп:

– Сен ертең атылатыныңды білесің бе? – дейді.

– Білем.

– Ең соңғы тілегіңді айтқызатынын ше?

– Білем.

– Білсең, жарқыным, саған енді ештеңенің қажеті жоқ қой, сен менің жалақымды өсіруді сұрашы!

\* \* \*

Түрме бастығы жұмысқа жаңадан алынған бақылаушыға:

– Сіз біздің бұзықтарды бағындыра аламын деп ойлайсыз ба? – дейді.

– Әрине! Ал бағынбағандарын түрмеден қуып жіберемін!

\* \* \*

Автожолда апат болып, автоинспектор акт жасауға кіріседі. Саусағы жұлынып қалған бір жолаушы ойбайлап:

– «Жедел жәрдемді» шақыр! Бол, тез! Менің халым ауыр! – дей береді. Төзімі таусылған инспектор оған ажырайып:

– Сен неткен шыдамсызсың, а? Өзіндей жолаушы, эне, өліп қалса да үндемей жатыр ғой?! – депті.

\* \* \*

Ерлі-зайыпты екеу есік алдында шарбаяқтасып тұрады. Көршілері шығып:

– Не боп қалды? – деседі.

– Сұмдық болды: гараждың кілті үйде қалды, үйдің кілті мәшінде қалды, ал мәшін гаражда тұр.

\* \* \*

– Мәшініңнің оң жағын көкке, сол жағын қызылға боятқаның не?

– Оны-мұны бір пәлеге ұшырай қалсам, куәлар өзді-өзі айтысып әлек болсын деп әдейі осылай бояттым.

\* \* \*

Жаңа орыс жап-жаңа «мерседесін» зымыратып келе жатып, бір тұста қараңғы көлденең көшеге бұрылады. Сәлден соң мәшінінің бір дөңгелегі жарылып кетеді. Ол мәшінінен шығып, бүлінген дөңгелекті босата бастайды. Сол кезде өтіп бара жатқан масаң біреу қасына келіп:

– Ей, мүжық, не істеп отырсың? – дейді.

– Дөңгелекті алғалы отырмын.

– Солай де... – Ол жерден қосжұдырықтай тасты алады да, мәшіннің маңдай шынысын бір қойып, быт-шыт қылады.

– Әй, алкаш! Жындымысың?! Мынауың не?!

– Қызғанбасаңшы. Дөңгелегі – саған, радиоқабылдағышы – маған!

\* \* \*

– Апаттың тас жолда көп болатыны, темір жолда аз болатыны неліктен?

– Оның екі себебі бар. Біріншіден, паровоздар бірін бірі басып озамын деп жұлқынбайды. Екіншіден, машинистің кочегармен сүйісіп отырғанын көрдің бе?

\* \* \*

Шеберханада.

– Менің мына құрыған автомобилім бірдеңеге жарай ма, жарамай ма?

– Екі білігінің үстіне жаңа автомобильді орнатсақ, зымырап кетеді!

\* \* \*

Полковник кенет оянып кетіп, басын көтеріп, жан– жағына қараса: әйелі поручик Ржевскимен аймаласып жатыр екен.

– Поручик! Бұл не?!

– Пан полковник, бұл – сіздің түсіңіз!

Полковник олардан бұрыла жата беріп:

– Осы түсті үш апта бойы көріп жүрмін, бұл не пәле? – деп таңданыпты.

\* \* \*

Израиль әскерінде инспекциялық жұмыс жүргізген американдық генерал еврей әріптесі екеуі келе жатқанда қарсы ұшырасқан солдат сәлемдеспей өтіп кетеді. Инспектор генерал тоқтай қалып:

– Сіздің әскеріңізде тәртіптің жоқтығына, эне, тағы бір дәлел,– дейді.

– О не дегеніңіз? Мен оны қазір тәртіпке келтіремін! – деп

еврей генерал солдаттың соңынан тұра жүгіріп, қуып жетіп, жеңінен ұстап:

– Зяма, мұның не, маған әлі өкпелеп жүрсің бе? – депті.

\* \* \*

Полковник генералға есеп беріп тұр:

– ...Өткен жылы ережебұзушылық азайды, тәртіп нығайды.

Сол сәтте есікті ашып қалған солдат:

– Полковник, осында екенсің ғой, машинаңды алдым, маған кешке дейін керек, – дейді.

– Жолдас генерал, тәртіптің барын көрдіңіз ғой, бұрын сұрамай– ақ мініп кете беретін.

\* \* \*

Капитан «Солдаттың парызы» деген тақырыпта бір сағат лекция оқиды да, нәтижесін білгісі келеді: – Солдат Мэрфи, американ солдаты өзінің елі үшін жанын қиюға неге дайын тұруы керек? – дейді. Солдат желкесін қасып, мұрынын шұқып, содан соң қабағын түйіп: – Менің капитаным, сіз өте дұрыс айттыңыз! Ол ел үшін неге өлуге тиіс? – депті.

\* \* \*

Грузин әскердегі ұлынан хат алыпты. «Әке, сәлеметсің бе? Саған айтар үлкен өтінішім: менің мотоциклімді сат та, шошқа алып, атын «Старшина Петренко» деп қой, мен бара салысымен бауыздаймын оны!» – депті баласы.

\* \* \*

Балықшы жолдасының үйіне телефон соғады. Тұтқаны алған ұлына:

– Вовочка, әкең балық аулауға бара ма, сұрай қойшы! – дейді.

– Жоқ, бармайды. Мамам оған арақты үйде отырып ішуге рұхсат берді.

\* \* \*

Үш ішкіш сілтеп отырады. Ауырлаңқыраған біреуі басын шайқайды:

– Жігіттер, мен енді ішпеймін. Статистиканың анықтауына қарағанда, әрбір төртінші алкогольлік мерзімінен бұрын өледі екен.

– Қорықпа, біз үшеу-ақпыз!

\* \* \*

Екі ішкіш ананың денсаулығы үшін, мынаның денсаулығы үшін деп түгендеп ішіп, енді кім үшінді таба алмай, бірін бірі кіртиген көзімен сүзіп біраз отырған соң біреуі:

– Кел, енді... балалар...ымыз...дың... пойыздан қорық...пауы үшін іш– шелік! –депті.

\* \* \*

Темір жолды бойлап келе жатқан милиционер шпалда отырған мұжықты көріп, қасына келеді:

– Не ғып отырсың?

– Рельс керек, қазір бұзамын.

– Массың ба? Кәне, маған қарай үрле!

Мұжық «аһһһ» деп үрлеп кеп қалады. Милиционер екі рет қатты түшкіре бүгіліп тұрып-тұрып, сонсоң еңсесін жаза теңселіп:

– Тұр, қай жағынан бастайық? – депті.

\* \* \*

Ялта конференциясы. Кезекті мәжілістің алды. Үш ел басшылары күндегідей дәлізде кездесіп, сәлемдесіп тұрады.

– Мен түсімде жер жүзін билеуші болдым, – дейді Черчилль.

– Мен түсімде бүкіл әлемнің иесі болдым, ал Сізше, Сталин мырза? – дейді Рузвельт.

– Мен түсімде екеуіңді ешқайда тағайындаған жоқпын, – депті Сталин.

\* \* \*

– Конституцияны жекешелендіруге бола ма?

– Болады. Ол үшін депутаттарға бір-бір статьяны арқалатып жіберу керек!

\* \* \*

– Совет әскерлері Чехословакияда қашанғы тұра береді.

– Өздерін шақырғандарды тауып алғанша.

\* \* \*

– Біздің өмірдің тауыққорадан айырмасы не?

– Біз жоғарырақ отыруға, қатарымыздағыны бүйірлеуге, төмендегілерді балағаттауға құмармыз.

\* \* \*

КГБ бір еврейді шақырып алады:

– Сіз иврит тілін үйреніп жүрген көрінесіз, Израильге кетпек ойыңыз бар ма?

– Жок. Қасиетті кітапта жұмақтағылар иврит тілінде сөйлеседі делінген.

– Тамұққа тап болмайтыныңызды қайдан білесіз?

– Тамұққа керек орыс тілін үйреніп алдым.

\* \* \*

Қиын жағдайға ұшыраған Рабинович Израильге кетіп қалады да: «Мәскеу. Кремль. Ленинге. Мендей байғұс еврейге көмектесе көріңіз» деп жеделхат жібереді.

Бірнеше күннен кейін ол жақтан шықыртып алынған Рабиновичті тергеу басталады:

– Мынауыңыз не? Лениннің баяғыда-ақ қайтыс болғанын білмейсіз бе?

– Сіздерге керек болғанда ол мәңгі тірі, ал маған керек болғанда «баяғыда-ақ қайтыс болған» болып шығады. Бізде әрқашан осылай.

\* \* \*

Кинода Сталиннің ролін ойнайтын грузин әртіст Гелованиге СОКП XX– съезінен кейін:

– Енді қайтесің? Не істейсің? – деген сұрақ қойылады.

– Шашымды жұла бастаймын, Хрущев болып ойнаймын, – депті әртіст.

\* \* \*

– «Занды ұры» деген не сөз?

– Министрдің құзырындағы ұры.



\* \* \*

Жапонияның бір қайраткері Совет Одағымен танысуға келеді. Елді аралап шығады.

- Біздің автомобиль зауытымыз қандай екен?
- Ғажап.
- Транспортымыз ше?
- Ғажап.
- Жалпы әсеріңіз қандай?
- Сұмдық.

\* \* \*

Поляк үш жүз злотых ақшасын банкке салар– салмасын білмей жүріп, банктің директорына барады да:

– Сіздің банкіңіз дағдарысқа ұшырап қалса, қайтемін? – депті.

– Польша мемлекеті сіздің ақшаңыздың құнсызданбауын қамтамасыз етеді.

- Мемлекеттің өзі дағдарысқа ұшыраса ше?
- Біздің кепіліміз – Совет Одағы бастаған социалистік лагерь!
- Совет Одағы дағдарысқа ұшырап қалса ше?
- Солай болуына үш жүз злотығыңызды қимайсыз ба?

\* \* \*

Тойдағы сөз.

Болгарияның қыш ысқырғыш жасау зауытын бір топ саяхатшы тамашалап шығады.

– Жыл сайын бір миллион ысқырғыш жасағаннан не табасыздар?

- Монголия бір ысқырғышымызға бір қой береді.
- Бір миллион қойды қайтесіздер?
- Герман демократиялық республикасы бір қойға бір электрмотор береді.
- Соншама электрмоторды не қыласыздар?
- Чехословакия бір моторымызға бір трактор береді.
- Сіздерге жылына бір миллион трактор не үшін керек?

– Совет Одағы ол тракторларымызға ысқырғыш жасайтын балшық береді.

– Ендеше Экономикалық өзара көмек кеңесі үшін ішелік!

\* \* \*

Студент емтихан тапсырып отырады. Комиссия басшысы профессор оған:

– Карл Маркс қай жылы қайтыс болды? – дейді. Студент:

– Қайран Карл Маркс! Кәнеки, бәріміз орнымыздан тұрып, марқұмды еске түсірелік, – дейді.

Комиссия орнынан тұрады.

– Екінші сұрақ: – Ленин қай жылы өлді? – дейді профессор.

– Ленин өлсе де, оның ісі өлмейді! Пролетариаттың кемеңгер көсемін бес минут үнсіз тұрып еске түсірелік!

Комиссия түрегеледі. Профессор комиссия мүшелеріне:

– Мырзалар, мынаған «үш» қойып беріп құтылайық, өйтпесек бұл бізге «Интернационалды» айтқызып пәле болар, мен оның өлеңін жатқа білмеймін де, – деп сыбырлапты.

\* \* \*

Маркстың «Капиталын» шығару үшін әйгілі неміс фирмасымен шарт жасасады, бірақ, оны– мұны шаруасы қолын байлап, Маркс кітаптың екінші томын уақтылы тапсыра алмай жүреді. Бір күні баспагерден хат алады. Ол былай деп жазыпты: «Маркс мырза, егер «Капиталдың» екінші томының қолжазбасын алдағы аптада әкеліп тапсыра алмасаңыз, мен оны жазуды басқа авторға тапсыруға мәжбүр боламын».

\* \* \*

– Әйелдердің ең аз сөйлейтіні қай кез?

– Ақпан айында.

– Неге?

– Онда жиырма сегіз ғана күн бар.

\* \* \*

«Күйеуі іссапарға кетті» тақырыбына жазылған ең қысқа анекдот: «Күйеуі іссапарға кетті де, қайтып келмеді».

\* \* \*

Жаңа орыс алтын балық ұстап алыпты да: «Кәне, жаның барда үш тілегінді айт!» – деп ақырыпты.

\* \* \*

Пойыз купесіндегі екі жолаушы үн-түнсіз ұзақ отырады да, ақырында біреуі:

- Танысып қоялық, мен Ивановпын, сіз ше? – дейді. Екіншісі:
- Мен Иванов емеспін, – депті.

\* \* \*

Бір кемпір жоғалып кетіпті. Қызы ағыл-тегіл жылай бастайды. Күйеу баласы бүкіл қаланы аралап іздеп, сұрастырып әлек болып жүріп табады да, үйіне үкідей ұшып келіп, әйеліне қуана дауыстап:

- Табылды, таптым! – дейді.
- Қайда?
- Моргта!

\* \* \*

– Менің атам өте батыл адам болыпты. Ол бірде тіпті ішінде үш арыстан бар торға да кіріпті.

- Шыққан соң жұрт оны тік көтеріп құттықтады, ә?!
- Тордан шыға алмай қалған кісіні құттықтаушы ма еді?!

\* \* \*

Мұжық кабакқа барып, иесіне:

- Мен кешегі кешті осында өткіздім бе? – дейді.
- Иә, осында болдыңыз.
- Ақшам таусылғанша іштім бе?
- Иә, сөйттіңіз.

– Уһ! Мені құдай сақтаған екен. Айлық жалақымды сол күйі жоғалтым алдым-ау деп қатты шошып едім.

\* \* \*

Сауық кешінде бір әйел жанында көрші отырған жігітке қарап:

- Сіз менің үшінші күйеуіме ұқсас екенсіз, – дейді.

– Неше күйеуіңіз болды?

– Екеу.

\* \* \*

– Әйеліңізбен неге ажыраспақсыз?

– Түн ортасында оятып алып, құлағыма: «Үйіңе қайтатын уақыт болды!» деп сыбырлайтын әдет тапты.

\* \* \*

– «Запорожецтің» моторы неге артқы жағында?

– Жасаған кісі, сірә, сол жағымен ойлаған шығар.

\* \* \*

Армян радиосына сұрақ:

– Сіздердің милиционерлеріңізге неге автомат берілген?

– Біреу-міреу тапаншасын тартып алмасын деп.

\* \* \*

Компанияның бастығы кәсіптесімен әңгімелесіп отыр:

– Маған бас бухгалтер керек еді.

– О, менің жақсы танысым бар, есеп-қисапқа керемет жүйрік, бірақ ол енді алты айдан соң шығады.

\* \* \*

Үйге барып, төргі бөлмеге кірсем, – төсек шиық-шиық. Өздері бүркене қойды. Көңілдесі екеуі. Қаным қайнап кетті. Үстелде тұрған жарты бөтелке арақ пен жарты бөтелке шарапты ішіп салып, қыжылды әнді бастап, жан-жағыма қарасам... бөтен үйде отырмын!

\* \* \*

Түн ортасында біреу тереземді қағып:

– Отын керек пе? – дейді. Қызық екен. Мен, әрине, күлдім де:

– Керек емес! – дедім.

Таңертең далаға шықсам, ауладағы отыным жоқ!

\* \* \*

Мәскеу асханалары мен мейрамханаларының директоры бір күні ұжым жиналысында:

– Кеңсеміз орналасқан мына ғимарат қана – әзірше үкіметтің

меншігі. Басқалары – біздікі. Милиция мен салық инспекциясын кеше жекешелендіріп алдық, – деп мәлімдепті.

\* \* \*

Спортшы-чемпион ауырып қалыпты. Дәрігер дене қызуын өлшепті:

– Отыз сегіз жарым.

– Доктор, дүниежүзілік рекорд қанша?

\* \* \*

Ерлі-зайыптылар дәріхананың қасынан өте бергенде әйелі жылан оратылған ыдысты – медицина рәмізін нұсқап:

– Сүйіктім, анау немене? – дейді.

– Ол сенің балмұздақ жеп тұрған шешен, – депті күйеуі.

\* \* \*

Әйел: – Мен неше жастамын, табыңызшы!

Жігітағасы: – Тіпті мөлшерлеп те айта алмаймын.

– Мен көмектесіп көрейін. Менің қызым балалар бақшасында.

– Бақшаның меңгерушісі ме?

\* \* \*

Студенттің әкесі: – Профессор, менің ұлым ертеңгі емтиханнан өте алмайтын сияқты.

– Өтеді! Он мың сомға бәстесейік!

\* \* \*

Әйел ағаш шеберін шақырып алып: – Мынау шкафқа не болғанын білмеймін, көшеде трамвай ары-бері өткен сайын дірілдеп, теңселіп, есігі ашылып та кетеді, жақсылап көріңізші! – депті.

Шебер бәтіңкесін шешіп тастап, шкафқа еніп кетеді. Трамвай өткенде неге «бүлінетінін» көріп білуі керек қой. Сол әредікте әйелдің күйеуі келе қалады. Ол бөтен бәтіңкені көре сала шкафқа жетіп барып, есігін ашып қалса, – бөтен жігіт отыр!

– Әй, жексұрын! Сен кімсің, мұнда неге отырсың?!

– Трамвай тосып отырмын.

\* \* \*

Екі зейнеткер сөйлесіп отыр:

– Бізге жүр, хорға жазыл. Біз онда домино ойнаймыз, анекдот айтысамыз, ептеп ішеміз де...

– Ал өлеңді қашан айтасыңдар?

– Үйге қайтып келе жатқанда.

\* \* \*

Одессалықтар сұрағыңа сұрақпен жауап береді дейді ғой, рас па?

– Рас болмаса не істейін деп едің?

\* \* \*

– Роза! Менің шашым уыс-уыс боп түсе бастады, қайтсем екен?

– Бір қорап ал да, соған сала бер!

\* \* \*

– Жолдас техник, пәтерімнің төбесінен су тамшылап тұр деп үш рет айттым ғой сізге!

– Жаңбыр жауып тұрғанын көрмей отырсыз ба?

\* \* \*

– «Дарвин көшесі» аялдамасында түсуім керек еді, қашан болатынын айтпас па екенсіз?

– Айтайын. Менен көз жазбай отырыңыз да, бір аялдама бұрын түсіңіз.

\* \* \*

– Ертең күннің ыстығы тіпті көлеңкеде 44 градус болады дейді.

– Көлеңкеге тұрмай-ақ қойыңыз!

\* \* \*

– Апа, Карл Маркс деген кім болған?

– Экономист болған.

– Менің атам ше?

– Ол аға экономист болды.

\* \* \*

- Боря қайтыс болған ба?
- Иә, кеше көз жұмды.
- Бәсе, табытта тырп етпей жатыр.

\* \* \*

Базарда.

- Жылқыңыздың еті жұмсақ па?
- Бикеш, бұл жылқы емес, тауық.
- Мен бағасына қарап сұрап тұрмын.

\* \* \*

Одессада.

- Совет өкіметіне қалай қарайсыз?
- Әйеліме қарайтындай.
- Сонда қалай?
- Аздап қорқамын, аздап сүйемін, аздап тілдеймін, аздап мақтаймын, содан соң басқа әйел алғым келеді.

\* \* \*

- Кемемен саяхатқа әйелім екеуімізге билет керек еді...
- Қазір алсаңыз да еркіңіз. Екеуіңізге екі төсек керек пе, әлде екі каюта керек пе?
- Екі кеме керек!

\* \* \*

Сылқым жігіт бір қалаға келді. Бір келіншекпен танысып, оның үйіне барды. Келіншек қылымсып тұрып:

- Біреу-міреу есік қаға қалса, қайтесің? – деді.
- Саспа, терезеден секіріп кетіп, атымның үстіне дік ете қаламын, атымды терезенің тұсына қойып кеттім.
- Не дейд?! Біз бірнеше қабат биіктеміз!
- Саспа деймін, мен әрқашан ертоқымға тура түсемін!

Екеуі аймаласып, істі бастаған кезде есік тоқылдайды. Сылқым жігіт ұшып тұрып, әп-сәтте киініп, терезеден секіріп кетеді. Әйел барып есікті ашса, судан шыққандай боп ат тұр:

- Менің қожайыныма айта салыңызшы: мен оны подъезде күтемін, өйткені далада жаңбыр шелектеп құйып тұр.

\* \* \*

– Бір жігіт мейрамханаға кіріп жайғасып, даяшыға бір рүмке виски әкелуді тапсырды. Оны қағып салып, одан кейін екіншісін, үшіншісін алдырып ішті. Даяшыны шақырып, тілі күрмеле сөйлеп, төртінші рүмкеге тапсырыс бергенде даяшы:

- Мырза, кешіріңіз, осы да жетер, масайып қалдыңыз, – деді.
- Жоқ, мен тыңмын, бәрін де жақсы көріп отырмын.
- Нені көріп отырсыз?
- Әне, көзі бақырайып біреу кіріп келе жатыр.
- Мырза, ол шығып бара жатқан мысық.

\* \* \*

Цирк директоры полицияға телефон соқты:

- Піліміздің біреуі қашып кетті!
- Түр– түсін айта қойыңыз!

\* \* \*

Жеңіліп қалған боксшысын жұбата сөйлеген жаттықтырушысы:

- Үшінші раундта сен оны қатты састырдың! – деді.
- Қайтіп?
- Ол сені өлтіріп алған екенмін деп сұмдық шошыды!

\* \* \*

Екі араб әйел шүңкілдесіп отыр:

- Күйеуге тию дегенің – бір елес дүние.
- Оның рас. Әуелде үйіңнің жан-жағы пальмаға, түйеге толып, хан сарайындай болады, содан кейін хан сарайың да, пальма ағаштарың да ғайып болып, түйең ғана қалады.

\* \* \*

Швецияда ең сұлу аттардың көрмесі болып, жеңіс бір ағылшын жігіттің атына бұйырады. Жігіт атына мініп, король отырған орынға беттейді. Әдетте силықты корольдің өзі тапсырады екен. Жігіт алдына барып тоқтай қалған сәтте аты бырррр еткізіп жел шығарып қояды. Жұрт тым-тырыс бола қалады. Ағылшын ұялғаннан қып-қызыл болып кетіп, имене сөйлеп:



– Ұлы мәртебелім, кешірім етіңіз! – дейді.

– Ә, мен атыңыз екен деп қалсам, өзіңіз бе едіңіз? – депті король.

\* \* \*

Бір жігіт пен қыз қыдырып жүрсе керек. Бір кезде қыз: – Мен тоңып қалдым, – депті. Жігіт пенжағын шешіп береді. Біраздан соң қыз: – Тағы да тоңып барамын, – дейді. Жігіт дереу көйлегін шешіп береді. Тағы біраздан соң қыз: – Бала кезімде өстіп тоңып қалсам, әкем құшағына алып жылытатын еді, – дегенде жігіт: – Түн ортасында әкеңді қайдан іздеймін?! – депті.

\* \* \*

Бір жігіт көше жиегінде отырса, әдемі қыз келіп отырып: – Жігітім, 90–шы жылы болған соғысты білесің бе? – дегенде жігіт: – Жоқ мен ол кезде болмадым, – депті. Қыз: – Соғыста 825 адам болған, 65 адам жараланған, 08 адам қайтып оралған, – дейді. Жігіт: – Маған бұның не қызығы бар? – депті. Қыз: – Топас екенсің, телефон нөмерімді айттым ғой, – деп тұрып кетіпті.

\* \* \*

Бір сұлу қыз көшеде кетіп бара жатып, сүрініп, құлап қалыпты. Сол маңда тұрған 3-4 жігіт оны көріп қарқылдап күліпті. Үстін сүртіп орнынан тұрған қыз жігіттерге қарап: – Бұл маңда ер адамның жоқтығы қандай жақсы болды, әйтпесе ұят болар еді, – депті.

\* \* \*

Күйеуі таңертең әйеліне:

– Пенжағымды тазалап койдың ба? – дейді.

– Әрине, тазаладым.

– Шалбарымды ше?

– Иә, тазаладым.

– Бәтіңкемді ше?

– Онда да қалта бар ма?

\* \* \*

– «Бизнес» деген не?

– Ол – нөл!

– «Нөл»?

– Иә!

– Қалайша?

– Былайша: сен анау шет елдерден бірдеңелерді 10 теңгеден алып келесің де 100 теңгеден сатасың, 100 теңгеден әкелесің де – 1000 теңгеден сатасың, 1000 теңгеден әкелесің де – 10 000 теңгеден сатасың, сөйтіп нөлді көбейтіп, тайрандап жүресің.

– Өй, онда бұ «бизнес» дегенің кәдімгі «алыпсатарлық» қой?!

– Алмай сатып көр!..

\* \* \*

– Кеңшарларың таратылғанда сендер не алдыңдар?

– Директорымыз кеңсені, «Волганы», орталық универмагты алды, парткомымыздың хатшысы – мәдениет сарайы мен «Жигулиді» алды, комсомол хатшымыз – монша мен «Москвичті» алды, бас инженеріміз – мәшине – трактор шеберханасы мен бензоколонканы алды, бас зоотехникіміз мал фермалары мен шаштаразды алды, бас энергетигіміз – наубайхана мен азық – түлік дүкенін алды...

– Сен ше?

– Мен бе?.. Мен кітапхананың өзім он жыл отырған орындығын әрең сатып алдым...

\* \* \*

– Біздің Алматыда не көп – шетелдік автомәшине көп, ә?

– Дұрыс! Шет елдердегі капиталистерді мүлде жаяу қалдыру керек!

\* \* \*

– Дөкең мен Көкең соттасып жүр дей ме осы?

– Ол рас.

– Е, екеуіне не жетпей жүр?!

– Дөкең Күнді, Көкең Айды сатып алған екен, енді жұлдыздарды бөлісе алмай жүрген көрінед.

\* \* \*

– Жәке, мен бір керемет пьеса жазып жүрмін. Оны бас кейіпкерімнің өлімімен аяқтамақшымын, бірақ сол кейіпкерімді қалай өлтіруді білмей жүрмін.

– Е, ол оп-оңай. Өзің өлтіре алмайды екенсің, өлтіріп жүрген тәжірибелі біреуді жалда!

\* \* \*

– Бәке, осы менің түсіне алмай жүрген бір мәселем бар. Мен он үш повесть, тоғыз роман жаздым. Сыншылардың аузына сонда да ілінбей жүрмін: не мақтамайды, не даттамайды.

– Жазғышым-ау, өзіңе пайдасы бар, басқаға зияны жоқ екен, – үндемей жаза бермейсің бе?!

\* \* \*

Танертең дүкенге сары көзәйнекті бір жігіт кіріп, жан-жағына қарап: «Құрметті тұтынушылар, бір сағатқа шыға тұруларыңызды өтінем, дүкеннің санитарлық тазалығын тексереміз» деп, іште тұрған үш кісіні шығарып, есікті жабады да, кассир келіншекке барып, қойынқалтасынан пистолетін алып: «Жан керек болса, кәне, ақшаны орап бер, тез!» деп ызғарлана сыбырлапты. Келіншек касса жәшігінен екіжүзтеңгеліктің үшеуін алып шығып: «Сен не, жындысың ба? Кассада ақшаның кеште ғана болатынын білмейсің бе?» депті. «Тонаушы» бұйырғанын алып, тайып тұрыпты.

\* \* \*

– Менің күйеуім шылымқор-ақ, соның түтінінен шашым ағаратын болды, не істесем екен?

– Оған менің тәсілімді қолдан.

– Сен қайттің?

– Мен күйеуіме: «Не менімен бол, не сигаретіңмен бол!» дедім.

– Иә, ол қайтті?

– Содан кейін көзіме көрінбей кетті.

\* \* \*

– Сізді күйеуімен ажырасады десіп жүр, рас па?

– Рас.

– Олай болса, мен сізге бір мықты адвокат тауып берейін.

– Пейіліңізге рақмет. Мен мықты прокурор тауып та алдым.

\* \* \*

– Мен үйге кеш келген сайын әйелім есікті ашып тұрып, сағатына қарайды.

– Ол ештеңе емес қой. Менің әйелім дәліздегі ілулі күнтізбеге қарайды.

\* \* \*

– Кеше түн ортасында үйіме жақындап қалғанымда мені екі сотқар бассалып, қалтамды ақтарып, әмиянымды тартып алды.

– Өй оңбағандар-ай!

– Мен қатты ұялдым.

– Е, неге?

– Әмияным бос еді, қайтарып беріп, бетіме түкіріп кетті.

\* \* \*

–Егер төргі бөлмеңізде өрт бола қалса, сыртқа ең алдымен нелеріңізді алып шығар едіңіз?

– Алдыңғы бөлмедегілерімді.

\* \* \*

Наубайханаға күзетшілік жұмысқа орналасқысы келген кісіге:

– Бұдан бұрын қайда, кім боп істеп едің? – дейді наубайхана иесі.

– Су қоймасында бес жыл күзетші болдым.

– Иә, ол жұмысыңды қалай атқардың?

– Құдай куә, мырза, сол бес жылда бір тамшы су алып көргем жоқ!

\* \* \*

Емтихан сәтінде сұраққа жауап бере алмай омалып отырған студентке сынақшы мұғалім:

– Егер осы отырған екеуіміздің біреуіміз ақымақ болсақ, екіншіміз қайтер едік? – дейді.

– Онда мен ұялар едім! – депті студент.

\* \* \*

Әйгілі спортшы ауырып, емханаға барыпты. Оның дене қызуын өлшеген дәрігер градусникке қарап тұрып:

– Туһ! Қандай шыдамды едіңіз?! 39,2, – дейді.

– Қашан 40 болады? – депті спортшы.

\* \* \*

– Шөке, бұ дүниедегі ерлі-зайыптылар о дүниеде жұмаққа барса да бөлек тұрады дейді ғой, сен оған сенесің бе?

– Әй, әйеліңмен бірге тұрсаң, оның несі жұмақ?!

\* \* \*

– Төке, сен Дұғай мен Шұғайдың өлімші болып төбелескендерін, бірін-бірі қолына не түссе сонымен ұрғандарын көре тұрып, неге арашаламадың?

– Менің қолыма ештеңе түспеді.

\* \* \*

– 1-мамырда күйеуге шығамын.

– Басқа күн жоқтай, жылда 1-мамырда шығатының не?

\* \* \*

– Мәке, хал-жағдай қалай? Көптен көрінбей кеттің ғой?

– Мемуар жазып жүрмін.

– Бәрекелді! Мұның адамшылық екен, достым. Қалай, менен жүз сом қарыз алған жылға жеттің бе?

\* \* \*

– Сәке, құдай балшықтан әуелі еркекті жаратып, сонсоң оның қабырғасынан әйелді жаратыпты дейді. Ал әйелді неге бұрын жаратпады екен?

– Өйтсе, «әйел өзіме ақыл үйретіп есімді шығарар» деп құдакең де сескенген шығар.

\* \* \*

– Бір лотерея билетім бар, егер ұтыс шықса, ақшасына өзіме көйлек алам, – дейді әйелі күйеуіне.

– Ұтыс шықпаса ше?

– Онда сен әпересің!

\* \* \*

– Төке, біздің бастықты облысқа шақыртып кетіп еді, бөлемге сөгіс беріпті!

– Е, ол жол-жөнекей оны да ішіп қояр.

\* \* \*

– Реке, автобуска мінген бір ақсақал отырар бос орын көре алмапты. Сонсоң газет оқып отырған бір жігіттің жанына барып біраз тұрыпты да: «Шырағым, менің аяғымның сырқырамасы бар. Оның үстіне қаным таситын болып жүр. Сәл тұрсам, аяқ-қолым дірілдеп, басым айнала бастайды. Сендердей кезімде жасы үлкендерге ылғи орын беруші едім» депті. «Соның ақыры не болғанын көрдіңіз ғой!» деп жігіт жайбарақат отыра беріпті.

– «Жігіттің сұлтаны» екен ғой?!

\* \* \*

– Айырылыспақшы болған ерлі-зайыптылардың бір ғана баласы бар екен. Сотта олар: «Баланы мен алам!». «Жоқ, мен алам!» деп өзара тәжікелесіп естері шығыпты. Ақыры әйелінің төзімі таусылып: «Құрып қана қалғыр, жүр үйге, бала екеу болсын, сенімен сонсоң сөйлесемін!» депті күйеуіне.

– Е, айналып қана кетейін, жолтапқыш әйел екен!

\* \* \*

– Дәрігер мырза, мені осы сырқаттан сауықтыра аласыз ба, жоқ па, тек шыныңызды айтыңызшы?

– Ғылыми деректерге қарағанда, бұл сырқатпен ауырған әрбір бес адамның біреуі сауығуға тиіс.

– Мен нешіншімін?

– Үшіншісіз. Сіздің алдыңыздағылар қайтыс болды...

\* \* \*

Дәлізде екі жігіт сөйлесіп тұрғанда жандарынан бір әдемі келіншек өте береді.

– Замандас сымбатты екен, ә? – дейді жігіттердің бірі.

– Бес бала бар ғой, – дейді екіншісі.

- Қой, ей! Бес баласы бар ма?!
- Сенің бес балаңды айтып тұрмын.

\* \* \*

Шофер жігітке қалыңдығы:

– Машинанды жүргізіп отырғанда мені ойлайсың ба? – деп назданады.

- Неге ойламайын, жаным. Тіпті екі рет авария да жасадым!

\* \* \*

– Бұл дүниеде не қымбат?

– Махаббаттан қымбат ештеңе жоқ, – депті самайын сақал жапқан бір бейбақ, ақырғы жүз теңгесін жетімақыға өткізіп тұрып.

\* \* \*

Оташы Бөкеңнің үйінде іңірде телефон шылдыр ете қалды. Бөкең тез сөйлесіп, апыл-ғұпыл киіне бастады.

- О не, жайшылық па? – деді әйелі.
- Қандай жай болсын, шақырып жатыр.
- Оқыс бірдеңе болып па?
- Иә. Үш дәрігер тосып отыр екен!

Бөкеңді жолдастары преферанс ойнауға шақырған-ды.

\* \* \*

– Рақа, сенің телефонмен сөйлескенің қызық екен, он минут бойы: «Жарайды, жақсы» дегеннен басқа сөз айтпадың ғой?

- Бастығыңмен сөйлессең, көрер едім!

\* \* \*

- Сәнияш, көйлегің салтақ-салтақ қой, неге жуып алмайсың?
- Бүгін жуғанмен, ертең тағы кірлейді.
- Ертең тағы жу!
- Ертең жуғанмен, одан арғы күні қайта кірлейді.
- Тағы да жу.
- Әй, сонда мен бұл дүниеге көйлек жуу үшін келдім бе?!

\* \* \*

Шарифат айтып отырған қожаға біреу:

– О дүниеде жаза шегетіндердің бірі араққұмарлар дейсіз, сонда оларға нендей жаза қолданылады? – депті.

– Олардың мойындарына алты ай бойы саусылдатып бөтелке іліп қояды.

– Бос бөтелкені ме, әлде арағымен бе?

Қожа жазаны ауырлата түсуді ойлап:

– Әлбетте, арақ толы бөтелкелерді іледі! – дейді.

– Аузыңа май, қожеке! О жақта да жағдайым жаман болмайды екен!

\* \* \*

Жаяулап келе жатқан дәруішті салт атты біреу қуып жетеді де:

– Алланың дәл қазір не істеп жатқанын білесің бе? – дейді.

– Білем.

– Білсең, айта қойшы!

– Соны білу үшін келдің бе маған?

– Иә, сол үшін келдім.

– Ендеше атыңнан түсе тұр, мен анау қырға шығып, сөйлесіп келейін, – деп дәруіш оны түсіріп, атқа қарғып мініп:

– Алла дәл қазір сен сияқты ақымақтардың атына мен сияқты ақылдыларды мінгізіп жатыр, – деп шаба жөнеліпті.

\* \* \*

Қалтасында соқыр тиыны жоқ бір жігіт «таныстарымның біреуі кездесіп қалар» деген оймен асханаға кіреді. Үстел басына барып отырады. Жан-жағына қарайды. Таныс ешкім жоқ. Жанына даяшы келеді.

– Айта беріңіз, не әкелейін?

– Нелеріңіз бар?

– Ет пен сорпа бар, шашлық бар, қуырдақ бар.

– Содан кейін ше?

– Қаймақ пен май бар, жеміс-жидек бар.

– Сонсоң?

– Нан-тоқаш бар...



- Жә, болды, болды. Қуырылған қызыл бұрыш бар ма?
- Жо-жоқ, ондай тамақ жоқ!
- Керек тамағынды тауып бере алмайтын асханасымақ көбейіп кетті! – деп жігіт шығып жүре беріпті.

\* \* \*

Бір ауылға үш қап ұн әкелініпті де, жұрт оны сатуды әділ бөледі-ау деген бір адамға тапсырыпты. Ол:

- Бұл ұнды аллаша бөлейін бе, адамша бөлейін бе? – дейді.
  - Аллаша бөл!
  - Иә, аллаша бөл! – деседі көпшілік. Анау:
  - Жарайды, – деп біреуге аз, біреуге көп салып бере бастайды.
- Жұрт наразы болады:

- Біз сені әділ деп жүрсек, мынауың не, сұмдық қой?!
- «Аллаша бөл» деген өздерің емес пе? Алла біреуге үйіп-төгіп беріп, бай етеді; біреуге ештеңе бермей тақыр кедей етеді. Мен сол аллаша бөлдім. Ал адамша бөл десеңдер – бәріңе бірдей етіп бөлер едім.

\* \* \*

Көп алдында шарифаттан әйел қауымы жайында әңгіме соғып тұрған қожа:

- Әйелдеріне көңілі толмайтын ерлер орындарынан тұрсын, – дейді төңірегіндегілерге. Ерлердің бәрі дерлік тұрып, біреуі ғана отыра береді.
- Бұл фәниде әйеліне риза ер де бар екен-ау, – дейді қожа.
- Қожеке, ағат айтпаңыз, әйелім былтыр екі аяғымды бірдей сындырған еді, содан бері тұрсам – отыра алмаймын, отырсам – тұра алмаймын! – дейді анау.

\* \* \*

Әйелінен айырылысқан дәруіш күйеуінен айырылысқан бір әйелге үйленіпті. Екеуінің де бұрынғы некеден бір-бір баласы бар екен. Екеуінен бала туады. Арада төрт-бесжыл өтеді. Бір күні соңғы баланы бұрынғы балалар жабылып ұрып жатады. Оны көрген дәруіш әйеліне айғайлап:

– Әй, жүгір! Сенің балаң мен менің балам жиылып біздің баламызды сабап жатыр! – депті.

\* \* \*

Екі таныс кездесе қалады:

– Е, хал-ахуал қалай?

– Бергеніне шүкір. Өз жағдайың жақсы ма?

– Менің жағдайым әрі-сәрі.

– «Әрі– сәрін» қалай?

– Алла күнәдан пәк бол дейді, шайтан күнәһар бол дейді, ал өзімнің қалайда бай болғым келеді, бірақ осының бір де бірі қолдан келмей жүр.

\* \* \*

Бір жаяу жолаушы жігіт шаңқай түсте дем алмақшы боп, бір ағаштың көлеңкесіне жантаяды. Иығындағы дорбасын басына жастайды. Әлдебір уақытта оянса, – дорбасы жоқ. «Қап! Аяғыма жастасам ғой, ол сұмды оңдырмай тебетін едім!» деп күйініпті жолаушы.

\* \* \*

Жалшысын ерткен бір төре шатқалды аралап келе жатады да, бір кезде сүрініп кетеді.

–Байқаңыз, мырза, абайлап жүріңіз! Бұл тұста талай есек құлаған болатын, – дейді жалшысы.

\* \* \*

– Жәке-ау, сол жақ құлағыңа не болған, ұлтарактай болып кетіпті ғой? Есектің құлағын алғаннан саумысың?

– Миын сен алып қойған соң, маған құлағы қалыпты!

\* \* \*

– Бөке, көрмегелі көп болды, сырқаттанып жүр деп естіп едім... Иттей боп ырсиып жүдеп қалыпсың...

– «Иттей боп ырсиып» дегенің не, әй, ақымақ!

– Ойбай, Бөке, ертең-ақ шошқадай боп шыға келесіз!

\* \* \*

Күйеуі: – Түйе дегенің бірнеше күн бойы су ішпей жүре береді деседі.

Әйелі: – Сенен ол да тәуір екен.

\* \* \*

– Жәпіш, оу, Жәпіш! – деді Бәкір, құрдасы Жәпекке телефон шалып.

– Е, о не? Бәкішпісің?

– Иә, менмін. Хал-жағдайың қалай?

– Сенің хал-жағдайыңнан жаман емес.

– Әй, кім білсін. Мен түнде бір түс көрдім.

– Е, «тауықтың түсіне тары кіреді, аурудың түсіне дәрі кіреді, жігіттің түсіне қыз кіреді, шалдың түсіне тұз кіреді» деген, иә, сенің түсіңе не кірді, айт, жорып берейін!

– Түсімде сен түрмеге бастық болыпсың...

– Сен отырған түрмеге ме?

– Кетші, ей!.. – деп Бәкір телефонын жаба салды.

\* \* \*

Шарапханадағы бір үстел басында үш тышқан отыр.

– Бір-бір рүмкеден ішіп алайық та, билейік, – дейді бірі.

– Екі-екі рүмкеден ішіп алайық та, ән салайық, – дейді екінші.

Сонда үшіншісі:

– Жо-жоқ! Үш-үш рүмкеден тастап алып, төбелесті бастап жіберейік! – депті.

\* \* \*

Орманда мұжық пен аю қарама-қарсы ұшырасып қалады да:

– Сен кімсің?! – деп ақырады аю.

– Мен – саяхатшымын, ал сен ше?!

– Саяхатшы – мына менмін! Ал сен – саяхатшының тамағысың!

\* \* \*

Пушкинге қойылған ескерткіш жанында екі пионер құрметті қарауылда тұрады. Бір кезде Вовочка келіп:

– Бұл кімнің ескерткіші? – дейді.

- Пушкиннің.  
– Ә, «Мумуды» жазған ғой?  
– Әй, ақымақ! «Мумуды» Тургенев жазған, ал мынау – Пушкин!  
– Қызық екен. «Мумуды» Тургенев жазады да, ескерткішті Пушкинге қояды!

\* \* \*

Бала жетектеген әйел бір таксиді тоқтатып мінеді. Бала өзінен сөйлей бастайды:

– Егер менің папам да, мамам да жылқы болса, мен құлын болар едім. Егер папам да, мамам да қасқыр болса, мен бөлтірік болар едім. Егер папам да, мамам да...

Баланың сөйтіп тізбелеп сөйлей бергенінен мезі болған таксиші:

- Егер папаң есек, мамаң ешкі болса, сен не болар едің? – дейді.  
– Онда мен таксиші болар едім.

\* \* \*

Үй егесі мас болып келеді. Әйелі бұлқан-талқан болады:

- Тағы тойып келдің бе?!  
– Үшеуімізге... алғанымыз... бір-ақ бөтелке.  
– Олай болса, сен неге өлердей массың?!  
– Анау... екеуі... келмей... қалды...

\* \* \*

Әуесқой балықшылардың жиналысы. Қоғамның төрағасы сөйлеп тұр:

– Мұз астынан балық аулайтын маусым жақындап қалды. Кісі басы неше бөтелке арақ алу керек? Алдыңғы жылы бір бөтелкеден алдық та, қармағымызды жоғалттық, былтыр екі бөтелкеден алдық та, аутобусты жоғалтып тындық. Енді биыл не істеуіміз керек?

Балықшылардың бірі қолын соза түрегеледі:

– Мен биыл кісі басы үш бөтелкеден айналдыруды, қармақ–сармақты алмауды және аутобустан шықпай ішуді ұсынамын!

\* \* \*

Телефондағы сөз:

– Тәңір жарылқағыр жарқыным, Пәленбайды шақыра қойыңызшы!

– Ағасын ба, інісін бе?

– Ағасын.

– Олар жоқ, екеуі де өліп қалған!

\* \* \*

Түнгі сағат үште телефон безектейді. Үй иесі ұйқылы-ояу барып тұтқасын көтереді:

– Тыңдап тұрмын.

– Алло, 262-63-64 пе?

– Әй, жынданғаннан саумысың? Менде телефон жоқ!

\* \* \*

Өзеннің ағысына қарсы қайық жүзіп келе жатады. Қайықта екі кісі бар. Ері мен әйелі. Ері қайықтың тұмсығында қорқорын сорғылап, төңіректі шолып отыр. Әйелі екі ескекпен алысып әлек. Бір мезетте ері оған қарап:

– Сен ескегіңді есіп, рахаттанып отырсың, ал мен ертеңгі ауа райын ойлап, қиналып отырмын, – депті.

\* \* \*

Ауылдан Астанаға алғаш барып, қаланы аралап жүрген ерлі-зайыпты қазақардың ері бір заматта әйелінен көз жазып қалады. Ары жүгіріп, бері жүгіріп іздеп, ақырында шаршап, бұрыштағы полицияға барады.

– Полицей мырза, мен әйелімді жоғалтып алдым, іздейікші!  
– дейді.

– Түр-түсін суреттеп бер, – дейді полицей.

– Әйелімнің суреті емес, өзі жоғалды!

– Суреттеп бер дегенім... мысалы, менің әйелім талшыбықтай сұңғақ бойлы, бұйра шашты, өңі аққұба, аяғы түп-түзу...

– А-а... менің әйелім тапал, шашы сирек, аяғы қисық, әй, жүр, оны қояйық та, сенің әйеліңді іздейік!

\* \* \*

– Әйеліңіздің жүйкесі бұзылған екен, алайда сіз абыржымаңыз, ол ұзақ жасайды.

– Мен ше?!

\* \* \*

Дәрігер сырқатқа былай дейді:

– Мына дәрінің бүгін екі түймешігін ішіңіз, ал ертең, егер ояна алсаңыз, үшеуін ішіңіз.

\* \* \*

Оташы:

– Операция жасаймыз, нарқы – бес жүз франк.

– Сұмдық қой?! Тонау ғой?!

– Сіз қазіргі кезде жерлеу нарқы қанша екенін білесіз бе?

\* \* \*

Дәрігер сырқат жігітті байыптап қарап болады:

– Егер пианино ойнауды қойсаңыз, сырқатыңыздан ада-күде айығасыз.

Сырқат шығып кеткен соң медбике дәрігерге таңдана қарайды:

– Оның сырқатына пианиноның қандай қатысы бар?

– Бар болғанда қандай?! Бұл пәле біздің үстіміздегі қабатта тұрады!

\* \* \*

Екі қарт дәрігер әңгімелесіп отыр:

– Сонау жылдары маған бір сырқат келіп көрініп жүрді. Ауруының түріне қарағанда, ол осыдан он жыл бұрын өлуге тиіс еді, бірақ әлі тірі.

– Егер адам өмір сүруге қатты құлшынса, медицина оған кедергі бола алмайды.

\* \* \*

Дәрігер:

– Туысыңыз ақырғы демі бітерде терледі ме?

– Терледі.

– Онысы жақсы болған.

\* \* \*

Операция бөлмесі. Үстелге жатқызылған сырқат оташыға қарады:

– Доктор, соқыр ішегім алып тасталған соң сыбызғы тарта аламын ба?

– Әрине.

– Шын айтып тұрсыз ба?

– Әрине, шын айтып тұрмын.

– О, ғажап операция екен ғой?! Сыбызғыны ешқашан ұстап көрмесем де, тарта алатын боламын, ә?!.

\* \* \*

Америкадан келген бір капиталист таксиге мініп, Астананы аралауға шығыпты. Таксиші қазақ оның тоқтағысы келген жерге тоқтап, қала құрылыстары туралы сұрақтарына жауап береді. ЭКСПО-ны көрсетіп жүріп: «Біз мұны 4 жылда салып бітірдік!» дейді. Капиталист: «Бізде мұндайды 2 жылда салады» дейді.

Сол таксиші қазақ ертеңінде жапондық бір алпауытқа қаланы аралатып, ЭКСПО-ға алып барады. Одан шығарда: «Біз мұны 2 жылда салып алдық!» дейді. Жапон: «Бізде мұндайды 1 жылда салып бітіреді» дейді.

Оның ертеңінде әлгі таксишіміз Ресейдің бір министрін алып жүреді. Есілдің екі жағын аралатып, бір уақытта ЭКСПО-ға жақындай бергенде орыс алға ұмсынып, терезеден басын шығарып қарап: «Охо! Мынау бір ғаламат құрылыс қой?!» деп таңданып, сонсоң жөнделіп отыра бере таксишіге қарап: «Бұл не?» дегенде қазақ: «Білмеймін. Барып көрейік. Кеше ғана жоқ еді» депті.

\* \* \*

Америкаға барған бір сапарында президент Н.Назарбаев АҚШ президенті Джордж Уокер Буштың әкесі Джордж Герберт Уокер Бушты «Достық» орденімен марапаттаған-ды. Сол сәтте кіші Буш: «Нұрсұлтан, қандай мәселемен келсең де, бәрін

реттеп берейін, ал сен оның есесіне мені, президенттік мерзімім аяқталған соң, «Қазтелекомның» президенті етсең жарар еді» дегенде Н.Назарбаев: «Жарлықты ертең-ақ шығарып қоямын!» десе керек.

\* \* \*

Теңіздің көз ұшындағы бір аралын көруге құлшынысқан үш дос – орыс, қазақ және украин – моторлы қайықты жүйткітіп жөнеледі. Пәлен сағаттан кейін аралға тақала бергендерінде қайықтың моторы жұлынып түсіп, үшеуі тотиып қалады. Әупірімдеп аралға ілігіп, о жақ, бұ жағын барлап байқаса, арал иен екен. «Әйтуіміз керек», «Жоқ, бүйтуіміз керек» деп сөз таластырып, ақырында араздасып, үшеуі үш жаққа кетеді.

Орыс баспана қамын күйттеп, лашық салуға кіріседі. Украин жеміс– жидекті көбірек теріп алуды жөн көреді.

Күн суыта бастайды. Украин орыс пен қазақты іздеп жүріп, лашықты көреді. Барса, – орыс саңырауқұлақ пісіріп отыр. Екеуі табысып, бірге тұруға келіседі. Екі-үш күннен кейін: «Қазағымыз қайда екен?.. Ертең іздейік» деседі. Сөйтіп, кешкі тамақтарын ішіп отырғандарында есік қағылады да, милиция киімін киген қазақ кіріп келіп: «Мен – осы участоктің инспекторымын. Үйдің құжаттарын көрсетіндер. Мұнда есепте неше адам барсындар?» депті.

\* \* \*

Журнал редакторына апарып берген әңгімелері айлап жатып, ешбір хабар болмаған соң іздеп барған автор редакторға жолығып: «Әлі қанша тосу керек? Жалпы «шығады» деп үміттенуге бола ма?» дегенде редактор: «Болады. Бәріміз де үмітпен өмір сүріп жүрміз ғой. Мен де қашанғы отыра беремін, дәмім таусылған күні кетемін» депті.

\* \* \*

– Кеше жұмыстан соң үйге барып, талып қала жаздадым, – дейді ақын.

– Е, не болды?



- Екі жастағы ұлым қолжазбаларымды жырты– ы– ып отыр!
- Оқи алады екен ғой?!

\* \* \*

Алматылық бір ақын дәптеріне «Кереғарлық» деп тақырып жазып, одан соң қаламын қалтасына салып, шамасы бір минөт ойланып отырып, ауызша: «Біздің билік... жанып-күйіп... Астананы алтынмен аптап... ауылдарды қаулыменен қаптап... – дейді де, дәптерін үстелінің суырмасына сүңгіте салып: – жалғасы келесі дәптерде» депті.

\* \* \*

Ирландия. Көше бойындағы сыраhana алдында төбелес болып жатыр. Соларға жүгіріп барған бір ағылшын жігіт: «Кешіріңіздер, бұл жеке ұжымдық төбелес пе, әлде басқалардың да қатысуына бола ма?» депті.

\* \* \*

Лондон. Екі жігіт көпірден төменге қарап тұр. «Көмектесіңдер! Құтқарыңдар! Мен малтау білмеймін, құтқара көріңдер!» деген жанайқай естіледі. Жігіттің бірі екіншісіне: «Сэр, сіз малтай аласыз ба?» дейді. «Жоқ, малтап көрген емеспін». «Мен де». «Малтай алмайтын адамның: «Мен малтау білмеймін» деп айқайлағаны ыңғайсыз-ақ, ә?». «Әрине!» – дескен екеу жөндеріне жүре беріпті.

\* \* \*

Француз жазушымен сұхбаттаса бастаған американдық тілші екі аяғын үстелге артып отырады да: «Кешіріңіз, менің бұл әдетім сізге ерсі көрінбей ме?» дейді. Француз: «Ештеңе етпейді, төрт аяғыңызды да артып отыра беріңіз» депті.

\* \* \*

– Менің телефон нөмірімді есте сақтау оп-оңай: 30-10. Отыз тіс пен он саусақ!

## 5. ШӘЛКЕМ– ШАЛЫСТАРЫМ

– Қазақтың: «алты ай жаз, алты ай қыс», дейтіні қалай? Көктем мен күзді қайда жіберген?

Сұрақ: Облыстық соттың төрағасы облыс әкімінің алдында тарауға жүгірген тауықтай тәлтірендейтіні несі?

\* \* \*

– Анау да ай сайын қымбаттайды, мынау да ай сайын қымбаттайды, «пәлен арзандады» дегенді естуден қалғанымызға жиырма бес жыл.

Сұрақ: Парламентіміздегі қазақ депутаттардың әрбір онының жетеуі орысша тақылдап жүргенде Білім министрлігі мектепте 1-сыныптан бастап ағылшын тілін оқытуды қолға алды, онысы несі, бізде бизнестің 1-сыныптан басталатын болғаны ма?

\* \* \*

– Алматының айналасы – құжынаған коттедж!

Сұрақ: Біздің билік 2030-жылға дейін жыл сайын 20 мың адамды орден-медальмен марапаттап тұру туралы шешім шығарыпты дейді, сол рас па?

\* \* \*

– Бізде «Мадақтаудың нұрмайталмандары» деген партия құрылмақшы.

Сұрақ: Ресейдің президенті біздің президенттен «Астананы» «Столица» деп атауды талап етіпті дей ме?

\* \* \*

– Абай жарықтық: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?!» депті-ау!

Сұрақ: Облыс әкімінің қызын алған тіс дәрігері Тайраңның Облыстық қаржы полициясы басқармасыбастығының орынбасары бола қалғаны қалай?

\* \* \*

– Қазақстан спортын «ерттеп мінген» шенеуніктер біздің кейбір футбол командалымызға шет елдердің «алтын аяқ»

футболшыларын шартпен шақырып алып, оларға 100 дәрігеріміз бен 100 мұғаліміміздің жалақысын беріп жүр екен.

Сұрақ: Алматының Көкбазарындағы баға әлемдегі ең төмен баға деген сыбыс бар, соны неге айқайлап айтпасқа?

\* \* \*

– Теңгені ұмытқан долларшылдардың өз ауылы да білмеген марқұм әке-шешесі, қайыната-енесі, тағыда неменесі туралы «тарихи роман» жазуды кәсіп етуші жорналшы-жазушылар көбейіп барады.

Сұрақ: Семей полигонынан зардап шеккен жұрттың нәпақасын жалмап кеткен анау әлгі «еуразиялық миллиардерлер» – Машкевич, Шодиев, Ибрагимов АҚШ президенті Трамптың ауласында жүр деседі, соны осындағы сыбайлас достарының қайсысы анықтап айтып берер екен?

\* \* \*

– Ресейдің Сирияны билеп-төстеушілерге қарсылар қауымын бомбалап жүрген бір ұшқышына «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағы берілуі мүмкін деген қауесет бар.

Сұрақ: Парламентіміздің бір мәжілісінде: «Қазақтың санын көбейтудің төте жолы – жезөкшелер үйін көбейту!» деп алжасқан сенатор академиктің аты-жөні естеріңізде ме?

\* \* \*

– Бізде қытайлық компания құжынап, қытай жігіттер қазақ қыздарын аулауды алас-күлес науқанға айналдырып жүр.

Сұрақ: Шошқа тез семіре ме, итбалық тез семіре ме?

\* \* \*

– Әкеміздің кезінде: пара алған да, берген де сотталатынын естідік, көрдік те. Біздің кезімізде: пара алған сотталатын, бергеннің аты– жөні аталмайтын да, сотталмайтын да болды.

Сұрақ: Алатауды алты-жеті жерінен тесіп, Алматыны желдетіп қойсақ, Армениямен арақатнасымыз жақсара ма?

\* \* \*

– Теледиарымыздың бір арнасын ашып қалсаң – арғы-бергі

шетелдік қуғын-сүргін, қырғын кино; бір арнасын ашып қалсаң – жартылай жалаңаш әнші-бишісымақ қыз-қырқын; бір арнасын ашып қалсаң – шыбын жанын қайда қоярды білмей аласұрғандай апалаң-топалаң би; бір арнасын ашып қалсаң – ағыл-тегіл ақыл айтып отырған былшималар; бір арнасын ашып қалсаң – бұрқ-бұрқ темекі, қылқ-қылқ арақ...

Сұрақ: Ухит-сухитпе тапқан арам ақшаларын шет елдердің банктеріне апарып жасырған қазақтарды мысыққа теңесек, мысекеңдер: «Біз жасырсақ, өзіміздікін жасырамыз!» деп ренжиді-ау, ә?

\* \* \*

– Көктау ауылының қалаға көше алмай қалған он үш шалкемпірі электрден айрылғандарының алтыжылдығын бүгін ауызсусыз атап өтті. Жиырма жеті шақырым жердегі қаладан су сатып әкелетін Шопайдың темір бөшкесі кеше тесіліп қалыпты.

Сұрақ: Ертіс пен Жайықты қытайлар сатып алыпты дей ме?

\* \* \*

– Алматыны Алақала деп атау керек. Бұрынғы үйлерінің арасында бір дүңгіршек сиярлық саңылау болса, ол жерге шетелдіктер мінгестіріп екі-үш қабат дүкен салып қойды. Қаланың о тұсы мен бұ тұсындағы алмабақтар оталып, орнына түнгі клуб, дискотека, сырахана, тағы сондайлар тұрғызылды.

Сұрақ: полицейлер Көкбазар маңында ине-түйме, шұлық-ұлтарак сатып отыратын кемпір-кепшіктерді қуалауға неге құмар?

\* \* \*

– Әкім атаулыны тағайындаудың орнына енді сайлау болады деседі.

Сұрақ: мәслихат мәжілістерінде әрбір бес депутаттың біреуі ұйықтап отыратыны рас па?

\* \* \*

– «Қазақ-қытай сөздігі» төрт том, «Қытай-қазақ сөздігі» жеті том болып шығыпты деседі.

Сұрақ: Қазақстанда «оппозиция» деген сөз ұмытылды, ә?

\* \* \*

– Кеденшілерге «Сен кереметсің!» деген орден берілетін болыпты.

Сұрақ: Астанада миллионер-миллиардерлердің әлемдік «Ақша санау» олимпиадасы өткізілетінін естідіңдер ме?

\* \* \*

– Пәтерақы мен тырнақтың өсу шапшандығы бірдей, бірақ тырнақтың «ғұмыры» қысқа, апта сайын қырқылады, ал пәтерақы ашытқысы күшті қамырдай, қампия береді, қампия береді.

Сұрақ: Алматыда «Бәйтерек академиясы» ашылатын болыпты дей ме?

\* \* \*

– Алдағы жылы Қазақстанға 10 мың босқын келетін сияқты.

Сұрақ: «Қазақстанға еңбегі ересен сіңген жағымпаз» деген жаңа атақ шығарылғаны рас па?

\* \* \*

– Жазушы Жолыбай Жылмақаев соңғы бес жылда жазғандарының жиырма том болатынын хабарлады.

Сұрақ: «Барахолка» базарында мекиеннен қораз, ал қораздан мекиен жасап беретін цех ашылған дей ме?

\* \* \*

– Ұршықбай Ұрдажықовичтің Швейцария банктеріне бес жүз миллион доллар ұрлық ақша жасырғаны анықталды.

Сұрақ: Есек миын жегендердің езуіне сыздауық шығады екен деседі ғой?

\* \* \*

– «Кісі өлтіруге киллер жалдағаны дәлелденді» делінген Кемікбас үш айдан кейін мәслихатқа депутат болып кетті.

Сұрақ: Біздің министрлерді «дорбадағы асықтар» деу жөн бе?

\* \* \*

– Көше толы аутомәшіндерді айтпағанда, үстіміздегі киім, алдымыздағы ас, құлағымыздағы телефон да – жапондардікі.

Сұрақ: Бізде алдағы айда үкімет шенеуніктерінің саны екі есе көбейтілетінін естідіңіздер ме?

\* \* \*

– Алматы қаласы ауасының тазалығы жағынан Еуропа мен Азияда бірінші орынға шығыпты.

Сұрақ: «Ит жоқта шошқа үреді қораға...» деген, ал шошқа жоқ болса ше?

\* \* \*

– Егер бізде Салық полициясының штатын екі есе қысқартса, парақорлық та екі есе азаятын көрінеді.

Сұрақ: Американың бір ғалымы өгізден сиыр жасап, керікке қашыртып, сегіз көжек тудырғанын біздің «Көріпкел» деген журнал жазыпты дейді, сол журнал қайсында бар?

\* \* \*

«Ауыл» атты бағдарлама жасалыпты деп естігенімізге жиырма жыл болды, сірә, соның дүмпуі шығар, біздің ауыл емханасыз, телефонсыз қалғалы он сегіз жыл.

Сұрақ: Қазақстанда мысық көп пе, ит көп пе?

\* \* \*

Зейнетақыма 600 теңге қосылып еді, пәтерақы төлеміме 606 теңге қосылды.

Сұрақ: Бұзық көршім сабағанда полицияға шағынушы едім, кеше полиция сабап тастады, енді кімге шағынамын?

\* \* \*

Біздің қаланың аутобус, троллейбус, трамвай жүргізушілері темекі тартып, радиоларын алқындырып-жұлқындырып қойып отырады.

Сұрақ: Кеңсемізге келіп көкеміздің қолын сүйгендердің қызметке дереу алынатыны неліктен?

\* \* \*

Қала атаулымызды «ойынхана» дегенің (кейбіреулер «жындыхана» деседі) албастыша иектеп алды.

Сұрақ: Қазақстанда «Көресінді көрсетем!» деген қоғамдық қозғалыс құрылғанын естідіндер ме?

\* \* \*

Ауа райымыз «әперист» болып барады: қаңтарда шелектеп жанбыр жауатынды, мамырда қапалақтап қар жауатынды шығарды.

Сұрақ: «Өскің келсе, өліп кетсең де пара бер!» деп аталған, әрі ырымға жауапкершілігі жоқ, әрі күндіз жабық, түнде ашық ационерлік қор құрылыпты дей ме?

\* \* \*

Тасжолдарымызда аутоапаттың көбейіп бара жатқаны өкінішті.

Сұрақ: «Халық жазушысы» деген атақ берілгендерден басқалар халық үшін емес, хайуанаттар үшін жаза ма екен?

\* \* \*

Күндестік пен күншілдік, жалақорлық пен пәлекорлық, өсекшілдік пен өтірікшілдік, айдапсалушылық пен арызқұмарлық, зинақорлық пен ұрлық, сайқалдық пен сатқындық, мақтаншақтық пен мансапқұмарлық, көлгірсу мен күпінушілік... Түүһ, мұншама...

Сұрақ: Мөншаға жылына неше рет түскен жөн?

\* \* \*

Ауыл басы Абай, аудан басы Абылай шыға бастаған қазіргі заманымызда бізде «тапқышбектер» де нөпір. Сол «ойлан – тап» чемпиондарымыз ХХ-ғасырды «Мыңжылдықтың адамы», «Жүзжылдықтың адамы» деген «ғажап жаңалықтармен» шығарып салуды жоспарлап, «Алтын кітап» жасатты да, оған әлгі адамдардың өлі– тірісінен ең белгілі дегендерін енгізді. Арғысын сөз етпей, бергісін айтсақ, қазақтың кино өнерін шырқау биікке көтерген Шәкен Айманов марқұм... соңғы жүзжылдықта өмір сүрмеген сияқты.

Сұрақ: «Асық ұтыс сықылды алыс-беріс,  
Тірі жанның қылғаны бүгін теріс», –  
деген тармақтар Абайдың қай өлеңінде еді?

\* \* \*

Біздегі көбелектей көп бозбала министрлердің кейбіреуі қоластына қызметке алар қыз-келіншектерге: «Менің саяжайыма барып, шәй-пәй ішіп келсек қайтеді?» деп желпінеді екен.

Сұрақ: «Сәйгүліктен есек озған, шортанды шабақ қылғытқан заман келеді», деген сөз қай бабамыздан қалған еді?

*Алматы. 2016 ж.*

## МАЗМҰНЫ

1. Әйгілі адамдарға қатысты.....	3
2. «Көсемдерге бағыштау» .....	16
3. Белгілілерден байғазы .....	40
4. Одан– бұдан .....	68
5. Шәлкем– шалыстарым .....	146

## Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

*Езуңді еркіне жіберсей!*

*Редакторы*

**Т. АЙТБАЙҰЛЫ**

*Беттеген*

**Д. ТАЛҒАТ**

Басуға 29.05.2017 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Шартты баспа табағы 9.  
Есептік баспа табағы 9,5. Таралымы 50 дана.

«Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganayT@mail.ru